МӘҢГІЛІК ЕЛ - ҰЛЫ МҰРАТЫМЫЗ!

Ақсу өңірі

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

Газет 1934 жылғы 1 қазаннан шығады

●№25-26 (10 229) ●28 маусым ● жұма ●2024 жыл ●aksuoniri@mail.ru

ҚАЗАҚТЫҢ ІРІЛЕРІ, АБАЙДЫҢ ІНІЛЕРІ

КИЕЛІ ЖЕР, ҚАСИЕТТІ ЕЛ ГАЗЕТІНЕ - 90 ЖЫЛ!

Бүгін "Байланыс және ақпарат қызметкерлері күні"!

ЖЕР КИЕСІЗ, СӨЗ ЖҮЙЕСІЗ БОЛМАЙДЫ

Аудан әкімі Тынышбаев Берік Тынышбайұлының мерекелік құттықтауы

Елімізде маусым айының соңғы жексенбісі Баспасөз күні ретінде аталып өтіледі. Яғни, кең байтақ еліміздегі журналистер мен баспагерлер, теледидар, радио саласында еңбек ететін, елдің жылт еткен жақсылығын, жетістігін, жаңалығын халыққа тарататын саланың мамандары өздерінің төл мерекелерін тойлайды.

Мемлекет басшысы Қасым – Жомарт Тоқаев бұқаралық ақпарат құралдарының атқарар рөліне айырықша мән береді. Олай болса елдегі саяси тұрақтылық, экономикалық өрлеу барысында журналистер қауымына жүктелер салмақ қомақты.

Біздің аудандық «Ақсу өңірі» газеті аудан айнасы ретінде ауданның әлеуметтік - экономикалық жағдайын көрсетуде аянбай жұмыс атқарып келе жатқанын білемін.

Ендеше, мерекелеріңізбен құттықтап, еңбектеріңізге жеміс, дендеріңізге саулық тілеймін.

Алғашқы санының шыққанына 90 жыл толып отырған аудандық «Ақсу өңірі» газетінің самғау кеңістігінің кең екенін, болашағы зор екенін осыдан – ақ аңғаруға болады. Ұстанымы берік, ұлағаты көрікті басылым қоғам дамуының күрделі кезеңдерінде де ақиқаттың ақ жолынан алыстамады. Бұқара халық пен билік арасындағы дәнекер болып, мыңдаған оқырмандарының мерейлі мінбесіне айналып келеді.

Иә, қазақта «жер киесіз, сөз жүйесіз болмайды» деген мәтел бар. Осы бір атадан балаға мирас болып жеткен тамаша сөздің астарына үңілсек, көп нәрсеге көз жеткіземіз. Өткен ғасырда, яғни, 1934 жылдың қараша айының алғашқы жұлдызында ақпарат айдынына желкен керіп, ойлы оқырманына жол тартқан «Ақсу өңірі» (Алғашқы Ленин жолы, Өмір нұры) газеті міне тоқсанның төріне көтерілді. Адамзат ғұмырымен өлшесек, тоқсанды алқымдаған абыз қарияның жасына жетті. Арынды Ақсудың жағаға ұрған толқынымен сабақтас басылым аудан аймағының аты алысқа кеткен үнжариясына айналды. Олай дейтін себебіміз, осынау «Ақсу өңірі» газетінде әлемге танылған қаламгерлер қолтаңба қалдырған. Тұрсынзада Есімжанов, Ораз Жұмашев, Жамау Бұхарбаев, Қанипа Бұғыбаева, Марфуға Айтқожина, Сағынболат Тінтаев, Хасен Көптілеуов, Дүйсен Мұхаметшарұлы, Берлібек Аманбаев, Тілеухан Есеболатов, Мұхаметәлі Найманханұлы, Сейдахмет Мұхаметшин, Болат Бисұлтанов, Нұрғали Омарқұлов, Қуат Қайранбаев және басқа да ақын - жазушылар мен журналистердің осы газет ұжымымен араласып өздерінің тамаша туындыларын алғаш рет «Ақсу өңірі» газетінде жариялағандарының өзі көп жағдайды аңғартып, киелі шаңырақ екендігін көрсетіп отырған жоқ па!

Қазіргі кезде аудандық газет қызметкерлері өркениеттің өнегелі істерін оқырмандар жүрегіне жеткізіп, тәуелсіздіктің тұрақты тағдырын барша жұртқа дер кезінде көрсетуі осы қаламгерлердің үлесіне тиюдің өзі үлкен мәртебе. Олай болса газеттің көз тартар ажары, өрелі ісі мен мағыналы мазмұны өзіне тән кең тынысты арнасын кеңейтіп келе жатқан 90 жылдық тарихымызды еншілеген қуаныш - бәріміздің жүрек толғантар мерекеміз. Бағдары айқын, өзекжарды айтары бар қаламгерлерге шалқар шабыт тілеймін!

Аудандық газеттің барша оқырмандарын және газет ұжымын 90 жылдық мерейлі мерекесімен шын жүректен құттықтап, аудан журналистеріне шығармашылық табыс тілеймін. Қаламдарыңыз ұшқыр, ойларыңыз ұтқыр болсын. Отбастарыңызда береке - бірлік таусылмасын.

Сіздермен бірге әлі талай асуларды алып, ел сенімін ақтармыз деген ойдамын.

ЖУРНАЛИСТИКА – зор жауапкершілікті қажет ететін кәсіп

Мәслихат төрағасы Сүлейменов Бейбіт Жаңылысұлының мерекелік құттықтауы

Аудандық мәслихат депутаттары және аппараты атынан Сіздерді «Байланыс және ақпарат қызметкерлері күні» мерекесімен құттықтаймыз!

Журналистика – қызығы мен қиындығы мол, зор жауапкершілікті қажет ететін бірегей кәсіп. Қоғамдағы болып жатқан сан түрлі оқиғалар мен адамдардың тағдыры сіздердің жұмыстарыңыздың өзегі. Халық сіздер арқылы өздері өмір сүріп жатқан орта жайлы мағұлмат алады. Сондықтан, әрдайым шынайылық пен ақиқатқа бағынатын журналистердің көтеретін жүгі де ауыр деп білеміз. Сіздер өз газеттеріңіз арқылы ауданның әлеуметтік - экономикалық дамуы бағытында атқарылып жатқан істер барысын, аудан тұрғындарының тыныс - тіршілігін, оңды істерін насихаттауда қажырлықпен және нәтижелі қызмет атқарып келесіздер. Газетіміз барлық кезеңдерде халықпен жергілікті биліктің арасындағы дәнекер болып, оқырмандардың мінбері және көмекшілері бола білуде. Аудандық мәслихат депутаттары да Сіздер арқылы өз сайлаушыларымен тұрақты байланыста болуда.

Сіздер жекелеген адамдардың тағдыры да, қоғамның рухани ахуалы да адал, шынайы журналистік сөзге байланысты екенін жақсы түсінесіздер. Сондықтан да сіздер үшін оқырмандардың алдында адал болудың жөні бөлек.

Сіздердің салмақты сөздеріңіз бен салиқалы пікірлеріңіздің арқасында халық билікке өз сөзін жеткізіп отыр және баспасөзбен тығыз байланыстың нәтижесінде атқарушы билік органдарының қызметі туралы тұрғындарға жедел және дәлелді ақпараттар жеткізіліп келеді. Сіздердің тынымсыз кәсіптеріңізге деген адалдықтарыңыз үшін зор алғысымызды білдіреміз.

Қаламдарыңызға қызықты тақырыптар ілінсін, ал сіздердің жарияланымдарыңыздағы әр сөз адамдарды жақсылық жасауға, жарық әлемді нұрландыруға жетелесін!

Кәсіптеріңізге өрлеу, шығармашылықтарыңызға сәттілік, еңбектеріңізге табыс тілейміз! Сіздерге және отбасыларыңызға табыс, бақыт тілейміз! Әр бастамаларыңыз сәттілікпен шынайы өмір айнасына айнала берсін!

Мерейлі мереке құтты болсын, ұшқыр қалам иелері! Сіздерге алдағы уақыттарда да ел игілігі үшін атқарып жатқан жұмыстарыңызда шығармашылық табысқа жете берулеріңізге тілектеспіз.

БАСПАСӨЗ - 2024

АҚСУ ӨҢІРІ

ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТІНЕ 2024 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

Ауданның тыныс - тіршілігінен құлағдар болғыңыз келсе, аудандық және ауылдық "ҚАЗПОШТА" байланыс бөлімшелеріне барып жазылыңыздар.

"АҚСУ ӨҢІРІ" газетіне 1 жылдық жазылу бағасы - 4414 теңге, 80 тиын және жарты жылға - 2207 теңге 40 тиын.

Газет индексі: 66750

БІР КҮНДЕ ӨТКЕН ҮШ МЕРЕКЕ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ - МӘРТЕБЕЛІ МІНДЕТ

Мемлекеттік қызметшінің жұмысы терең білімділік пен іскерлікті ғана емес, үлкен жауапкершілікті талап етеді. Әрбір өркениеттің өріне қадам бастаған мемлекеттің ең басты тірегі, оның идеясы мен саясатын алға апарушы мемлекеттік қызметкер болып табылады. Сондықтан да ұлт мәртебесін көтеретін, ел абыройын асқақтататын мемлекеттік қызметкер болу – мәртебелі міндет. Мемлекеттік қызметші қай кезде де биліктің биік бейнесін, іскерлік қабілетін көрсетеді.

23 маусым – мемлекеттік қызметшілер күні. Осы мерекеге орай, "Қобызшы Молықбай" атындағы мәдениет үйінде мемлекеттік қызметшілер күні зор салтанатпен аталып өтті.

Шарада аудан әкімі Тынышбаев Берік Тынышбайұлы мен аудандық мәслихат хатшысы Сүлейменов Бейбіт Жаңылысұлы құттықтау сөз сөйледі.

Өз тағдырын Сіздерге сеніп тапсырған, Сіздердің біліктік пен кәсіпқойлыққа сенім артқан азаматтарға қызмет етуден құрметті мамандық жоқ.

Халық Сіздерден адамгершілікті, патриоттық сезімді, заңдылықты бұлжытпай сақтауды күтеді. Мемлекеттік қызметкерлер жұмысының сапасына әлеуметтік және экономикалық өзгерістер, халық өмірінің деңгейі мен жалпыұлттық жобалардың жүзеге асырылуы тәуелді.

Мемлекет жоғары м а м а н д а н д ы р ы л ғ а н , ұйымдасқан, құқықтық және нәтижелі басқармасы болған жағдайда ғана табысты болып гүлденеді.

Сіздердің күш - жігерлеріңіз алдағы уақытта да ауданымыздың экономикасын дамытуды қалыптастыру мен халықтың әл - ауқатын арттыруға бағытталатынына сенімдіміз. Қызметтеріңіз бен мемлекеттік қызметке деген адалдық үшін алғыс білдіреміз!,- деп бір топ азаматтар мен азаматшаларды "Алғыс хаттармен" марапаттады.

Шараның соңы жергілікті өнерпаздардың орындауындағы концерттік бағдарламаға ұласты.

Жағымды жаңалықтар көп болсын!

АҚ ХАЛАТТЫ АБЗАЛ ЖАНДАРҒА ҚҰРМЕТ

Адам өмірінің сақшысы ақ халатты абзал жандардың алдынан өтпейтін пенде жоқ шығар. Басымыз ауырып, балтырымыз сыздаса да осы ардақты жандардан көмек сұраймыз.

Маусым айының екінші жексенбісі медицина қызметкерлерінің кәсіби мерекесі.

"Қобызшы Молықбай" атындағы мәдениет үйінде дәстүрге сай мерекелік шара ұйымдастырылды.

Мерекелік шарада аудан әкімі Тынышбаев Берік Тынышбайұлы медицина қызметкерлерін құттықтап, соңында облыс, аудан әкімінің Алғыс хаттары мен аудандық мәслихат, "AMANAT" партиясының атынан белсенді қызметкерлерді марапаттады.

Аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Амангелді Айтбаев ақсақал осы уақытқа дейін ауруханаға жатып көрмеп едім, жақында қатты науқастанып, сексеннің сеңгірінде алғаш рет дәрігерлердің көмегіне жүгіндім. Сол кезде байқадым олардың жұмысының қаншалықты ауыр екенін. Сондықтан барлық ақ

халатты абзал жандарға арнайы Алғысымды айтамын деп, соңынан ақ батасын берді.

Мерекелік шара мәдениет үйі қызметкерлерінің концерттік бағдарламасымен жалғасты.

Шара соңында барлық медицина қызметкерлері мерекелік көңіл күймен естелікке суретке түсіп, көңілді тарқасты.

Ақ халатты абзал жандарға көрсетілген бір күндік құрмет осылай аяқталды.

ТӘРТІП САҚШЫЛАРЫНЫҢ КӘСІБИ МЕРЕКЕСІ

Жоғарыда атап өткен мерекелік шаралар 23 маусым күні түске дейін бірінен соң бірі қатар өтсе, дәл осы күні түстен кейін ел тыныштығын кірпік қақпай күзетіп жүрген тәртіп сақшылары кәсіби мерекелерін атап өтті.

Қазақстан полициясының 32 жылдығына арналған мерекелік іс – шара аудандық мәдениет үйінде болды.

Мерекелік шара барысында аудан әкімі Тынышбаев Берік Тынышбайұлы полиция қызметкерлерін кәсіби мерекемен құттықтап, жылы лебізін білдірді.

Ел қорғаны, тәртіп сақшысы, еліне, жеріне адал қызмет атқарып жүрген бірқатар азаматтарды марапаттады.

Аудандық полиция бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі Әбішев Талғат Әлетайұлы да кәсіби мерекемен құттықтап, бірқатар марапаттар табыстады. Полиция қызметкері Мақсат Әлімбеков капитан шенін алса, Дина Мұратбекова аға лейтенант шенін е ие болды.

Салтанатты шара концерттік бағдарламаға ұласты. Халықтың тыныштығы мен қауіпсіздігін қорғап, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету бағытында абыройлы қызмет етіп жүрген полиция қызметкерлеріне арнап аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары өнер көрсетті.

Мәдениет ошағы халыққа

Ақын Сара мен Біржан сал айтысқан топырақта, «Ешкі өлместің» етегінде ұлттық құндылықтарымызды дәріптейтін керемет мәдени шара өтті.

Ол ұлттық құндылықтарымыздың бірі, иә, бірегейі күні кеше Көшкентал ауылындағы іргетасы 1958 - жылы қаланып, кезінде талай алқалы жиын өткен, кейіннен тозығы жетіп, көптен бері есігі жабық тұрған, қайта жөнделуін ауыл халқы ұзақ күткен мәдениет үйінің күрделі жөндеуден өтіп, халық игілігіне пайдалануға берілуі.

Мәдениет үйінің күрделі жөндеу жұмысына «Ауыл ел бесігі» бағдарламасымен 310 млн. 909,0 мың теңге бөлінді. Мемлекеттік сатып алу шарты бойынша «Молықбай Байсақұлы атындағы Ақсу аудандық мәдениет үйі» МКҚК мен «Азамат Құрылыс» ЖШС арасында 2023 жылғы 22 ақпанда келісімшарт жасалынып, құрылыс жұмысы басталған. Жұмыстың

дұрыс жүргізілуі «AMANAT» партиясының партиялық бақылауында ғана емес барлық аудан, ауыл тұрғындарының назарында болды. Бүгінгі күні күрделі жөндеу толық аяқталып, техникалық - материалдар сатып алынып, әдемі ғимарат пайдалануға берілді.

Мәдениет ошағының ашылу салтанатында аудан әкімінің орынбасары Күләйхан Дәулетбекова ауыл тұрғындарын құттықтап, мәдени шаралардың көптеп өтуіне тілектестігін білдірді. «Мемлекет тарапынан әлеуметтік салаға үлкен көңіл бөлінуде. Өткен жылы Ақсу ауылдық мәдениет үйі жөндеуден өтіп пайдалануға берілсе, биыл Есеболатов, Матай, Арасан ауылдық мәдениет үйлерінің құрылысы басталды. Сонымен қатар осы ауылдық округтегі Көшкентал орта, Көлтабан орталау мектебінің құрылысы жүргізілуде. Көшкентал орта мектебі жыл соңына дейін беріледі. Бұл өлке өнер тұнып тұрған орта, Ақын Сара Біржан сал айтысы соның дәлелі. Алдағы уақытта осы киелі жерден дарынды, өнерлі, білімді жастар көптеп шығатыны анық» - деді.

Келесі сөз кезегін алған облыстық қоғамдық кеңестің төрағасы Ерғазы Қошанбеков Ақын Сара мен Біржанның айтысы өткен қасиетті топырақта Мәдени ошақтың қайта ашылуын жақсылыққа балады. Құнарлы топырақтан әлі талай өнерпаздар шығатынына сенім білдірді.

Аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Амангелі Айтбайұлы да ақ батасын беріп, осы Мәдениет үйінің ірге көтеруіне ұйытқы болған, өмірден өтіп кеткен аға буынға бас иді.

Мәдениет үйінің лентасы қиылып, қонақтар керемет мәдениет ошағын аралап көріп, соңында аудан өнерпаздарының концертін жаңа сахнада тамашалады.

Иә, ауылдағы Мәдениет үйінде 5 үйірме жұмыс істейді екен. Келген қонақтарға қолөнер үйірмесін жүргізетін, тоқыма, шілтер, кесте тігудің шебері Майгүл Сансызбайқызы өзі жасаған және оқушылары жасаған қолөнер бұйымдарын көрсетті. Бұл да ұлтымыздың ұлттық құндалақтарын дәріптеудің бір көрінісі. Мәдени ошақтың кітапханасы уақытша басқа жерге көшірілген. Қорында 16400 кітабы бар кітапхана жарық, жылы, кебу залға қайтадан қоныс теуіпті. Шағын ауылдың тағы бір қуанышы жоғарыда айтқанымыздай осы жылы пайдалануға берілетін мектеп құрылысы. Тіпті алдымыздағы жылы берілетін Көлтабан ауылы да осы округке қарайды. Ендеше, талайдан бері осы ауылға құдайдың беті қараған сияқты.

Ойымды қорытындылай келе, бүгінгі таңда ұлтымыздың рухани байлықтарын көзіміздің қарашығындай сақтап, келешекке жеткіземіз деген мақсатпен ел болып бірлесе жұмыстар жүргізу керек деп есептеймін. Тіліміз бен діліміздің кіршіксіз күйінде болашаққа мирас етіп қалдыру үшін әрқайсысымыз тамшыдай болса да осы шалғайдағы шағын ауыл тұрғындары сияқты үлес қосуымыз керек. Сонда ғана ұлы армандарымыз орындалады деп ойлаймын.

Арнайы бетті дайындаған: Ербол СЫМХАНОВ.

Қазақ халқы – әлемдегі ең ғажап халық. Қазақты әлем халқына ғажап халық екенін танытып тұрған ол – біздің ұлттық құндылықтарымыз, салт-дәстүр, әдет-ғұрып пен мәдени мұраларымыз, біліміз және ұлттық қолөнер мен ұлттық киімдер, ұлттық тағамдар, ұлттық ойындар. «Ата салтың – халықтық қалпың» дегендей, өз ұлтымыздың қадір-қасиетін, ой-өрісін танытатын салт-дәстүрімізге, қазақтың мәртебесін көтеретін мұраларымызға құрметпен қарап, оларды қастерлеу – баршамыздың міндетіміз.

Ел ауызынан.

● ***ОЙТАМЫЗЫҚ***

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ – ТӘРБИЕ ӨЗЕГІ

Қазір біз еңсесі биік, заңы, тілі, бағыты, мақсаты айқын мемлекетпіз. Еліміздің өзіне тән белгісі, нышаны бар. Дүниежүзі қазақ елін осы нышандарымен, оюымен, домбырасымен таниды. Ұлттық мерекеміз Наурызымыз әлемдік деңгейде тойланатындығының өзі қандай мақтаныш! Қазақ халқы қарапайымдылығымен ерекше. Адалдық, аққөңілділік, адамгершілік тек қазақтардың бойынан табылатын жақсы қасиеттер.

Қазақ ежелден ырымшыл, мәдениетті, салт-дәстүрге берік, бауырына барын беріп, қызын қонағындай сыйлаған, тарихын, елін сатпаған, бүгініне шүкір етіп, ертеңіне үмітпен қараған, қонағын төрге шығарып, құшағын кең ашқан ұлы халық! Осындай ұлттық құндылықтарды сақтап қалуға, жойылып кетпеуіне біз бәріміз бірге жауаптымыз. Ұлттық құндылықтар — әрбір ұлттың болмысында ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келе жатқан адамгершілік қағидаттары. Ғасырдан - ғасырға жеткен халықтың қазынасы – тілі, діні, салт-дәстүрі, әдебиеті мен өнері ұлтымыздың рухани байлығы. Ұлттық болмыс, ұлтты құрметтеуден оның ішінде отбасы тәрбиесінен басталады. Отбасы — тәрбиенің тамаша мектебі. Үлкенді сыйлауға, ана тілін ардақтауға, салт - дәстүрімізді сақтауға тәрбиеленсек, ұшқанда да соны іліп, жүрген жерімізде сол құндылықтарды дәріптейміз.

Әкесі мен баласы, қызы мен анасы, бозбала мен бойжеткен арасындағы жарасты қарым - қатынас отбасындағы ұлттық дәстүрді берік ұстанудың бір жолы. Тіптен руға бөлініп өз ата қанының бұзылмауын қадағалаған.Ұрпағын елжанды, ұлтының ұлылығын ұлықтайтын азамат етіп тәрбиелеуде ана тілінің нәрімен сусындатып, өз мейірімін төккен. Елге қалтқысыз қызмет етуді ойлаған асыл ерлеріміз жеке басының мүддесінен халық мүддесін жоғары қойған.

Мемлекет болғасын дамуда, өзгеруде, дағдарыстардың да болып тұруы заңдылық.

Бәрі өтеді, кетеді. Алайда әр ұлтта өзіне тән жойылмайтын ұғымдар болады. Сондай ұғымдардың қатарында отбасы, тәрбие ұғымдары да бар. Олар – мәңгілік ұғымдар. Ұлтты сақтайтын да, өркендететін де ұлттық тәрбие. Ал ұлттық тәрбиенің ұстаханасы, әлбетте отбасы. Отбасындағы тәрбие ұлттық ерекшеліктерді сақтай отырып қалыптасады, әртүрлі жолдармен ұрпақтан ұрпаққа жетеді. Ұлттық құндылықтарымыздың сақталуы да, дамуы да ұрпағымызға берілетін тәлім - тәрбиемізге тікелей байланысты.

Отбасындағы дәстүрлі тәрбиені қалыптастыратын ата-ана. Ұлттық қазынамызды сақтаудағы отбасының қызметі туралы көп айтуға болады. Айтып та келеміз. Қоғам, мектеп, қоғамдық ұйымдар, бірлестіктер, орталықтар, т.б. бірігіп атқарылып жатқан шаралар қаншама… Қазақ отбасындағы жақсы жетістіктер, тәжірибелер – ұлтымыздың ортақ олжасы.

Шынымен де, біздің ұлтымыздың өзегінде ең алдымен адам тәрбиесі, әдет - ғұрпы, салт-санасы, өзге ұлтта жоқ құндылықтары бар. Бұл қазақтың қадір - қасиетінің қаншалықты тереңде, қаншалықты биікте, қаншалықты кеңістікте болғанын көрсетеді.

Ал, өзгерген әлемге сапалы адам керек. Алайда, сапалы боламыз деп көрінгенге еліктеп ұлтымызды, тарихымызды, тілімізді, салт-дәстүрімізді жоймай, ата-бабамыздың ұлттық құндылықтардан тұратын мұрасы – ұлттың қазынасын ұрпаққа үйретіп, бабалар ізін, аманатын жалғастыруға міндеттіміз.

Серікхан ЖАКУПОВ,
«AMANAT» партиясы аудандық филиалының төрағасы.

АҚСУ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

ЖОБА

Ақсу ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 11 қазандағы «Ақсу ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы» №505 Қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Ақсу ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақсу ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 11 қазандағы «Ақсу ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы» №505 Қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №24783 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы Қаулының орындалуын бақылау Ақсу ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы Қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы **Аты-жөні**

2021 жылғы 11 қазандағы
№505 Қаулысына қосымша

АҚСУ АУДАНЫНЫҢ АУМАҒЫНДА СТАЦИОНАРЛЫҚ ЕМЕС САУДА ОБЪЕКТІЛЕРІН ОРНАЛАСТЫРУ ОРЫНДАРЫ

№	Орналасу орны	Алатын алаңы (шаршы метр)	Жақын орналасқан инфрақұрылым (ұқсас тауарлар ассортименті сатылатын сауда объектілері, сондай-ақ қоғамдық тамақтану объектілері)	Қызмет саласы	Сауда қызметін жүзеге асыру кезеңі, (жыл)
1	Қапал ауылы, Аль- Фараби және М.Алыбаев көшелерінің қиылысында (оң жағында "Алатау" дүкені орналасқан)	90	«Алатау» дүкені	Бөлшек сауда (ауыл шаруашылық өнімдерін сату)	5
2	Қызылағаш ауылы, Жібек жолы көшесі №2А,	1120	жоқ	Бөлшек сауда (ауыл шаруашылық өнімдерін сату)	5
3	Қызылағаш ауылы, Жібек жолы көшесі №54, Қызылағаш су тасқыны құрбандарына арналған ескерткіштің сол жағында	2400	«Ырыс» дүкені	Бөлшек сауда (ауыл шаруашылық өнімдерін сату)	5
4	Көлтабан ауылы, Тас жол көшесі, намазхана ғимараттың оң жағында	968	жоқ	Бөлшек сауда (ауыл шаруашылық өнімдерін сату)	5

ПОСТАНОВЛЕНИЕ АКСУСКОГО РАЙОННОГО АКИМАТА

ПРОЕКТ

О внесении изменений в постановление акимата Аксуского района от 11 октября 2021 года №505 «Об определении и утверждении мест размещения нестационарных торговых объектов на территории Аксуского района»

Акимат Аксуского района **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Внести в постановление акимата Аксуского района от 11 октября 2021 года №505 «Об определении и утверждении мест размещения нестационарных торговых объектов на территории Аксуского района» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под №24783) следующие изменения:

приложение к указанному постановлению изложить в новой редакции согласно приложению к настоящему постановлению.

2. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима Аксуского района.

3. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Должность **ФИО**

Приложение к постановлению
от 11 октября 2021 года №505

МЕСТА РАЗМЕЩЕНИЯ НЕСТАЦИОНАРНЫХ ТОРГОВЫХ ОБЪЕКТОВ НА ТЕРРИТОРИИ АКСУСКОГО РАЙОНА

№	Месторасположение	Занимаемая площадь (квадратный метр)	Близлежащая инфраструктура (торговые объекты, в которых реализуется схожий ассортимент товаров, а также объекты общественного питания)	Сфера деятельности	Период осуществления торговой деятельности, (лет)
1	Село Капал, на пересечении улиц Аль-Фараби и М. Алыбаева (с правой стороны расположен магазин «Алатау»	90	Магазин «Алатау»	Розничная торговля (реализация сельскохозяйственной продукции)	5
2	Село Кызылагаш, улица Жібек жолы №2А вдоль ограждения парка	1120	нет	Розничная торговля (реализация сельскохозяйственной продукции)	5
3	Село Кызылагаш, улица Жібек жолы №54 с левой стороны памятника жертвам Кызылагашского наводнения	2400	Магазин «Ырыс»	Розничная торговля (реализация сельскохозяйственной продукции)	5
4	Село Колтабан, улица Тасжол, с правой стороны здания комнаты для молитв	968	нет	Розничная торговля (реализация сельскохозяйственной продукции)	5

"АҚСУ ӨҢІРІ" ГАЗЕТІНЕ - 90 ЖЫЛ!

МЕНІҢ ҚАЛАМДАСТАРЫМ

1966 жылғы желтоқсан айының соңғы күндері болатын. Әскер қатарында болып, азаматтық борышын өтеп қайтқан бір топ жігіттер аудан орталығы - Жансүгіровтегі әскери комиссариаттың алдында кездесе кеттік. Оншақты бармыз. Шаймұрат Жабықбаев, Қырықбай Орысбаев және мен, үшеумізде Сібірдегі Краснояр қаласындағы бір әскери бөлімде болғанбыз. Бізден басқа Әлібек, Досан тағы басқа мен танымайтын басқа ауылдың балалары. Бәрімізде әскери есепке тұруға келгендерміз. Хал - жай сұрасқаннан кейін Шаймұрат аузы бұртиып:

- Милицияға жұмысқа барасың,- дейді, мен жаңа кіріп шықтым,- деп иегімен әскери комиссариаттың барақ жобалы ұзын үйінің есік жағын нұсқады.Соңынан келген мен:

- Неге? – дедім.

- Милицияның қатарын нығайту қажет,- дейді,- әсіресе, біз сияқты әскери бөлімдерде болғандарды іріктеп жатқан түрі бар. Мына Қырықбай мүлде қашып құтыла алмайды,- дегені сөзінің соңында Шаймұратым. Қырықбайда әлі ішке кіре қоймаса керек, аузын ашып Шәкеңе қарады.

- Сен партия мүшесісің. Партияның солдаты – партия қайда жұмсаса сонда барасың. Милицияға бар десе, сонда барасың, - деп Шәкетайым қарап тұр. Шаймұратты Шәкетай дейтінбіз.

- Мен ауылда өстім, агроном болғым келеді. Бұл Қырықбайдың сөзі. Мен де ойланып қалдым. Мектепте жүргенде өлең жазып, кластағы қабырға газетінің редакторы болып жүруші едім. Мектепті бірге бітірген 24 баланың бәрі менің тағдырымды өздерінше шешіп қойған. Сен журналист боласың дейтін. Маған осы ой келді.

- Сен не ойлап кеттің, милиция боласың ба?-деді Шаймұрат.

- Жоқ. Журналист боласын.

- Мен тарихты жақсы оқығам. Мұғалім болғым келеді. ҚАЗПИ-дің тарих факультетіне баратын. Сен ҚАЗГУ-дің журфагіне, ал, Қырқбай СХИ-ға барады,- деп, сол жерде Шәкең тағдырымызды кесіп - пішіп берді. Сол бетімізбен әскери комиссариаттың тіркеу бөліміне кірдік.

Бір есікке кіргізді, оншақты адам бармыз. Негізінен ішкі әскерде болғандар мен біз сияқтылар 2-3 еді әскери форманы тастап, жәй киім киген. Бір капитанмен неде болса комсомол комитетінен болу керек, ерекше пысық, шақылдап тұрған қараторы қыз келіп, үстел маңына жайғасты. Екеуі үгіт насихатын жүргізді – ай келіп. Аудандық милициядан бір капитан келді. Енді үшеулеп әңгімеге кіріссін бүгінгі таңдағы милиция қызметінің мәні мен маңызы. Халықтың ұйқысы тыныш болса, еңбек өнімді болады. Социалистік заңдылық. Әр азаматтың правалары мен міндеттері. Біз сияқты ер азаматтар қоғамдық тәртіпті сақтауда алдыңғы сапта болуымыз қажеттігін т.т.с талап әңгімені «Ұйып» тыңдап, бас шұлғып отырмыз. Екі-үш жігіт полицияға жұмысқа тұруға қолма - қол келісім берді. Олар сырттай заң техникумында, не милиция мектебінде оқуларына болады екен.

- Милицияға қазір орналаспасаңдар, арнаулы милиция мектептеріне жіберейік, офицер болып шығасыңдар,- деген ұсыныс айтылды. Қасарысып міз бақпадық. Бес - алтауымызға бір жеті ойланып - толғанды рұқсат етті.

Ол кезде қазіргі Жидебаев көшесі мен Тәуелсіздік көшесінің қиылысында асхана бар болатын. Әлгіндегі үшеуіміз сонда беталдық. Милицияның оқуына баруға келісім беретін болып келістік. Несі бар, әскери тәртіп, оны көрмеппіз бе, тамақ, киім, жатын орын тегін. Оның үстіне степендиясы тағы бар. Қабырғамызбен кеңесіп, келер аптаның сәрсенбісінде осы жерде кездеспек болып, ауылымызға тарттық.

Милицияға жұмысқа тұрудың да оқуына барудың да машақаты көп екен. Бәленбай қағаз толтыру керек. Бірнеше размерлі суретіне түсу керек. Ең қиыны, әрі ұзағы дәрігерлік комиссиядан өту қажет.

Үшеумізде әскерден жаңа келгенбіз, бірер айдай демалып, ақпан айының ортасында аудандық милицияның бастығына келетін болдық. «Туған ай тураған етпен тең» дейді қазақ. Бізге демалуға берген бір айда өте шықты. Милиция бөлімі бастығының кабинетіндеміз. Бастықтың аты-жөні капитан Шүйінішқалиев. Түсіндіріп жатыр. Молалыдан пойызға отырып, 2-Алматыдан түседі екенбіз. 1-ші Алматыдантүсуге болмайды. Ешқайсымыз Алматыны көрмегенбіз. Алматың не жалпы қала дегеннің не екенін білеме екенбіз. Әскерде қалын орманның арасында болғанбыз. Пойыздан түскен соң 4-троллейбуспен жүріп отырып «Шевченко» дегенаялдамадан түсіп, оңға қарай бір квартал жүрген соң облыстық ішкі істер басқармасын тауып алуға болады. (Ол кезде облыс орталығы Алматы болатын). Онда екінші қабатқа көтеріліп, 21-кабинетке баруымыз керек екен. Бәрін миымызға құйып алдық.

Пойызға да отырдық. 2-ші Алматыға да жеттік. 4-ші троллейбусты да таптық. Келе жатырмыз. Шевченкасы кай жерде.

- Сен комуниссің, әрі офицерсің, шопырдан сұра дейміз Қырықбайға. (Ол әскерде жүріп партияға өткен, әрі кіші командирлер курсын бітіріп, кіші лейтенант шенін алған). Сұрадық. – Я скажу, - деді шопыр. Аялдамадан түсіп басқарманы да қиналмай таптық. 2-қабаттағы 21-кабинетте оңай табылды. Иығында лейтенант погоны бар жап жас қазақ жігіті, ары кетсе 30-да, жылы қабылдап, айтып жатыр. Дәрігерлік тексеру бір айға созылар, жаңадан қабылдап жатқан адам көп. Оқу орыс тілінде, КПСС тарихы, саяси экономия сияқты пәндермен бірге, Совет және мемлекет құрылысы, қылмыстық, әкімшілік, азаматтық тағы толып жатқан праволар, арнаулы оперативтік пәндер жүреді. Казармалық жағыдай, әскери тәртіп. Милиция лейтенанты атағын алып шығасындар. Мамандық-заңгер, инспектор, тергеуші боласындар. Ал емтихан қиын. Тарихтанауызша, орыс тілінен жазбаша тағы бірер пән бар. Диктант та ауызша да орыс тілінде.

Мәссаған безгендей, дедік іштей. Себебі, Үшеуміз де мектепті қазақша бітіргенбіз. Одан бері 4-5 жыл өтіп те кеткен.

Ол жерде мені қатты састырған әңгіме болды. Үшеуміз де дәрігерлік тексеруден аман-есен өткен соң, 21-ші кабинеткеқайта келдік қой. Денсаулығымыз темірдей екенін айтып, мақтап қойған лейтенант Қырықбай мен Шаймұратқа Алматы милиция мектебіне, мені Рязанв Қаласындағы ішкі әскерлер мектебіне жібереміз дегені. Мына екеуінен ажырасам далада қалатындай болып, азарда безер болдым. Былай да 3 жыл қазақ сөзін естігем жоқ. Бармаймын Рязаньға.

- Оны бітірсең, мүмкін Москвада жұмыс істейсің, - дейді лейтенантым.

- Керегі жоқ, осында қаламын, - деймін мен.

- Ол жерде оқысаң болашағың үлкен, - дейді ол. Мен ат-тонымды ала қаштым. Алматыдан кетпеймін деймін. Қойшы үшеуміз де Алматы арнаулы милиция мектебіне түсу үшін емтихан тапсыратын болдық. Бір жақсысы кітапхана бар, кітап бар. Әскери шатырда тұрамыз. Тамақ тегін. Оқы, жат, дайындал, жарты ай уақыт. Оқыдық, дайындалдық. Емтиханды да тапсырдық. Курсанттық 2 жылдан сәл астам уақыт зыр ете түсті.

Қырықбай Алматыда темір жол бойына инспектор болып орналасыпты. Шаймұрат Ақсу, мен Сарқан ауданына тергеуші болдым.

Сарқанда екі жылдай болған соң кәрі әке-шешемнің ауру-сырқаулығына байланысты Ақсу ауданына ауыстым. Ақыр аяғы әртүрлі себептермен жетпіс төрттің ішінде милициядағы қызметті тастауға тура келді.

Ол кезде жұмыссыз қалмайсың. Дипломың болса тіпті жақсы. Заңгер деген диплом бар. Оншақты күннен кейін аудандық сотқа келдім. Қанат аға Сүлейменовты Сарқаннан білгем.

- Ой,Тілеухан кел, екі жетіден кейін сот орындаушының штаты болады. Еңбекақысы бәленбай сом. Келістік пе. Келістік.

Оншақты күн өтті. Аудандық партия комитетіне, кадр бөліміне шақырады. Партияда шақырып, мені қайтеді деп ойлай-ойлай онда бардым. Ол жерде танымайтыным нұсқаушы болып істейтін Жеңіс Сахметов деген жігіт бар еді, соған кірдім.

- Кадр бөлімінің бастығы Самихов Мұқатай есік ашық деп көрсетіп жіберді. Ақырындап есік қақтым.

- Да,- да деп гүж ете түсті. Жасқана басып кірдім. Орындықты көрсетті. Гүж етсе еткендей екен, жуан мойын, жалпақ бет, біршама толық жігіт ағасы екен.

Тілеухан, сен заңгер екенсің ғой, (қайдан біліп алғанына таңым бар), иә дедім.- қазір боссың.- ия,- дедім тағы. Бізге ауыл шаруашылығы басқармасына заңгер қажет. Мына жолдаманы алып, басқарма бастығы Әсімхановқа бар. Жағдаймен сол таныстырады.

Алдым. Әсімханов жоқ екен, заңгерлер отыратын кабинетке кіріп жағдайды сұрадым. Еңбекаһысы аздау көрінді. Сот орындаушысымен қарайлас. Қой Қанат ағама барайын, қанша айтқанмен ауылшаруашылығынан төрі соттағы жұмыс біршама таныс қой деген ойімен аудандық сотқа келсем, хатшы қыз судьяның ертең ғана болатынын айтты. Ертең соғармын деп, сыртқа шықсам, қолтығында бір құшақ газет-журналы бар Хасен ағамыз жолыға кетті. Хасен Көптілеуовтың аудандық «Өмір нұры» газетінде редакторының орынбасары екенін білемін.

Осы жерде біраз шегініс жасауға тура келеді. Әңгіменің басында оқушы отыратын кабинетке кіріп жағдайды сұрадым. Еңбекаһысы аздау көрінді. Сот орындаушысымен қарайлас. Қой Қанат ағама барайын, қанша айтқанмен ауылшаруашылығынан төрі соттағы жұмыс біршама таныс қой деген ойімен аудандық сотқа келсем, хатшы қыз судьяның ертең ғана болатынын айтты. Ертең соғармын деп, сыртқа шықсам, қолтығында бір құшақ газет-журналы бар Хасен ағамыз жолыға кетті. Хасен Көптілеуовтың аудандық «Өмір нұры» газетінде редакторының орынбасары екенін білемін.

Осы жерде біраз шегініс жасауға тура келеді. Әңгіменің басында оқушы кезімде класс қабырға газетін шығарып,ептеп өлең жазатынымды айтқанмын. Аудандық газетке алғашқы хабарым шыққанда дүниеде менен бақытты адам жоқтай әсерде болғаным бар. Ол кезде аудандық газет «Ленин жолы» деп аталатын. Қателеспесем 60-шы жылы өзіммен бірге оқитын оқушының үлгілі тәртібі, үздік оқушылар, нашар оқитын оқушыларға көмектесетіні туралы 25 жол мақала жазып, редакцияға апарыпберген едім. Ол кезде аудан орталығы Ақсуда. Мектеп пен редакция арасы жақын болатын.

- Енді үш күннен кейін кел, мақалаң шыққан газетті беремін,- деді ақ шашты ағай. Айтқан күні барсам, газетті дайындап қойыпты. Соңғы бетте төменгі жағында «Үлгілі оқушы» деген мақала, авторы дәл менім аты-жөнім. «Рахмет» деуді де ұмытып, далаға атыпшықтым... Дүние мұндай әсем болар ма, күн де ерекше күлімдеп тұрғандай. Көшедегі елдің бәрі маған күлімсіреп қарай ма. Онда Онда интернатқа жақын оқимын. Бөлмедегі балалардың бәрі маған дегенде жылы шырай мен қарап, ілтипат білдіретін сияқты. Мектепте де сондай әсерде болдым. Бірақ, ешкім маған мақалаң шығыпты ғой, жарайсың деген жоқ еді сол жолы. Әскерде жүргенде 2-3 рет сағынышқа толы өлеңдер жібердім. Соңғы бірі 23 ақпанға қарсы шығыпты. «Солдат сағынышы» деп аталатын. 23 ақпан ол кезде «СоветАрмиясы мен Әскери-теңіз флоты» күні ретінде үлкен мереке болатын. Сол Өлеңнің алғашқы шумағы былай еді:

Таңғы арай, нұр айдынға
Жатыр қала малынып.
Әлден қалқам мұңайдың ба,
Мені ойлап сағынып.

Милицияда қызметте жүргенде де газеттен қол үзгем жоқ. Айына бір, екі рет болса да милиция қызметінде кездесіп тұратын оқиғалар туралы жазып тұратынмын.

Сонымен Хасен ағамен кездесе кетіп, хал-жай сұрасқаннан кейін ол менен:- Сотта неғып жүрсің?-дегеннен. Жағдайымды айттым. Екі-үш жерде қызмет ұсынылып тұр, ақшалары аздау деген ойымды білдірдім.

Ақшалары қанша деп сұрап алды да, сен редакцияға келсеңші бос орын бар, ақшасы да мыналардан көбірек деді.

Сөйтіп ертеңінде «Өмір нұрының» редакциясына келдім.

Хасекең газет тігінділерін қара, хабар, мақала, репортаж т.б. қалай жазылатынын көр деп, бір-екі тапсырма берді. Төрт-бес күн редакция қызметкерлерімен бірге ертеңгісін жұмысқа келіп, кешке қайтып жүрдім. Үш-төрт күн қаламын жаттықсын деген Хасекең жұмысқа алу туралы сөз қозғамады. Редакциядағы танитын адамның Нұрғали Омарқұлов болатын. Сол бір түні: Тілеухан,- деді маған, Хасекең жұмысқа қабылдай алмайды. Енді бір жетіден кейін 1-ші қыркүйекте редақторымыз Майнұр апай келеді, ол кісі демалыста. Бекер жүре бермей, сол кезде кел, деп кеңес берді.

Бірінші қыркүйекте редакцияға барудың реті келмеді. «Билет қалтада, пойыз қайда келеді» депті ғой баяғыда біреу, сол сияқты орын бар деді ғой, ертең-ақ барармын деп өзімді өзім жұбатып қойдым. Екінші қыркүйекте тура ертеңгі сағат тоғызда редакцияға келдім. Қасиетті қара шаңырақтың табалдырығынан жүрегім лүпілдеп аттадым. Екі қабатты үйдің асты баспахана, үстіңгі қабаты редакция. Баспалдақпен көтерілгенде тура алдында қабылдау бөлмесі. Есігі ашық екен. Машинка жанында ешкім жоқ. Редактордың кабинетінің де есігі ашық. Жиналыс өтіп жатқан тәрізді. Басбағып тыңдап тұрмын. Неде болса редактор болу керек: - Ей сендердің әлгі Есеболатовтарың қайда, Шәңкетовтерің қайда?- деді. -Кеп қалар,- деп жауап берді біреу. Кешікпей-ақ жиналыс аяқталса керек, ел сау етіп шыға келді. Нұрғали мені көре салып: Жүр, жүр апай іздеп жатыр,- деп жетектей апайдың алдына алып барды.

- Есеболатов деген мына жігіт, оншақты жылдан бері газетке қатысып тұрады,- деп таныстырып жатыр. Редактор менің тұрмыстық тәлім, білімім, еңбек жолым туралы сұрап алды да, Нұрғалиға: Хасенды шақыршы,-деді. Хасекең де соны тосып тұрғандай кіріп келді.

- Хасен, Тілеухан сенің жаныңда болсын, жастар бөлімін жүргізеді деп тапсырды. Сөйтіп, жетпіс төрттің екінші қыркүйегінен бастап журналист деген атқа ие болып, жұмысқа кірістім.

Өзім жұмысқа кіріскен кездегі редакция қызметкерлерімен таныстырып өткенім жөн шығар. Редакторымыз Майнұр апай Қоңырбаева сол кезде жасы елуден асқан, әр істі ойланып барып шешетін байсалды, мейірбан жан екен. Жасы жағынан бәрімізден үлкен болғандықтан да шығар біздің кемшіліктерімізгекешіріммен қарай білетін. Ол кісі 1940 жылы Қапалдағы педучилищені бітіріп, Арасан орта мектебінде мұғалім болады. Ал, 1942 - 43 оқу жылында аудандық оқу бөлімінің жарлығымен Қоңыр орта мектебіне директорлық қызметке ауыстырылды. Бұл нағыз соғыстыңқызып тұрған шағы еді. Ер азаматтардың бәрі майданға кеткен. Ауылдағы жұмыстың бар ауыртпалығы қарттар мен балалардың, әйелдердің мойнына түскен кез еді. Уақытпен санау деген жоқ. Таңнын атысы, күннің батысы демей жұмыс жүріп жататын. Мектеп директорының атқарар қоғамдық жұмыстары өмірі таусылмайтын шексіз бір дүние сияқты еді. Майдандағы жауынгерлерге жылы киім тасылу үшін арнаулы комиссия уйымдастырылған. Соны басқару жас директорға жүктелген екен. Оның үстіне еңбекшілерді майдандағы жағдаймен таныстырып отыру, сол арқылы еңбекке жұмылдыру керек. Бұл қоғамдық жұмысты үгітшілер атқарады. Бұл топтың жұмысын ұйымдастыру да Майнұр апайға жүктеліпті. Мектепте мұғалімдер де жетіспейді Көбі кеше ғана мектеп бітірген қыздар. Сондықтан түске дейін мектепте оқушыларға сабақ берсе, түстен кейін салт атпен егін басына сауыншылыр арасына беталатын. Егін орып жүрген әйелдер мен қарттар. Салт атпен келе жатқан үгітші Майнұрды көрісімен баулап тастаған астықтың жанына жиналып, бүгін қандай хабарың бар деп жамырай амандасады екен. Халжай сұрасып, газеттегі информбюроның хабарымен таныстыру ең негізгі міндет. Ел бұл хабарды асыға тосады. Майданда не болып жатыр, кері шегіну бар ма, алға жылжу бар ма, олар үшін бәрі маңызды. Алдында отырған ақжаулықты әйелдер мен балалар, қариялардың бәрінің де бір-бір адамы, кейбірінің екі, тіпті үш адамы соғыста. Майдан хабары сондықтанда олар үшін өте қажет. Соғыс ауыртпалығын солардың бәрі жақсы түсінеді. Сондықтан аянбай еңбек етіп, астықты ткпей-шашпай жинап алалық, әр дән жауғы айтылған біроқпен тең дейді үгітшілер егіс басында. Ымырт жабыла ауылға оралған қыз-келіншектер түннің бір уағына дейін сығырайған май шамның жарығымен әскерге жылы киім, шұлық, қолқап тоқиды. Осы қолғап-

"АҚСУ ӨҢІРІ" ГАЗЕТІНЕ - 90 ЖЫЛ!

МЕНІҢ ҚАЛАМДАСТАРЫМ

шұлық, басқа да жылы киімдерді әр апта сайын ауылдық кеңестің хатшысы Бисара Жәнібекова санап тұрып өткізіп беру осы жап-жас директордың міндеті болған екен.

Күндіз оқушыларға сабақ берген мұғалімдер түнгі кезекте жұмысқа шығады. Директор оларға да бас-көз болу керек. Комбайынға лақтырып бидай бастырады. Бастырылған астық өгіз арбамен сонау қиырдағы Молалыға тасылады. Оны тасушылар да әйелдер мен бала-шаға. Майнұр апамыз анда-санда осындай әңгімелер қозғалғанда Гүлшары, жаман, Күлсім, Күлия деген әйелдердің аттарын қайталап айтып отыратын. Соғыс жылдарында сол әйелдердің әрқайсысы 2-3 адамның жұмысын атқарушы еді деп еске аламын.

1945 жылдың қаңтарында Алматыдағы қысқа мерзімді курсты бітірген Майнұр Қоңырбаева Қапал аудандық газетіне редактор болып тағайымдалды. Газет жұмысын оған дейін аупартомның үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі Айтмұхамбет Байтуғанов басқарып келіпті. Ол кісі журналист, әрі ақындығы да бар екен. Алғашқы кезде жас редакторға үлкен көмек көрсетсе керек. Редакция аппаратында редактордан басқа Шәкен Тынышбаева деген қыз жауапты хатшы. Ол кезде әр әріп қолмен теріледі. Өте қиын, төзімділікті қажет ететін жұмыс. Газетті басу да қол аяқпен атқарылады. Сөйтіп екі-ақ адам газет шығарған екен. Әрине наборға берілетін мақалалар да қолжазба күйінде. Не журналистер, не баспагерлер жетіспеген сол жылдары, баспахана жабдықтарының жетіспеуінен қарамастан газет шығып тұрған. Нағыз еңбек деп соны айту керек шығар. Әрине бұл, әр адамның бойындағы намыс атына байланысты шығар.

Майнұр апай «Ақсу аудандық Құрметті азаматы», Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, «Халық ағарту ісінің озық қызметкері», соғыс кезінде алған «Еңбектегі ерлігі үшін» медалі бастаған оннан астам медальдің, көптеген құрмет граматаларының иегері. Капалдан кейін Алакөл ауданында аудандық газетте редактор болып жүргенінде Москвадан «Комсомольская правда» газетінің тілшісі келіп, Алакөл жақты аралап қайтады. Сол аудандық газеттің жағдайымен де танысқан ол, жас редактордың қаншама қиындықтарға қарамай атқарып жатқан жұмысына риза болып, Майнұр апамыз туралы одақтық жастар газетінің тұтас етегін ойып жатқан очерк жазған екен. Осы очеркті 1978 жылы 21 маусымда аудандық партия комитетінің І-хатшысы Ғалым Тұрғамбаев деген абзал азамат Майнур Қоңырбаеваның зейнет демалысын шығуына байланысты салтанатты жиында көпшіліктің алдында оқып берген еді. Сол сәтте гу-гу еткен зал ішіндегілер бразға дейін қол шщапалақтап түрегеп тұрып алғаны есімде қалыпты.

Ол кісі Ақсу аудандық газетіне екі рет редактор болды. Алғашында 1963 жылы 22 мамырдан 65-ші жылғы маусым айына дейін,содан кейін 8-9 жылдай аупорткомның үшінші хатшысы болып істейді де 1973-ші жылғы 14-желтоқсаннан жоғарыда айтқанымдай 78-ші жылғы 21 маусымғы, яғни жасына байланысты зейнет демалысына шыққанша редактор болды. Қазақстан Республикасына еңбек сіңген зейнеткер атанды.

Өмір жолында кілең басшы қызметте істеген, оның үстінде 8-9 жыл аупартком хатшысы болған редакторының тілшілерді қиянатқа бермеуге тырысатын. Ол кезде «Сын-болсын, сыншын болсын» деген принцип. Шаруашылықтардың кейбір азулы директорлары газеттегі сынды жоққа шығаруға тырысса, үлкенмен де, кішімен де тіл табыса білетін редактор ондайлардың бетін қайтарып, сынның әділ, дұрыс жазылғанын мойындатып тынатын. Мейірбан жүректі редактор, нәзік жүректі ана 2006 жылы күзде қайтыс болды. Марқұмның топырағы торқа, жаны жәннатта болсын.

Редактордың орынбасары Хасен Көптілеуов кеңседе біраз отырса іші пысып кететін керемет ұшқалақ, өте жеңілтек адам екен. Денесінің ірі, әрі біршама толықтығына қарамастан бір кіріп, бір шығып, есікке тыныш бермейді. «Ах, Тілеухан, мен кәзір келемін, делегейім ілулі тұрады» деп бірер сағаттай жоғалып кетеді. Анда-санда кабинеттердің есігін ашып, кім орнында, кім жоқ дегендей редактор апай тексеріп өтетіні бар еді. Біздің есікті ашып «Хасен қайда»- дейді, «осында жүр ғой» деймін мен делегейін меңзеп, «Е, бас киімі осында тұрса, Хасен алысқа кетпегені»- деп апайымыз есікті жауып кетеді.

Хасекең іс-сапарға жиі-жиі шығатын. Негізінен жинайтын материалы партия, совет, кәсіподақ, халықтық бақылау, әйелдер кеңесі, ақсақалдар алқасының жұмыстары туралы. Жастар ұйымы, праволық насихат менім мойнымда. Ауылдарды аралап қайтқан сайын құшақ-құшақ мақала алып келіп, мәшинкенің жанына барып «Ах» деп қойып «диктовтіге» отырады. Әр хабарды саусағымды жаралап, қайта-қайта көшіріп отырған маған қораздана қарап, мен сияқты болу керек дегендей қылық танытады. Онысын кейде ашық айтып та қояды. Сондай бір кезде редакцияның жауапты хатшысы Жақан Қолдабаев: Хасеке, көп лепіре бермеңіз, Тілеухан да бірер жылда «диктовкіге» отырар деп, «кхе, кхелеп» күліп коятын. Сол кезде Хасекең әлі 40-қа тола қоймаған жігіт ағасы екен.

Хасекең еңбек жолын 1957 жылы «Ленин жолы» газетінде корректорлықтан бастаған екен. Содан 59-61 жылдарда кітапханада, ал 1961-ден 67 жылғы маусымға дейін Қызылорақ орта мектебінде әдебиет пәнінің мұғалімі болған. 1964 жылы ҚАЗМУ-дің журфагін бітірген. Ол кезде журналист мамандар тапшы. Жоғары білімді журналистің мектепте жүргенін естіген аупартком шақырып алып, қолына жолдама беріп, редакцияға ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі етіп жібереді. Бұл 1967 жылдың маусым айының 20-ы болатын. Сол күннен бастап Хасен ағамыздың 35 жылғы сызылған журналистік өмірі басталыпты.

Ақсу. Сарқан ауданының газетінде әртүрлі қызмет атқара жүріп ол Қазақстан журналистер одағының VI-сьезіне делегат болып сайланды. «Еңбектегі ерлігі үшін», «Еңбек ардагері» медальдарымен марапатталды. Облыстық, аудандық партия комитеті мен депутаттары аудандық атқару комитетінің Мақтау Громаталарына сан рет ие болды. 1986 жылы «Бәйтерек», 2004 жылы «Биік тұлға», 2009-да «Сырласу» деген кітаптары жарық көрді. 23 жыл бойы аудандық газетте бастауыш партия ұйымын басқарды. К. Қазыбаев атындағы шығармашылық сыйлықтың лауреаты атанды. Есімі Ақсу ауданының «Құрмет кітабына» жазылған. Ағамыздың 60-қа келгенде ақындық дарыны оянып, өлең жаза бастады. Кейде өзі әңгіме айта отырып, «Екі повесть, 12 әңгіме, екі поэма, 500 өлең, 320 очерк, 2400 мақала» жаздым дейтіні бар. Сонда біз «Хасеке, басқаңыз басқа мақалаңыз тура 2400 емес шығар» дейміз. Сонда ол: - Сенбесеңдер санап алыңдар,- дейді ең болмаса жымыймастан.

Хасен Көптілеуов 2005-тен бері зейнет демалысында, бала-шағаның, немерелерінің ортасында. Алтын жеңгей (әйелі) шәйін дәмдеп қойып, Хасекеңнін қас-қабағына қарауда. Жыл сайын 14 сәуірде ол кісіге телефон шалып, туған күнімен құттықтап қоямын. Амандық болса биыл да телефон шалармын. Биыл ол кісі 77-ге толады. Иә, Шерағаң айтпақшы, бұл да бір кем дүние.

Жауапты хатшы Жақан Қолдасбаевтың есімі газет тарихында 1963 жылғы 26 наурыздан аталады. 1962 жылы газеттер біріктіріліп Сарқанға шығарылып, одан қайта аудандық газеттер шығатын болып, қайта Ақсуға келген кезде редакторының міндетін уақытша атқаруды Тұрсынзада Есімжановқа жүктепті. Ол 26-наурыздағы бұйрығымен С.Мұхаметшинді ауылшаруашылығы бөліміне меңгеруші, С.Тінтаевты фото тілші, Ш.Бодаубаеваны мәшинкеші, ал, Жақанды корректорлыққа жұмысқа қабылдапты.

Жақан жоғарі білім алмаған, практик еді. Бірақ өзі ізденіп көп оқитын. Білмейтіні жоқ. Тура тірі энциклопедия десе де болғандай. Біздің кез келгеніміз түсінбеген термин, бұрын кездестірмеген сөз, кез келген өнер туындысы, әлемдік деңгейдегі есімі әйгілі аудандар, қысқасы түсінбеген не нәрсеңіз болса да Жақанға айтсаңыз: «Кхе, кхе, ол блай гой» деп алып, тәппіштеп, құлағыңа құйып береді. Мен жұмысқа қабылданған күні бір он бес минуттан кейін есікті ашып, бір ақ бас жігіт ағасы: «Кхе, кхе, жаңадан қабылданған мына жігіт екен ғой»- деп кеткен. Хасекең: Жақан Қолдасбаев деген жауапты хатшы, әрі тірі энциклопедиямыз,- дегенде оған аса мән бермей тек, «Кхе, кхесі» ғана есімде сақталып қалып еді. Сол Жақаң мен де талай дәмдес болып, 1996 жылы ол зейнет демалысына кеткенше бірге жұмыс істедік. Марқұм, 2000 жылы о дүниелік болды.

Мен келген жылы редакциядағы ауыл шаруашылығы бөлімін басқаратын Нұрғали Өмірқұлов еді. Ол редакцияға 1963 жылғы қарашада корректор болып қабылданған. Былайша айтқанда Қоңырбаеваның кадры. Нүкең очерк жазудың нағыз майталманы. Ауылшаруашылығындағы озат шопан, жүлдегер жылқышы, ерінбейтін сиыршы, саусағынан бал тамған сауыншы, жасыл алқаптың бапкері қызылшашы, бесаспап механизатор, қойшы, шаруашылықтың кез келген саласындағы озат туралы құлашқұлаш очерктер жазбаса, оған ас батпайтын сияқты. Шынын айту керек, очерктер мен суреттеме репортаж жазуды содан үйрендім десем, көп қателеспегенім.

Бір қызығы Нұрғали қай мамандық туралы қалай сілтемесін, өзі сол кейіпкерімен бірге жүріп, бірге тұрғандай, сол сомада бәленбай жыл еңбек етіп, мол тәжірибе жинаған адамдай майын тамыза отырып суреттеп, мағыналы, танымдық мәні үлкен, үйреніп, күнделікті іс барысында қолдануға болатындай етіп жазады ғой, ширкінің.

Ол сол жылы-ақ облыстық газетке ауысып, Ақсу-Сарқан аудандары бойынша меншікті тілші болып орналасты. Кейін бөлім редакторы болды. Бала-шағалы, немере сүйді. Сонда жүріп зейнеткерлікке шықты. Марқұм, жақсы адам еді.

Ауылшаруашылық бөліміндегі әдеби қызметкер, яғни, тілші Жамау Бахарбаев еді. Ол газет жұмысына редактор Майтжановтың тұсында 1972 жылғы 20 наурызда қабылданған екен. Сол кезде 25 жастағы жігіт, жанып тұрған от. Ойы да, әрбір іс-әрекеті де тұрған бойы да лапылдап тұрған жалын. Қара сөзге де қамшы салдырмас шебер, ал, өлеңдері өткір, әр сөзі алмастай орып түсетін еді. Жамаудың университетте бірге оқыған досы туралы былай тебіренеді: «Ал, мынау табиғаттың мың сан құбылысы жамау ақынның өмірден озар шағындағы қыс айының соңғы күндеріндегі көріністерінің бірі еді. Марқұм Жамау оны сезді ме, сезбеді ме, әлде «жағымпаздық» өмірден жалықты ма, әлде осынау қар басқан әппақ дүниеде ары таза аппақ пері қыздары бар екенін білді ме? Әлде ой, сана сезімі көндірді ме, кім білсін «Пері қызына хат» деген өлеңді бастап кеткенін байқамай да қалды.

Ақ қағазға ақ маржандай өлең жолдары тізбектеліп түсіп жатты. Ақын ауыр күрсінді.

Ақтық тілек албарынған соңғы үміт,
Тіл күрмеліп, шықпай қалды-ау сыртыма,
Кетем енді, жетем енді болдырып,
Жер астына, бағзы заман жұртына...

...Неге екенін білмейді, қу мекиен далада жалғыздан жалғыз қалғысы, мәңгі суық, шексіздікке, шетсіздікке, алдағы күні беймәлім бозаң жолға көз жұмып тартып кеткісі келгендей...

Жасқанатын түгі де жоқ түнектің,
Бар дейді ғой жәннат ауыл, онда да ел.
Сөлсіз ағып түсер жері Жүректің,
Жұмақ білем, Пері болсаң сонда кел...

Неткен ызғар шашып тұрған өлең жолдары еді.

Міне, алмастай өткір трагедиялық өлең деген осындай-ақ болар. Ақын Жамаудың тілі осындай еді. Шіркін бұл дүниеге симай кетті. Дүниеден ерте озды.

Бұқарамен жұмыс және хат бөлімі аталатын бөлім бар. Бұл жерде Берлібек Аманбаев отырады екен. Біз оны Бекен дейтінбіз. Мұрағаттағы бұйрыққа жүгінсек ол алғаш рет 1972 жылы 1 маусымда редактор Майытжановтың туысында тілші ретінде қабылданыпты. Өзіндік ішкі есебі мықты, қай сөзімнен ши шығады деп жайбасар сөйлеп, анда-санда күлкісі келмесе де өзін-өзі зорлап күліп қойып отыратын жігіт екен. Отыздан жаңа асқан, шашының өзі зудырап жатқан шөмеледей. Сыпайы, биязы, көк-соқпен шаруасы жоқ. Күн сайын келіп жататын оқырман хаттарын қорытып, өңдеп, соларға жауап жазумен-ақ митыңдап кешті батыратын батырың екен. Бекен туралы алғашқы пікірім осындай болды.

Кейін ол үш жылдай редактор болды, аудандық радионы басқарды. (Ондайда болған біздің туысымызда). Қапал ауданына барып баспаханаға директор болып, қара бояумен алысқан кездері де болды. Қайта Ақсу ауданына келіп, мұрағатта біраз жыл қағаз кемірді. Қазақ тілі қоғамы ма, әлде тіл басқармасы ма, онда да біраз жыл жұмыс жасады. Соңында қайта газетті тауып, 2004 жылы қарашада зейнет демалысына шықты.

Бүгінгі таңда Бекеңмен Сәлеміміз түзу, анда-санда кездескенде шұрқырасып жатамыз. Балалары, немерелері бар, Өсіп-өніп жатыр. «Ақсу ауданының Құрметті азаматы» атанды. Есімі ауданның Құрмет кітабына жазылған. Бірнеше кітабы шыққан ақын «жүз бір түн» деген өлеңдер циклінің өзі үш кітап. Әлі тың, шаршап-шалдығу дегенді білмейді. Қашан көрсеңде томпаңдап кетіп бара жатады. Бір тыным таппайды, әйтеуір. Тіршілікте шаруа біткен бе десеңші.

Фототілшінің сурет шығаратын лабораториясынан басқа жұмыс орны жауапты хатшының қасында. Фототілші Жеңіс Құрманғалиев деген жігіт.Ол кезде кәзіргідей үлкеннің де, кішінің де қолында фотоаппараты жоқ. Ол кезде фотоаппаратты иегеріп үйрену, сурет шығару деген тұтас бір ғылым. Оған шыдамдылық, ерінбеу, жалықпау керек. Сәл дұрыс болмаса пленкің күйіп кетеді, не ағарып кетеді. Проявитель, закрепитель деген бәлені бар, оны дайындау, оны дұрыс пайдалану да жатқан бір қиямет. Осының бәрін игеріп алған Жәкең аудан көлеміндегі ең құрметті адамдардың бірі. Олай дерім кезкелген еңбек адамы анау очерк-суреттемеде, не мақалада не жазылғанына аса мән бермейді. Ал газетке маңдайы қасқайып қозы құшақтап, не ақжелең киіп, білегіне шейегін ұштап сиырдың қасында тұрса,немесе, маңғазданып трактор рөлінде сонау бір киырға көз салып отырса татысын тағы осындай суреттері шықса, өзінен бақытты жан жоқтай сезінеді. Оның үстіне елдің бәрі былтырғы, әлде алдыңғы жылғы, немесе анау біржылғы суреттерін сұрап, соңынан қалмайды. Елге «әке» де сол «көке» де сол. Өзінің осы беделін жақсы білетін Жекең фотолабораториясына кіріп алып, елді зарықтырып қоятыны да бар еді. Ол да о дүниелік болып кетті. Өтіп бара жатқан заман-ай десеңші.

Тілеухан ЕСЕБОЛАТОВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, ардагер - журналист.
Ақсу ауданының "Құрметті азаматы".

(Жалғасы бар).

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ: жаңа кезеңдегі маңызды міндет!

Мемлекеттік қызметкөрсетілетін қызметті алушылардың өтініші бойынша жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға бағытталған мемлекеттік функцияларды іске асыруға бағытталған нысандарының бірі.

Жансүгіров ауылдық әкімшілігінде 6 мемлекеттік қызмет түрі көрсетіледі.

Атап айтқанда, «Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру», «Кент, ауыл жерлерінен жер учаскесін беру», «Сауда саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекетік меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу», «Жер учаскесін алу үшін кезекке қою», "Жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеуге сату" "Жер учаскесін жалдау мерзімін ұзарту" мемлекеттік қызметін көрсету мемлекеттік қызметтері көрсетілуде.

Бүгінгі күнге, сауда саттықты «конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтар алу мемлекеттік қызметін көрсету бойынша Жансүгіров ауылдық округі әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесіне жыл басынан бүгінгі күнге дейін 49 қызмет көрсетілді. Қызмет көрсету мерзімі 1 кезең 12 жұмыс күнін, 2 кезең 3 жұмыс күнін құрайды.

«Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру» мемлекеттік қызметін көрсету бойынша 3 қызмет көрсетілді. Қызмет көрсету мерзімі 13 жұмыс күні.

"Жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеуге сату" мемлекеттік қызметін көрсету мерзімі 5 жұмыс күні.

«Кент, ауыл жерлерінен жер учаскесін беру» мемлекеттік қызметін көрсету мерзімі 1 кезең 28 жұмыс күні, 2 кезең 18 жұмыс күні.

«Жер учаскесін алу үшін кезекке қою» мемлекеттік қызметінің мерзімі 20 минут ішінде көрсетіледі.

«Жер учаскесін жалдау мерзімін ұзарту» мемлекеттік қызметін көрсету бойынша қызмет көрсету мерзімі 10 жұмыс күнін құрайды. Бүгінгі күнге 17 қызмет көрсетілді.

«Жансүгіров ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде 1 қабатта арнайы электрондық қызмет көрсету бұрышы және ақпараттық стенд жабдықталған. Онда көрсетілетін қызметтің түрлері, мерзімі және т.б. мәліметтер орналастырылған. Электрондық қызмет көрсету бұрышында «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорация» (ХҚКО) арқылы алынатын анықтамаларды www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы цифрлық қол таңбалары бар әрбір ауыл тұрғындары, мекеме қызметкерлері жеке бас куәліктің түп нұсқасымен келіп, «Жансүгіров ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінен алуға болады. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет түрлерінің сапасын арттыру және атқарушылық тәртіптің деңгейін көтеру күнделікті бақылауда. Бүгінгі күнге ауыл тұрғындары «Egov» бұрышы арқылы жыл басынан 226 анықтама алды. Қосымша электрондық қызмет түрлерін алуға жүгінген азаматтарға қажетті кеңес беретін маман бекітіліп, үйрету, түсіндіру жұмыстарын жүргізуде.

Жоспар бойынша бекітілген мемлекеттік қызмет көрсету саласында мемлекеттік қызметті электронды түрде алу тәртіптерін насихаттау жөнінде ай сайын брошуралар таратылып, тоқсан сайын орталық базарда жәрмеңкелер ұйымдастырылып, газеттерге мақала жарияланып тұрады.

А.БИЖАНОВА,
Жансүгіров ауылдық округінің бас маман, іс - жүргізушісі.

Электрондық мемлекеттік қызметтерді насихаттау

19 маусымда Молалы ауылдық округінде ауыл тұрғындарымен кездесу өтті, оның мақсаты - электрондық мемлекеттік қызметтерді насихаттау болды. Тұрғындарға «өзіне-өзі қызмет көрсету секторы арқылы да, үйден шықпай-ақ мемлекеттік қызметтерді алу үшін ЭЦҚ алу қажеттігі туралы жеткізілді. Түсіндіру электрондық үкімет және электрондық қызметтер, электрондық-цифрлық қолтаңбаны қашықтан алу, бір реттік пароль арқылы қызметтерді алу сияқты тақырыптарға жүргізілді.

Мемлекеттік қызмет — көрсетілетін қызметті алушылардың өтініші бойынша жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға бағытталған мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі.

Молалы ауылдық округінде әкім аппараты жұмысының ажырамас бөлігі және басты бөлігі мемлекеттік қызмет көрсету болып табылады.

Мемлекеттік қызметтер қатарына: жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру, елді мекен шегінде объект салу үшін жер учаскесін беру және басқалар кіреді.

Барлық көрсетілетін мемлекеттік қызметтер белгіленген мерзімде уақтылы орындалады және тегін негізде көрсетіледі.

Ауылдық округте ең көп талап етілетін қызмет «Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу» болып табылады.

Халықтың мемлекеттік қызметтерге қолжетімділігін арттыру мақсатында әкім аппаратында өзіне-өзі қызмет көрсету секторы жұмыс істейді. Қажет болған жағдайда аппарат мамандары порталды пайдалану бойынша азаматтардың туындаған сұрақтарына жауап береді, электрондық цифрлық қолтаңба болған кезде көрсетілетін қызметтерді алу туралы ақпарат береді.

Компьютермен жұмыс тәжірибесі жоқ азаматтар электрондық үкімет порталы арқылы өз бетінше

пайдаланушыларға көмек көрсетіледі. Оларға үйден шықпай-ақ барлық мемлекеттік қызметтерді алуға мүмкіндік береді.

Халыққа мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша ақпарат беру және қол жетімділік мақсатында мемлекеттік мекеме ғимаратында көрнекі ақпарат бар стенд орналастырылған (көрсетілетін қызметтер тізімі, өтініш үлгілері, шағымдар журналы).

Округте мемлекеттік қызметтерді көрсету бойынша халықты ақпараттандыру бойынша тұрақты түрде: түсіндірме әңгімелер, дөңгелек үстелдер және осы тақырып бойынша ауылдық жиындарда брошюралар мен парақшалар берумен жұмыстары жүргізіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша шағымдар түскен жоқ. Мемлекеттік қызметтерді алу туралы барлық қызықтырған сұрақтарға жауаптарды мына телефондар арқылы ала аласыз: 8(728)32 28122 Жетісу облысы, Ақсу ауданы әкімдігінің «Молалы ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, Молалы ауылы, Сексенбай батыр көшесі, №7 "А".

Ринат ВОРОНЦОВ,
"Молалы ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маман, іс - жүргізушісі.

ИМАНДЫЛЫҚ ИІРІМДЕРІ

ДІН – татулықтың нышаны

Жаратушы Аллаға діндері өзге болғанмен адамзаттың бәрі де сиынады. Құдай біреу-ақ. Осындай, ортақ пікірлер әңгіменің өзегіне айналуы ислам дініндегі маңызы зор амалдардан. Бір адамның көңілін жаралап, уәжге жыққанның ешбір пайдасы жоқ. Мұны дін ислам қолдамайды.

Дініне тіл тигізу – намысына тіл тигізгенмен тең. Ендігі кезекте, бір дін өкілі басқа дін өкіліне тіл тигізсе, екі дін өкілінің арасында сөз жоқ келіспеушілік орнайды. Ал, дін өкілдері бір жерде бас қосып, өз ойын ортаға салуы адамзатты татулыққа, ізгілікке үйретеді.

Қазіргі заманда дінаралық үн қатысу, дінаралық келісімді ұйымдастыру Әлемдік деңгейде бейбітшіліктің болуын қамтамасыз етуді көздеген көреген адамдардың ісі дер едік. Ислам діні бойынша, дінаралық үн қатысу – Алла тағаланың әмірі, Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с) сүннеті.

Ендеше мұсылманның міндеті – оларды дініміздан үркіту емес, керісінше өз дінін шынайы түрде жеткізе білу. Бөгде діннің адамын зорлап, яки, алдап дінге кіргізу – мұсылманның уәзипасы емес. Бұл исламға – жат нәрсе. Хақ дінге адам өз ақылымен, еркімен кіруі керек деп ойлаймын. Ақиқат әркім өз дінінің құндылықтарын паш етіп, сөзімен, ісімен, амалымен көрсете білгенде ғана айқындалады. Құран-Кәрімде: «Сенің дінің саған, менің дінім маған» деген аят бар. Бұл Ұлы Жаратушының өзге дін өкілдерімен үн қатысуға шақырған жарлығы. Яғни, мұсылман өзгелерді шақырып, өз дінін айтып үн қатысуы қажет. Мұндағы мақсат өз дінін таныту, өз дініне амал жасау, дінінің бейбіт жолдағы дін екенін басқаға өз бойынан көрсете білу, көркем мінезімен өз дінінің құндылықтарын паш ету. Сондықтан бейбітшілік орнатуға атсалысу тек қана дінбасыларымен дін ғалымдарының ғана емес, әрбір мұсылманның төл міндеті саналады.

Назар салсақ, барлық дін де рақымшылдық, жылылық, шапағат бар. Ендеше, қазіргі таңда дін адамдарының бірі бірімен алауыз болулары ұстанған діндерінің негізгі ұстанымдарына қайшы келеді. Тағы да мысал айтатын болсақ, Ұлы Жаратушы Құранда: «Расында Алла әділдікті, игілікті және туыстарына қамқорлық жасауды әмір етеді. Арсыздық, жамандық, зұлымдық жасауға тиым салады» дейді («Нахыл» сүресі, 90-аят). Оның ақырғы пайғамбары да: «Жердегілерге рақым етіңдер, сонда көктегі де (ұлы жаратушы) сендерге рақым етеді» деп адамзатты рақымшылдыққа шақырады. Жаратушы Жаппар ие Адамға үлкен баға беріп “Маида” сүресінде былай дейді: «Сондықтан Исрайыл ұрпақтарына: «Кімде кім кісі өлтірмеген, яки, жер бетінде содырлық жасамаған біреуді өлтірсе, ол барлық адамды өлтіргенмен және кімде кім бір адамның өмірін құтқарса, барлық адамзаттың өмірін құтқарғанмен бірдей» деп жаздық» дейді. Өз дінін насихаттап, өзге дінмен бірге әлемде бейбітшілік орнату – мұсылманның басты парызы. Дінаралық татулықты қолға алу Алланың әмірі. Пайғамбарымыз хазреті Мұхаммедтің (с.ғ.с.) сүннеті.

Иә, дінаралық келісімге келудің түйіні – адамзатты құтқарудың бірден - бір құралы ізгілік бастауларына қайта оралу болды. Сондықтан әрқайсымыз адамзатты сақтау идеяларына қызмет етуге ұмтылайық, ағайын.

Қазақ этикасындағы басты құндылықтардың бірі төзімділік екені баршаға аян. Төзімділік тек саяси ұстаным ғана емес, оның діни, этикалық, мәдениеттанулық және тағы басқа қырлары бар. Қазіргі кезде кейбір жеке тұлғалар «Ислам – төзімділікке қарсы дін» деген негізсіз пікір таратуға тырысады. Бұл мәселе жөнінде көп талқылауға бармай-ақ, Құран Кәрімдегі: «Мен Сіздердің табынатындарыңызға табынбаймын, сіздер де менің табынатынымма табынбайсыздар. Сіздердің діндеріңіз өздеріңізге, менің дінім өзіме де» деген аятты келтіруге болады. Бұл жолдарда исламдағы төзімділіктің негізгі қағидасы анық әрі дәл тұжырымдалған.

Қазақ ақын - жыраларының дүниетанымы ислам шеңберінде дамығаны белгілі. Ауыз әдебиетіміздің бай мазмұнынан да мұндай көзқарастарды табу қиынға соқпайды. Қазақ халқына тән төзімділіктің мәнін «Таспен атқанды аспен ат» деген мақал танытады. Осыған ұқсас мағынаны «Сабыр түбі – сары алтын»,-деген мақал береді. Бұл жерде де қиын істің бәрін сабырлылықпен, төзімділік танытып, ашуға берілмей шешу қажеттілігі көрсетіледі. Яғни, қазақ халқының мақал - мәтелдері төзімділікке үндейді.

Ислам діні ең алдымен татулыққа, бейбітшілікке шақырады. Ал, бүгінде дін атын жамылған ұйымдар экстремистік әрекетке бейім. Осының әсерінен базбіреулер ислам – бейбіт дін екенін әсте мойындағысы келмейді. Мұндай жайттар кей жағдайларда дін өкілдеріне қатысты негізсіз теріс пікір туындатуда. Ислам өмірге келісімен өзі туындаған өлкенің географиялық орналасуына сәйкес иудейлермен және христиандармен қажетті байланыс орнатты. Бұл байланыстар әлі күнге дейін жалғасып келеді. Иә, олармен бейбіт қатар өмір сүрудің белгілі бір дәстүрлері қалыптасқан.

Алла әмірін, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сүннетін ту етіп көтеріп, елді бейбітшілікке, татулыққа бастаған Ел Президенті Қасым – Жомарт Тоқаев Кемелұлына Алланың өзі жар болсын! Ел аман, жеріміз тыныш болсын!

Діниіміз - тек татулықтың нышаны болсын, Осы сөз бейбіт елдің мысалы болсын!

Гүлжан БАЗАРБАЕВА,
Е.Сиқымов атындағы орта мектебі, мектеп жанындағы интернатымен КММ - нің директоры.

ХАБАРЛАМА!

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ, АҚСУ АУДАНЫ, СУЫҚСАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМДІГІНЕ ҮМЕТКЕРЛЕРДІ ҰСЫНУДЫҢ АЯҚТАЛУЫ ТУРАЛЫ

2024 жылғы 25 маусым сағат: 18.00-де Суықсай ауылдық округі әкіміне үміткерлерді ұсыну аяқталды.

2024 жылғы 25 маусымдағы сағат: 18-00 жағдай бойынша:

- Суықсай ауылдық округі әкімдігіне 5 үміткер. Өзін-өзі ұсыну арқылы 5 үміткер ұсынылды.

Күнтізбелік жоспарға сәйкес үміткерлерді тіркеу 2024 жылдың 30 маусымына дейін сағат: 18-00-ге дейін жалғасады.

Сайлауға дайындық жұмыстары жалғасуда.

АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ.

ҚАЗАҚТЫҢ МАҢДАЙЫНА БІТІП ЕҢ СЕН!



(Жалғасы. Басы өткен санда).

Әкесі баламның «білім - оқуға талабы таяз екен» деп түйіп, аяғын шырмайды. Бас құсыру (үйлендіру) үлкен мақсат болады. Үй шаруасына салады. Егін, пішен, арық-тоған, жазғы тіршілік, аз малды қыстан алып шығу мойнына жүктеледі. Оқу талабы біржола сөнеді. Есіне де келмейді. Келгенмен көзсіз көбелектей барар жері, басар тауы болмайды. Сөзге үйірсек, құймақұлақ болады. Әңгіме, жұмбақ, қара өлең, айтыс, ұнаған сөздерін жаттап ап, тындаған нәрселерін қағып алады. «Қыз жібек», «Мұңлық-Зарлық», «Сал-сал», «Зарқұм» қиссалары, «Біржан мен Сара» айтысы қызықтырады. «Балталы, Бағаналы ел аман бол, Бақалы, балдырғанды көл аман бол», - деп басталатын екі қыздың туған жермен қоштасу жырын демін ішіне тарта, кең тыныспен үзілтіп айтады. Аймаққа өлеңші атанады. Топ жарып, әріптес алып айтысады. Тойларда көпті аузына қаратады. Сөйтіп құтырған күндер өтіп жатады. Ілияс:

Ежелден ескеруші ем елдің
сөзін,
Бұлақтың тазалауға тінтіп
көзін.
Бар ма деп ашпаған сыр,
айтпаған жыр,
Құлақты қырға түріп жүрген
кезім, -

дейді. «Өмір өткелдері» кітабы, 2011 жыл, Талдықорған, Жақанбай Әбішұлы «Ілияс туралы естігендерім» атты танымында: «Ауыл арасындағы кеткен кемшіліктерді, көзге қораш көрінетін жағдайларды Ілияс өлең шығарып жазып міней білген. Ілиястың «Мысықбай бухгалтер» деген сықақ өлеңін әжем жатқа айтатын еді», - деп жазады.

Келін түсірген тойда, 1912 жылы күзде, Ілияс Боранбектің қызы Әлишамен айтысады. Үй толған кісі. Қайсысы жеңер екен деп барлығы ынталы. Әлиша өлеңші көрінеді. Айтыс аяқтала берген тұста Әлиша: Қыз әулие болғаны есіңде ме?

Ақ-қара бас қой айтып, табынып кел, - дейді. Әлишаның әкесінің қойлары өңшен ақ-қара бас екен. Әлишаны қолдаушылардың шоқтығы көтеріледі. Ілиясты қолдаушылар үрпиісіп қалады. Сонда Ілияс: «Нарға мін де кете бер әулиеңе», - деп жауап қатады. Әлиша жауап бермей, отырып қалады. Әлишаның шешесі келіп, Ілиясты арқасынан қағып, «сен жеңдің, жол сенікі» депті.

Қаптағай елінің құнарлысы Ардабек Балқаш көліне тақау жайлап отырады. Қуантайдың атақты ақын қызымен Ілияс тойда айтысады. Бірақ, арты төбелеске ұласып, Ілияс қолдаушыларымен бірге тойдан қуылады. Егес қызға Ілиястың: «Аузыңа жын ұрғандай сөз сөйлейсің, болған ба шешең сырлас періменен», «Бірге түнеп шығып па ең шайтанменен?», «Бар дейді Бейсембайда Шұлғаубайгер», бес байтал сендей-сендей беріп алған», - деп айтуынан ушығады. Ілиястың бұл айтысын куәгер Жанәбілов Жақанбай көпке таратады.

Ілияс Найманбайұлы Әсет ақынды 1913 жылы Романовтардың 300 жылдығына баруға Тұрысбек ауылы Күйгентамға (Сүттіген) келгенінде көреді. Әсетті арғы беттен Барлыбек Сыртанов алдыртады. Әсет ақынға орыс үлгісінде киім тіктіртіп даярлайды. Сонда Барлыбек Сыртанов Әсет ақынға Пушкиннің «Татьянасын» аудартады. Әсеттің ол аудармасын халық ақыны Куат Терібаев, Сәкен Шәріпов, Жардембек Тостағанбетов жатқа айтыпты. «Онегиннің жауабы» демей, «Татьянаның хатына жауап» деп аталыпты. Ілияс Әсеттің әндерін жиі орындапты. Ақын Әсеттің:

Әсеттей сал ән салсаң
әсемдетіп,
Делебені қоздырып, әсерлетіп.
Дауысым дауыл, сөз жаңбыр,
әнім ескек,
Басылайын ойнақтап,
аз желдетіп, -

деген зарын еске тұтқанды Ілияс қалаған деп жазады Бісмілда Балаубеков «Ән сапары» кітабында. Ілиястың орындауындағы «Сұрша қыз» әніндегі:

Аралап талай жерді
зарығармын,
Аман бол елім, жұртым,
сағынармын.
Туған жер кімге болса
ыстық екен,
Егіліп көзімде жас ағылармын,
– деген бір ауыз шумағы ұмытылыпты.

Ілиястың әкесі қыз айттырған жері баталы малын асырып ала береді. Үй іші шаруа жүзінде кедейлікте қалады. Айттырған жер қызын бермей, созалаңға салады. Жұт басталады. Іс қияс өзгереді. Әкесінің Ілиясқа қыз айттырып әпермегі қырсықты күйге ұшыратады. Әке мен бала арасында алакөздік туады. Ілияс екі араға тентірейді. Бірде үйіне, бірде қайын жұртына – екі ортаның кезбені болады. Қайын жұрты күшік күйеу қылмақшы болады. Оған Ілияс көнбейді. Өмірінде қиындық туындайды. Тіршілік әр нәрсеге ұмсындырады. Ұрындырады. Ілияс күн көру үшін кейбіреудің баласын киіз үйде көше-қона жүріп оқытады. Бұл Ілияс өмірінің 1913-1918 жылдары еді. Жетісуда 1917-1918 жылы соқпалы «жылан» жұты өтеді. Ол шаруаны шайқап кетеді. Ақыры әкесі айттырған Жәмиләмен Ілияс сан қилы әурешілікті басынан өткізіп қосылады. Ілияс Жансүгіров: «Көзсіз көбелектей адасқан кезім осы жылдар болатын», - деп деректейді. Ілиясты әкесі Жансүгір: «Арман, тілекті еңбекпен үйдір, берекені төндір. Қара қазан, қара баланың тілеуі еңбекпен қолға түседі», - деп жігерлейді. Қазіргі Ақсу ауданы, Ойтоған округіндегі Ойтоған, Белтоған, Тесіктоған халық бірлігімен қолмен қазылып, жасалған тоғандар. Оған Ілиястың әкесі Жансүгір де қашқан суды лезде топырақты үйе жүріп байлап, тоған салғандардың бірі болған.

Ілияс Жансүгіровтің «Сарыарқа» газетіне 15 тамыздағы 1917 жылы, № 9 нөміріне «Тілек» деген алғаш өлеңі басылып шығады. Ал, 22 тамыздағы № 10 нөміріне екі өлеңі тағы басылады. Бұл Ілиястың шығармашылығының алғашқы басылып шығуы. Ілияс сатираға арналған “Садақ” (1917 ж.), “Шаншар” (1925 ж.), “Жаршы” (1929 ж.), “Балға” (1932 ж.) атты журналдар ұйымдастырған.

Кешікпей 1918 жылы ақ пен қызыл соғысы басталады. Ел таланады. Үркеді. Ақтың шығыны елді тақырға отырғызады. Ел 1919 жылы тіптен қатты жүдейді. Жоқшылық қысып, жаншылады. Жазғытұрым 1919 жылы Мәрзия Ильдарова Ілиясты Ойтоғандағы «Қайнар» мешітінен көреді. Мешіт жанында тоқал үйлер болады. Ол жерге Мәрзияны Байғабыл деген жолсерік апарады. Совдепте хатшы болған Меделхан Абылайханов Ақсуда уездной бастық болады. Ақтар жағына өтеді. Оған Мәрзия жақпай, содан арылып, қауіпсіз жерге Ойтоғанға кетеді. Мәрзия Барлыбек Сыртановтың баласы бірнеше сандық толып жатқан орысша кітапты осы «Қайнар» мешітіне әкелгенін Байғабылдан естіп біледі. Ілияс Барлыбек Сыртановтың ұлы Кәкені (Әбдүлқадыр) 1913 жылдан білген. Жансүгірдің Ілиясы мешітке күн ара келіп, құнара кітаптарды оқып, ақтарады екен. Мәрзия Ілиясты «Сарыарқаға» шыққан өлеңінен есімін біліпті. Мәрзия інісі Ғанаятты ертіп мешітке барады. Мешіт жарық, іші суық. Сұр шекпенмен тысталған күпі жамылған, ақ елтірі тымақты біреу кітап қарап отырады. Мәрзия: - Сәлеметсіз бе! Сіз Ілияс боласыз ба? – дейді. Ол кітаптан көзін алмай: - Сіз кім боласыз? Қайдан келдіңіз? – дейді. Мәрзия: - Мен - Раушанмын! Арнайы Ақсудан келіп едім, - дейді. Шын есімін жасырып. Ілияс: - Келсеңіз, кітаптарды мешітте ғана оқисыз, - дейді. Мәрзия Ильдарова: «Жар қабақ, қыр мұрын Ілияс мені суық қарсы алды», - деп естелігінде жазады. «Қайнар» мешітіндегі кітаптардың қазақшалағандағы атаулары: «Үлкен Энциклопедияның» - 20 томы, «Орыс тілі әдебиетінің тарихы» – 3 том, «Дүние жүзі тарихы» - 4 том, «Өнер тарихы» – 6 том, «Европада саналы даму тарихы», «Христиандықтың мәні», «Христиандықтың алғашқы ғасырлардағы тарихы», «Ресей мемлекетінің тарихы» - 12 том, «Сот, медицинаның оқулығы», «Түркістан әдебиетінің» жинағы, Абель Авелахтың «Тіл ғылымы» кітабы, Веселовскийдің «Шығыс тарихы туралы» лекцияларының – 4 томы, «Парсы тарихы», «Араб әдебиетінің» очерктері, «Араб хрестоматиясы» – 3 том, «Жалпы әлемдік теория» – 2 том, «Араб тілінің граматикасы», «Ормандардың христоматиясы», «Түрік қолжазба мақалалардың» жинағы, «Мұсылман шариғатының» басты негіздері, «Шаруалар табысының көзі», «Ақша ғылымының» негізі, «Ерте заман мекемелері тарихы» жөніндегі лекциялар жинағы, «Ақмола облысындағы Қазақтар шаруашылығы», «Жетісу облысындағы жергілікті тұрғындар мен орыстардың ескі славяндық шаруашылығы мен жерді пайдалану» жөніндегі тексеру материалдары – 3 том, П.Странскийдің «Жұмысшы табының өзіндік ұйымы» кітабы, Карл Гильдің «Социализм, коммунизм және анархизм» кітабы, Л.Толтойдың «Семья», «Бақыт неде?», Салтыков-Щедриннің – 12 томы, И.Гончаров, А.Чехов, Тургенев, Лесков, Григорович, Жуковский, Шиллер-Михайлов, Достоевский, Белинский, А.Пушкин, Лермонтов т.б. жазушылардың толық жинақтары, Немирович-Данченконың шығармалары, Генрих Гейненің – 6 томы, Вальтер Скоттың – 14 томы, Дон-Кихот, Фердоусидің «Сохрабтың тарихы», Джордан, Жюль Верн, Купер, Доде кітаптары. Бұл аталған кітаптардың Смағұл қажы мешінде болғандығын Ж.Бекасылов, Шатақбаев Әбіш, Жілікбаев Нұрмолда, Мәрзия Ильдарова растап, естелік деректер жазып қалдырғандығын «Жан қайығын жарға ұрдым» кітапшасына құрастырушы Мұратбек Иманғазинов енгізген.

Ілияс бұл кітаптарды қарап ақтарғанымен толық оқуға тісі батпаған. Оқығанымен жөн-мәнін түсінбеген. Өйткені, орыс тілін жетік білмеген. Мәрзия Ильдарова Фатима Ғабитовамен бірге туысқан болады. Алматыда 1923 жылы Ілияс Мәрзия Ильдаровамен қызметтес болады. Қазинпроста мұғалімдерге арналған орыс тілінен үйірме ашылып, Мухин деген дәріс беріп, Мәрзия оған тілмәштік қызмет етеді. Біләл Ақшалов, Ғали Демешев, Қажым Басимов, Ілияс Жансүгіров өтініштерімен Мәрзия Ильдарова оларға орыс тілін қосымша, күніне бір-екі сағат үйретеді. Ілияс Жансүгіров онда «Тілші» газетінде істеп, Қазинпроста әдеби үйірмені басқарып және қазақ тілінен сонда сабақ береді. Мәрзия Ильдарова: «Ілияс ғажайып ұғымды, қабілетті еді», - дейді.

1920 жылы атаман Анненков Қытайға қашады. «Кедей тойы» деген өлеңінде Ілияс: «Айдаһар қоршап, патшаға отар болған Жетісу», - дейді. Ақсуда кеңес өкіметі орнайды. Елді ашаршылық жайлайды. Ілияс Жансүгіров 1920-1921 жылдардағы ашаршылықты өз көзімен көріп, басынан өткерген жанның бірі болған. Сол жылдардағы ашаршылық туралы Ілияс Жансүгіров «Жұт» деген поэма жазады. Поэманың толық нұсқасын біреулер архивтен қолды қылыпты. Ашаршылық нәәубәтін Ілияс Жансүгіров:

Күніне қазақ мыңдап
өліп жатыр,
Тұқымын сағат сайын
кеміп жатыр.
Баласын өзі үйтіп,
сирағын жеп,
Көр азабын тірідей
көріп жатыр», - деп

шындықтың бет пердесін аша бейнелейді.

Ілияс оқуға талпынады. Алматыдағы қысқа мезгілді оқытушылар дайындайтын қазақ-қырғыз курсына барып оқуға кіреді. Ол курсқа Ғали Орманов, Рақым Омаров, Шаймұхамбет Өмірбеков (Құдаш Мұқашевтің әкесі) бірге барып оқиды. Ілияс: «Көзінің оты бар, адам болатын. Дарыны бар, болашақ ақын болады», - деп Ғали Ормановпен танысқаны сол кез. Ғали Орманов: «Халау-лім, қалды-ау кейін ауылым» өлеңін Ілияс толғай шырқайтын», - дейді. Ғали Орманов «Кемпірбай мен Шәже» айтысын, екі ақынның өз әуезімен алмақ-салмақ бездіртіп, бажайына келтіре ғажап орындапты. Сол кезде Түркістан оқу комиссариаты тарапынан ел әдебиетін жинауға айрықша комиссия құрылады. Осы комиссияға Ілияс Жансүгіров өзінің жазған «Балдырған» атты қолжазба дәптерін ұсынады. Комиссия қабыл көріп, олар Ілиясты әдебиет жинауға қызметке алады. Ілияс Жансүгіровтің араб әріпімен жазған «Балдырған» қолжазбасын Біләл Сүлеев 1920 жылы оқулық кітап қылып шығартады. Ілияс жаздай комиссиямен жұмыс істеп, күзде Ташкентке барады. Ташкентте қазақ институты жанынан ұйымдастырылған 2 жылдық оқытушылар дайындайтын курсқа оқуға түседі. Ташкентте Қасымалы Баялинов алты ай Ілияспен бірге оқып, бірге тұрады. Ілияс Ташкентте 2 жылдық оқытушылар дайындайтын курста оқып жүріп драм кружок ашып, жастарды тартады. Екі апталық студенттер журналын шығарады. Бұл мәселелер институттың халық ағарту бөлімінің жиналысында 1921 жылы 9 қаңтарда қаралып бекиді. Ташкентте театрда Жанақ ақын болып рөлде ойнайды. Сонда аз күннен соң «Ақ жол» газетіне корректор болып орналасады. Ғани Мұратбаевтың ұйымдастыруымен «Жас Алаш» газеті 1921 жылы 22 наурызда шығады. Ілиястың «Жас замандастарға» деген бас мақаласы және «Жалпы жас» деген өлеңі «Жас Алаш» газетінің бетіне басылады. Жаз шығысымен оқуын оқымай кетеді. Бірақ, Ташкенттегі институт жанындағы екі жылдық оқытушылар курсында бәр-жоғы алты ай оқып, «мұғалім» болып шықты деген қағаз алады. Өз елі, ауылына қайтып, шөп дайындайтын агитатор қызметін істейді. Бұл 1921 жылдың жазы болатын. Байлардан кедейлерге сауын үлестіру жұмысына да араласады. «Посевком» басшысы қызметін де атқарады. Андасанда «Кедей еркі» деген газетке тілшілік жасап, хабарлар жіберіп тұрады. Бірер өлеңі басылып шығады. Сол 1921 жылы күзде «Белтоған (қазір Тесіктоған)» мектебіне басқарушы мұғалім болып орналасады. Тасыбек Мұздыбаев, Болатхан Тәшенов, Ақан Төлебаев, Б.Ерғозов, Б.Қосарбаев, Қ.Кебеков, Д.Күнболатов, Нұрмолда Жілікбаев, Тыныбай Темірбеков Ілиястың «Белтоған» мектебінде білім алған шәкірттері. Олар: «Ілиястан жасы үлкен-кіші елу бір оқушы дәріс алды», - дейді. Ілиястан білім алған зерек шәкірті Нұрмолда Жілікбаев Ақсу ауданының басқару аппаратында 1929-1930 жылдары, одан мемлекет қайраткері Жұмабек Тәшеновтың бірінші көмекшісі болып қызмет жасаған. Тыныбай Темірбеков № 3 колхозды ұйымдастырып, еңбегі 1939-1947 жылдарда кеңінен Республикаға танылады. Жүйрік ат Түймебасты алғаш жылқышы Сырғабайұлы Сапыжанның таңдауымен атақ-даңқын елге шығарады. Түймебас 1958 жылы Алматыда өткен Республикалық ұлттық ойындарындағы 16 шақырымдық ат бәйгесінде жеңімпаз болады.

Ілияс Алматыға кеткісі келіп, кете алмай зардап шегеді. Өзінен екі жас үлкен, әкесі айттырып әперген Жәмилә әйелінен айырылысады. Ілияс Талдықорғанда 1921-1922 жылдар аралығында Көк базардың жанындағы Мейірман Ермектасовтың үйінде тұрады. «Жемір болыс» деген пъеса жазып, Талдықорған жұртшылығына көрсетіледі. Әйтек Зұрман, Тәуке Есбер, Жалайыр-Балғалы Қожахан образдарын, мінез-құлықтарын бұлжытпай Ілияс пъеса арқылы бейнелейді. Рөлдерді ойнауға Кәке Сыртанов, Керімқұл Есболатов, Әлибек Қалымбетовтер тартылады. «Жемір болыста» әйелдің рөлін, елі Тасыбай, Берентайқызы Аманша ойнайды. Ілияс екеуі жақсы білісіп, 1921 жылы қыста Аманшаға (1903-1927 ж.ж.) үйленеді. Шын аты – Аман. Еркелетіп «Аманша» деп атаған. Аманшамен жеті жыл бірге өмір сүреді. Аманша бала көтермей жүріп, 1927 жылы құрсағындағы баласымен қайтыс болады. Аманшаның зираты Еркіннен шыға берістегі дөңде жатыр. Ілияс Мәскеуден келісімен Аманшаның қабырының басына барады. Бақуалықпен оған арнап шығарған «жүректе қатты сақтармын, алысқан қолдың жылысын» деп, қабыр басында «Моласында..» деген өлеңін оқиды.

Ілияс 1921 жылы қыста Алматыға кетеді. Таныстары «Қосшы» комитетінің культпросветіне инструктор қылып қызметке кіргізеді. Одан 1923 жылдың басынан «Тілші» газетіне тілші болып орналасады. Темірбек Қожакеев: «1923 жылы Ташкенттен шығатын «Ақжол» газетіне Хакім Жамбайұлы деген «Не ойлағаны бар?» деп шағымданған хаты түседі. Шағым иесі Талдықорған уезінде Найман, Жалайыр болып партияға бөліну жігі өріс алды.

Жемісбек ТОЛЫМБЕКОВ.

(Жалғасы бар).

"АҚСУ ӨҢІРІ" газеміне — 90 жыл!

УАҚЫТ ЖӘНЕ ГАЗЕТ

90 ЖЫЛДЫҚ ЖЕМІСТІ ЖОЛ

Ақсу аудандық «Ақсу өңірі» газетінің алғашқы саны 1934 жылы қазан айының 1 – де шыққан. Міне, биыл 90 жыл толып отыр. Газет тарихына үңілсек 1933 – 1934 жылдары ауданда ауылшаруашылығы артельдеріне көмек беретін МТС-тар құрыла бастапты. Солардың алғашқыларының бірі Ақсу МТС-і аталып, қазіргі аудан орталығы Жансүгіров ауылында орналасқан. Ол кезде жаппай ұжымдық шаруашылықтарға көшіп жатқан ауыл еңбеккерлеріне тек техникалық көмек берумен шектелу жеткіліксіз еді. Бұрын ұжымдық шаруашылық жүргізіп көрмеген тұңғыш артельдің алғашқы мүшелеріне шаруашылықтың социалистік жаңа түрінің артықшылығын насихаттау, ауылшаруашылығы техникаларын күтіп ұстау, т.б. насихат жұмыстарына басшылық жасау үшін МТС-тар жанынан саяси бөлімдер құрылған. Саяси тәрбиелік жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік тудыру үшін жаңағы саяси бөлімдер жанынан бас-па газеттері шығарыла бастайды.

1934 жылы осындай газет Ақсу МТС-нің жанынан екі тілде – қазақшасы «Ленин жолы», орысшасы «Путь Ленина» деген атпен жарық көрген екен. Кейіннен орысша «Путь Ленина» газеті Сарқан ауданына беріледі де, қазақшасы «Ленин жолы» Ақсу селосына көшіріліп, Ақсу аудандық партия комитеті мен еңбекшілер депутаттары аудандық Советінің газетіне айналады.

«Ленин жолы» газетінің Ақсу МТС-і саяси бөлімінің жанынан шығып тұрған кезіндегі редакторы Әлібек Жақаев болса, аудандық газет болғаннан кейінгі редакторы Жұмабай Саманов болды. «Ленин жолы» газеті сол отызыншы жылдардың ортасынан Ақсу өңірінде ұйымдасқан колхоздар мен совхоздардың, басқа да кәсіпорындардың сол кезеңде алдында тұрған саяси – шаруашылық міндеттерін шешуде үлкен рөл атқарды. Кемшіліктерді дер кезінде көрсетіп, оны жолға қоюда аудандағы партия ұйымдарының қолқанаты болды. Сол кездегі газет көтерген негізгі мәселелер – сауатсыздықты жою, әйелдер құқығын қорғау, социалистік ауыл шаруашылығын өркендету сияқты маңызды тақырыптар еді.

Ұлы Отан соғысының сұрапыл жылдарында аудандық газет тылдағы еңбеккерлердің қажырлы қайраттарын ұштау, аудан еңбеккерлерін Қызыл Армияға керекті азық – түлік, өнеркәсіп шикізаттарын өндіру, сол арқылы басқыншы жауды күйрету кезеңін жақындата түсуге жұмылдыратын материалдар жариялады. Бұл жылдары газет редакторы болған Дубек Кемпіреков еді.

Соғыстан кейінгі жылдары аудандық газеттің көтерген негізгі мәселесі халық шаруашылығын қалпына келтіру, социалистік жарысты ұйымдастыру, әйелдердің еңбектегі рөлі, коммунистердің қай салада болса да алда болуы туралы еді. Бұл жылдарда аудандық газетті Е.Абдрахманов, Б.Баймолдинова, Т.Рысқалиев, Е.Жақсылықов басқарып, газет ықпалының шаруашылықты өркендетуде арта түсуіне басшылық жасады.

1962 жылы аудандық газеттер қысқартылып, олардың орнына территориялық газеттердің шығуына байланысты Ақсу аудандық «Ленин

жолы» газетінің соңғы нөмірі 22 сәуірде шықты да, содан кейін Сарқан ауданына көшірілді. Сол жерде «Ленин жолы» деген атпен шығып, Сарқан ауданының еңбеккерлерімен бірге Ақсу ауданының тұрғындарына да таратылды. 1963 жылы әр ауданда аудандық газеттер қайтадан шығатын болып, «Ленин жолы» газетінің редакциясы барлық техникалық жабдықтарымен Ақсу селосына көшірілді. Осы жолы оның аты «Өмір нұры» болып өзгертілді. Содан кейінгі кезеңде газет редакторлары болғандар Т.Есімжанов, Т.Қалилаханов, Ж.Майтжанов, М.Қоңырбаева, Б.Аманбаев, С.Тінтаев және О.Жұмашевтар.

Биыл алғашқы санының шыққанына 90 жыл толып отырған аудандық «Ақсу өңірі» газетінің шарықтау аумағы кең екенін, болашағы зор екенін осыдан аңғаруға болады. Ұстанымы берік, ұлағаты мол газет қоғам дамуының қандай да болмасын күрделі кезеңдерінде ақиқаттың ақ жолынан ауытқымады. Бұқара халық пен биліктің арасындағы дәнекер болып, мыңдаған оқырмандардың мінберіне айналды.

Қазіргі жаңа нарықтық заманда ауданымыздың ілгері жылжуына, экономикалық қысылтаяң кезеңде әр қадамының сәтті болуына, өркендеудің өріне шығуға, мәдени – тұрмыстық ахуалдың құлпыра түсуіне газет журналистері өздерінің парасатты ойлары, айшықты пікірлері арқылы, ал кейде, іске кедергі болатындарды әділ сынға алып, алға жылжуға бастап келеді. Соңғы жылдары «Ақсу өңірі» әрбір ақсулықтың күнделікті асыға күтетін, сүйіп оқитын газетіне айналды. Себебі, газет беттерінде көкейде жүрген көп ойлар дер кезінде жазылады. Әсіресе, мемлекет басшысы Қасым - Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдаған Жолдауы және әр түрлі тың айдарлармен берілетін материалдар газет бетінде жиі жарық көріп, оны оқырмандар жылы қабылдауда. Сонымен бірге аудан аумағында құқықтық тәртіпті нығайту, кәсіпкерлікті дамыту, жас ұрпақ тәрбиесі, денсаулық сақтау саласы, мәдени, әдеби шаралар, спорт жаңалықтары да аудандық басылымның бетінен жиі көрініс табуда.

Еліміз егемендік алғаннан кейінгі жылдарда аудандық газеттің атын заман талабына, өз өңірімізге сәйкес өзгерту туралы оқырмандар арасында пікірлер туындап, олар өз ойларын газет редакциясына, аудан әкімшілігіне сан рет жолдады. Осыған байланысты аудандық ақсақалдар алқасы, «Қазақ тілі» қоғамы және газет қызметкерлерінің ұйғарымымен 1998 жылғы 19 наурызда газеттің атын «Ақсу өңірі» деп өзгерту туралы сол кездегі аудан әкімі Қ.Байболов қол қойған шешім өмірге келді. Міне, сол күннен бастап, «Ақсу өңірі» газеті аудандағы әр тұрғынның үстелінің басында, төс қалтасында, қолтығында жүретін айнымас досына айналды.

Осы кезде «Ақсу өңірі» газетін ұзақ жылдар басқарған Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, бас редакторы болған Дүйсен Мұқаметшарұлын да мақтанышпен атауға болады. 2012 жылғы маусым айында "Медиахолдинг Жетісу Ақпарат" Акционерлік қоғамы "Ақсу өңірі" газеті Ақсу аудандық филиалы болып қайта құрылды.

2015 жылы қараша айында «Медиахолдинг» таратылып, Ақсу аудандық «Ақсу өңірі» ЖШС «Ақсу өңірі» газеті болып шықты. Осы тұста газет редакторы болып Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, 25-ке жуық кітаптың авторы Мұхаметәлі Найманханұлы басқарды.

Газетімізде осы уақытқа дейін кімдер қызмет жасағаны туралы жоғарыда айттық. Алғашқы редактордан бастап, газеттің қазіргі тіршілігі түгел баяндалған.

Қазіргі таңда барлық аудандық газеттер сияқты «Ақсу өңірі» газеті де жеке меншікке өтіп, 2019 жылдың наурыз айынан бастап газеттің директор – бас редакторы болып, аудан айнасына айналған аудан газетін абыроймен алып келе жатырмын.

Газеттің жауапты хатшысы, тілшісі, ақын Сымханов Ербол Әбдікәрімұлы. Газеттің дизайні, көркемділігі, мақалалардың дұрыс орналасуы, оқырмандардың көңілінен шығуы осы жауапты хатшының мойнында. Сондай - ақ, есепші - Гүлжазира Ермұратқызы, бағдарламашы - тілші Жанар Аубакирова, көлік жүргізушісі - Бауыржан Абсематов, және газеттіміздің веб-сайтын жүргізуші Дидар Қасымовтар жұмыс істеуде.

Газеттің таралымы өткен жылы 3000 данаға жеткен. Биыл 2500 данадан асып аудан халқына таралуда.

Аймақтағы қаншама іргелі істердің қарлығашындай болып, жағымды жаңалықты халыққа дер кезінде жеткізе білген аудан айнасы бұқаралық ақпарат құралдары арасында зор беделге ие бола алды. Оқырман көңіліне қонымды болған газеттің алар асуы, бағындырар белесі әлі алдыда.

Бүгінгі таңда сөз басында айтқанымыздай, кешегі «көненің көзі, ескінің сөзі» болып басты бағытынан жаңылмай жеткен «Ақсу өңірі» аймағымыздың өсіп - өркендеуін, ауданымыздың көркеюін әрдайым тарих қатпарына таңбалай бермек.

Аудандық газет қай жылы, қандай атпен шықпасын, бір мақсатты көздеді. Ол аудан жұртшылығын шаруашылықты өркендетуге жұмылдыру еді. Қазіргі кезде аудандық газеттегі шығармашылық топ өркениеттің өнегелі істерін оқырмандар жүрегіне жеткізіп, тәуелсіздіктің тұрақты тағдырын барша жұртқа дер кезінде көрсете білуі газет ұжымында еңбек етіп жүрген қаламгерлердің үлесіне тиюі үлкен мәртебе. Газеттің көз тартар ажары, өрелі ісі, мағыналы мақалалары өзіне тән кең тыныс-ты арнасын кеңейте беретініне сенімдіміз. Газет тарихы – аудан тарихы десек, бұл бәріміздің жүрек толғантар мерекеміз.

Ләззат ҚАСЫМБЕКОВА,
"Ақсу өңірі" газетінің
директор - бас редакторы.

АҚСУДЫҢ ҚҰЛАГЕРІ – ТАРИХТЫҢ КУӘГЕРІ

Ақпарат құралының
патшасы өзің,
Мерекең құтты болсын
баспасөзім.
Баспасөзім егер де сен
болмасаң,
Тарихымның таңбасын
таппас едім.

Ауданның арындаған Құлагері,
Төбең көкке жетпей тұр
бір - ақ елі.
Тоқсанды тақымдаған
төл газетім,
Талай – талай тарихтың куәгері.

Ақиқатты айқындап
жазған тура,
Журналистер ел үшін
заңғар тұлға.
Қиынды, қызықты да
бастан кешіп,
Тарихымды сақтадың
қаз – қалпында.

Бұл заман салған кезде
қатал құрық,
Қазаққа қолдан жасап
ашаршылық.
Халыққа қуат берген өзің едің,
Бір емес, екі тілде қатар шығып.

Қасіретті жұртымды
күлдірсін кім?
Еліңмен бір мұңайып,
бір күрсіндің.
Ілиястан айырған қазағымды,
Сенің әлі есінде қуғын - сүргін.

Билік құрып тұрғанда
орыс құда,
Тағдырың көп қиынмен
тоғысты ма?
Сен бірақ бәрін жеңдің
тайсалмастан,
Бастан кештің сұрапыл
соғысты да.

Кеңестің кезеңінде
тұрған өрлеп,
Аналарды қолдадың -
құрбан ел деп.
Майдандағы ерлерге
күш сыйлаған,
Сенде ғана айтылды
тылдағы еңбек.

Білеміз басың талай тасқа тиді,
Елің сүйіп шығарды
жақсы атыңды.
Есімің үш қайтара ауысса да,
Сеземіз бір екенін мақсатыңды.

Ендеше кір келтірмей
жақсы атыңа,
Әлі де жете берші мақсатыңа.
Қиын шақта тайсалмай
халық үшін,
Үш рет таралыпсың аптасына.

Оқысаң кетіретін көңіл кірін,
Алғашқы «Ленин жолы»,
«Өмір нұрым»
Ақсудың "Ақсу өңірі" айнасысың,
Арнадым мерекеге
сезім жырын.

Ербол СЫМХАНОВ,
ақын.

МЕН ГАЗЕТКЕ ҚАЛАЙ КЕЛДІМ?

Мен газетке қалай келдім? Адам болған соң әр нәрсеге қызығуы, білгісі келуі, соған деген талпынысы, ұмтылысы болуы керек. Мен білмеймін - деген сөзді санадан мүлдем алып тастаған дұрыс. Білмеймін деген адам - ештеңені білмейді. Өзім аудандық, облыстық әр түрлі бағдарламаларға қатысып, жеңіске жетіп, қайтарымсыз несиелерді ұтып алып, сол бойынша жұмыстар жасап, енді басқа ауыл тұрғындары да сондай жетістікке жетсін деп, халыққа көмектесу үшін "Жанар" жеке кәсіпкерлігін аштым. Өзімнің жеткен жетістіктерім туралы, жасалып жатқан жұмыстарым туралы аудандық газетке мақалалар бере жүріп осы ұжыммен таныстым.

Бұл жерде Ербол ағамыз жұмысты талай жылдан бері атқарып келеді. Директор - бас редакторы, бастығым Ләззат Қалмұхамбетқызы: "Компьютерді жақсы білсең бізге 0,5 пайызбен бағдарламашы болып келсеңші. Ербол үлгере алмай жатады кейде", - деген ұсынысын айтты. Мен білмеймін деген сөзді білмейтін қазақтың қызы болған соң бірден келістім.

Кабинетке шақырып Ербол ағамызды тәлімгерім етіп берді. Газеттің бағдарламаларын үйретіп, мақалалардың орналасуы, тақырыптардың айқын болуы, суреттердің таза, әдемі қойылуы барлығын көрсетіп, газеттің макетін сызып беріп, бір бет жасауымды тапсырды. Өзім компьютермен жұмыс жасап жүргендіктен ол бағдарламаны да тез меңгеріп алдым. Басында маған газетті үйренгенше оқырмандардан келетін қол жазба хаттарды, мақалаларды теріп берсең болды деген.

Сызып берген макетін жылдамдатып жасап, дайын бетті қатесін оқуға, кемшілігін көруге Ербол ағаның қолына ұсттаттым. Білемін аздаған кемшіліктерім болды. Себебі, алғашқы рет жасап тұрған жұмысым.

Ерекең көрді де, қанша жыл істесе де газет жасауды үйрене алмай қойған әріптестерім болған, сен бір көрсеткеннен қағып алдың, - деп мақтап - мақтап жібергенде кәдімгідей қуанып қалдым.

Содан бері міне үш жылдан асыпты. Қазіргі кезде ақпарат түрі де, ақпарат құралдары да көп. Солардың ішінде оқырмандарымыз бен бізге ең жақыны өзіміздің аудандық «Ақсу өңірі» газеті. Өйткені, ол оқырманына ауданымыздың күнделікті тыныс - тіршілігін апта сайын жеткізіп отырады. Газетіміз 8 бет, 2 500 данамен әр жұма күні шығып тұрады. Сонымен қатар жаңа заман талабына сай «Ақсу өңірі» интернет – сайтында газетіміздің электронды нұсқасымен жарияланған материалдар апта сайын салынып тұрады.

Жанар АУБАКИРОВА,
бағдарламашы - тілші.

АУДАНДЫҚ ГАЗЕТІМІЗ – АЛТЫН ОРДАМЫЗ

Қызығы мен қиыны қатар жүретін бар газеттің Қара шаңырағы аталатын киелі аудандық газеттің Алтын ордамыз деген сөзімнің қайдан шыққанына қысқаша тоқтала кетейін. Бұл өзі сонау 1969 жылдың тамылжыған тамыз айының орта тұсы еді. Ол кезде редакция үйі Тәуелсіздік көшесіндегі Чапаев атындағы орта мектеп болған барак үйге орналасқан. Менің осы мекемеге қате теруші яғни, корректорлық қызметке орналасқаныма да көп бола қойған жоқ. Газетті аптасына үш рет шығару қияметтің ар жақ бер жағы. Өйткені, газет түгелдей қолмен теріліп шығарылады. Әріп теретін техника жиі бұзылады, қате көп, таңның атысы, күннің батысы шапқылап жүргеніміз. Менің міндетім бір қате жібермей оқу. Келген хаттарды тіркеп, редакторға беріп Москвадан бастап, Алматыға, аудан - аудандарға хаттар, журналистиканың не екенін әлі түсіне біліп қоймайтын аумалы - төкпелі жағдайда жүрген кезім. Мұның сыртында редакцияның дәстүрі бойынша ағаларымның барып кел, шауып кел, тауып кел деген «шабармандық» міндетін де бұзбауым және әріп теруші қыздардың да көңілін табуың керек. Әйтпесе, жауапты кезекшіге қу қыздар «қылт» ете қалса бір әріпті жып етіп алып тастап, оқыған жеріңнен жылт еткізіп қате шығарып қояды. Ертесінде редактордан кезекші екеуіміз «сыбағамызды» алып, қу қыздарға тәуелді болып жатамыз. Бұл жылдары газет қызметкерлері кілең жастар еді. Алды 25-те арты 27-28-дегі жігіттер болатын. Бірақ, 18-19-дағы біздерге өте ересек болып

көрінетін. Олар бірде фельетон, сықақ сын – мақалалалар жазып, аудан басшыларын бір сілкіп қоятын. Мұның сыртында әр саладағы озаттар жайлы мақала – очерктер, әңгіме - дастандарды да бұрқыратып жазып жататын. Кейде ойлаймын осындай ел ойламайтын, жаза алмайтын шығармаларға қалам сілтеп жүрген сол кездегі ағаларым басқаларға қарағанда әлде қайда байсалды, беделді көрінетіні шығармашылық қабілеттерінен бе деймін.

Бұл жылдары бас редактор, соғыс ардагері, жазушы, драматург, тарихшы Тәңірберген Қалилаханов ағамыз болды, тілшілер мен бөлім меңгерушілері атақты ақын Тұрсынзада Есімжанов, Хасен Көптілеуов, Жақан Қалдасбаев, Нұрғали Омарқұлов, Болат Бисұлтанов, Сағынболат Тінтаев, Ахмет Тегінбаев, Жеңіс Құрманғалиевтар еді.

Ия, жоғарыда айтқанымыздай сол 1969 жылдың тамыз айының орта тұсында түс ауа редакция жігіттері аяқ асты абыр - сабыр бола қалды. Сәйтсек, атақты жазушы Әуезовтың ұлы жуырда қайтыс болған Мұрат Әуезов, Сәкен Иманасов, баспаханалар жөніндегі облыстық басқармасының бастығы Жұрғали Сыздықов және бір жазушы іс - сапармен Ақсу - Алакөл бағытымен келе жатыр екен. Көп ұзамай төртеуі отырған автокөлік редакция алдына дік етіп тоқтай қалды да жерге түскен бойда ішіміздегі ақсақалымыз редакторға ізетпен сәлем беріп, ежелден таныс, дос болуы керек Тұрсынзада Есімжановпен құшақтасып жатыр. Осылай мәре – сәре болып жатқанда сол кездегі аудан басшысы да екі - үш адаммен жетті. Барлығы дабырласып амандасып болған соң әуелгі сөзді Мұрат Әуезов бастады. Ол аудан басшысына қарап, Сізге аудандық партия комитетіне бірінші бармағанымызға ренжімессіз деп ойлаймын. Өйткені, аудандық газет – талай қоғам қайраткерлері, атақты ақын - жазушылар түлеп ұшқан ұясы. Кезіндегі қиын - қыстау заманда мемлекетті сақтап қалуда қазақ газетін шығарған еліміздің зиялы қауымы редакциясына Алтын ордамыз деп атап кеткен көрінеді. Сондықтан да Сіздің аудандағы Алтын ордаларыңыз ескілеу екен, редакцияға атбасын тірегеніміз, - деп жөн сөзін айтқан еді. Мұнан соң жиналғандар ресми әңгімелеріне көшіп, редактормен Тұрсынзаданы алып аудандық партия комитетіне бет бұрды. Міне, осы кездесуден соң көп ұзамай келесі көктемде Мұратбаев көшесіндегі екі қабатты үйге редакция мен баспахана жаңа қонысқа көшірілді. Оған келген тілшілер ақын – жазушылардың ықпалы да болған сияқты.

Мұнан кейінгі жылдарда жоғарыда аталған азаматтар басқа аудандарға жоғарылап редактор, редактордың орынбасары, облыстық газет, радиоларға ауысып кетті. Олардың орнына редактор болып Ж.Майтжанов, М.Қоңырбаева, Б.Аманбаев, С.Тінтаев, О.Жұмашевтар редактор болса жаңа леп Т.Есеболатов, Ж.Бұқарбаев, М.Қазбанбетовтермен толықтырылды.

Ендігі кезек Тәуелсіздік алған жылдардағы «Ақсу өңірі» газетінің өміріне аз - маз тоқтала кеткеніміз жөн шығар. Бұл 2000 – шы жылдың күз айы қазанның бірі күні аудан әкімінің ұсынысы бойынша бас редакторлыққа тағайындалған кезім еді. Басқа аудандардағы аудандық газеттер жабылып біздің газетке де тықыр таялған болатын. Қаржының жоқтығынан бар болғаны отыз дана газет бар. Біздің газетті көршілес ауданға қосуда жоспарда бар сияқты, жалақы жоқтың қасы. Сонымен қарамағымдағы ежелден бері қызметтес болып келе жатқан Хасен аға, Берлібек, Тілеухан, Жеңіс, есепші Жанар, газет теруші Шеризат міне, осы әріптестермен ақылдасып жақсы ұйымдастырушылық жұмыстарын жүргіздік. Ол ақырындап өз нәтижесін беріп, оқырмандар саны да өсе бастады. Аудан, ауыл әкімшіліктері мекеме, ұйым басшыларымен тілшілер тығыз байланыста болды. Газет жабылайын деп қыл үстінде тұрғандағы бір – екі оқиғаны айта кетсем. Біраз журналисттер зейнетке кетіп, орындарына жастарды іздестіре бастадық. Соның бірі қазіргі бас редактор Ләззат Қасымбекова еді. Ол кезде газет Талдықорғанда шығады. Жалақы жоқтың қасы дедік. Содан Ләззатымыз түнімен газеттің қатесін тексереді, оны тереді, макетке бетке орналастырады, ертесінде Көршісінің «москвич» көлігіне жармасып қарызға қалаға барып газетті бастырып алып келеді. Бұл қайталанып отыратын жұмыс. Біз болсақ атақты жазушы Шерхан Мұртазаның, «журналистиканы арқалағаны алтын, жегені жантақ»,-деп бекер айтпаған әлі жалақы да, сыйақы да бәрі болады - деп еркелетіп қоямыз. Міне, сол жауапты жұмысқа қабақ шытпай атқарғанын ұмытпаймыз. Осындай біраз қиындық көріп жүргенде бұрынғы редактор Ораз Жұмашев ағамыз келіп мен Конституциядан 360 мың тенге алашақ ақшаны шотқа түсіре алмадым ыңғайын келсе сол ақшаны қуала дегені. Содан салып ұрып Алматыға келіп Қазпоштаға барсам бастығы менің атақты ақын досымның қарындасы екен. Жағдайды түсіндіріп едім, қазір Талдықорған орталық болып, көшейік деп жатырмыз қазір қаржы жоқ шоттар жабылған, сіз компютер алдым деген қағаз жіберіңіз сол мекемеге аударып берейін, солай алмасаңыз ыңғайы жоқ дегені. Таныс арқылы бір индуспен келісіп соның офисынан компютер алды деген қағаз алып өткіздім. Содан индуске ақша түсті ақшамды аудар десем әлгі айнып шай аласың ақшаның орнына деп қарап отыр. Тағы да Туркуаз фирмасындағы бір танысыма айтып едім ол жарайды көмектесемін деп әлгі индуспен сөйлесіп 360 мың тенгенің шайын өзіне қабылдап, қолма қол көтерме бағамен басқа бір жерге аударып нәтижесінде 500 мың тенгені Редакцияның шотына аударып - ақ бергені.

Осындай оқиғалардың арқасында 2 мың, 5 мың жалақы алып жүрген тілшілеріміз айлығын да, сыйлықтарын да алып, облыс бойынша тұңғыш газет 8 бет болып шығарылды. Кейін аудан әкімдігімен қомақты қаржы бөлініп, қызметкерлердің айлық жалақылары өсіп, әр мерекеде сыйақымен қамтыды. Газет саны 30 данадан 360 данаға өсті. Осы газетпен тәлім тәрбие алып қызмет істеп кеткен біраз жастарымыз Астана, Алматы қалаларына жауапты қызметтерде жүрсе өзіміздің ауданымызда әр салада жемісті еңбек етуде. Ал, қазіргі кезеңде газеттің бар ауыртпашылығын қиналмай атқарған шәкіртіміз директор - бас редактор Ләззат Қасымбекова, газеттің жауапты хатшысы әрі орынбасар міндетін алып жүрген ақын Ербол Сымхановтардың өз міндеттерін жауапкершілікпен атқарып жүргендеріне көңіл толып, табыс тілеп отырамыз. Мерекелерің құтты болсын.

Енді еңбек жолымыздың 50 жылы газетпен өткендіктен көптеген тарихи оқиғалар жайлы мұрағаттар жинадық. Кеңес дәуірінде баспасөз бетіне жолату тұрмақ айтқызбайтын ата - баба тарихын айтуға тәуелсіздікте ғана қол жеткізгендейміз. Осыған арай, аудандық газеттің 90 жылдығына байланысты Сәтімбеков Тұрсынбек ел басқарған ағамыздың біздің ататегіміз жайлы жазылған кейінгі жастар ұғып біліп жүрсін деп жариялауды жөн көрдім.

ҚАПТАҒАЙ

Бөз жігіттің Қаптағай,
Аты шыққан ертеден.
Серілікпен жүріпті,
Жасында асқан ерке екен.
Қаптағай батыр атанған
Денелі ірі жан екен.
Алмас қылыш, Қаһарда,
Сол Қаптағай бар екен.
Асан ата қазақты,
Үш жүзге бөлмек болыпты.
Жерұйықты көп іздей,
120 жасқа толыпты.
Бетпақдала жерінде,
Нұраның қара тұзы бар.
Батыр шешен билерді,
Сонда жимақ болыпты.
Телі кел деп атанған.
Екі өзен жағасы,
Жеті қоңыр құм екен.
Сол екі өзен арасы,
1465 бес.
Тауық жылы бас қоспақ,
Батыр шешен көсемдер
Барлық қазақ баласы
Үйсіннен келмек Қойлыбай.
Қара Оспан батырлар,
Жалайырдан Бөрібай.
Қазтуған жырау Қыпшақтан
Қобыланды батыр бар
Қотан жырау Арғыннан
Қарағожа - Керейден
Бас қосысып жиналмақ.
Найманнан Қаптағай батырлар
Шоқтығы биік Қаптағай
Сол уақытта бар екен.
Малға кедей болса да,
Күші мығым нар екен.
Найманға ұран атанған
Сол Қаптағай батырдың
Ұрпақтары қазыр бар,
Матайдан туған бала екен.
Сол Қаптағай батырдың
Жолдас - Қиас баласы
Қарауыл - Жасық - Қиастан
Қиастың Жолдас ағасы.
Шорқын - шорқын тараған
Қиасынан тұқым бар.
Жасықтан өскен тұқымдар
Алтай жақта шамасы
Жолдастан – Есенгелді - Теке туған
Бұларда тарихи жолды қуған.
Көп ел бар Есенгелдіден
Текеден Көлдей менен Жумай,
Жарлығамыс - Жалаңның
Есенгелді атасы
Төртқара деп атанған.
Жарлығамыс батасы
Елтүзер - Жөмет екеудің
Бөлекпен - Сүйін ағасы
Қазір де бар тірісі.
Ат басарда шамасы,
Асан – Үсін - Қасеннің,
Жалаң екен бабасы.
Ақтолыс атты анасы
Сол ананың олжасы
Ақбұрым ана шамасы.
Олжа деп жүрген атамыз
Жалтыр соның баласы.
Ақтолыс ана барыпты,
Сар Сұлтан төре аулына.
Ақбұрым ана күң екен,
Сол төренің аулында.
Қалай сұрап алыпты
Іште кеткен баласы.
Ат қойылды Жалтыр деп,
Бұлда Жалаңның баласы.
Сол Жалтырдан Дуанбар,
Екі атаға таралған.
Қозыбай - Бұйрас Дуаннан
Бірнеше ата тараған.
Қозыбайдан бес бала,
Бұйырастан туған төрт бала.
Бүйен - Қопа бойында,
Дуан елі тараған.
Асан деген бабамыз,
Жалаңның үлкен баласы.
Алты атаға тарапты.
Сол Асанның баласы
Бөрте – Тоқа – Бекболат,
Жақсылық - Сары бесеуі
Қаржаудың үлкен ағасы.
Жақсылықтан бес бала,
Мырзагелді - Тасыбай.
Ақтылес – Көрпе - Бұзаулар,
Ірі екен сайдың тасындай.
Сарыдан туған үш бала,
Бөрібай қара Жаубөрі
Ұран болған Матайға.
Бөрібай батыр жаугері,
Алтын деген анамыздан бес ұл
Құлисан – Елшен – Есеналы - Байанбек.
Қыдыралы дастарқанды дәужері
Екіншісі Бікен апам атында.
Ұран жақсы есептесет айтуға
Сейтқұл – Байғұл - Қалдыбай мен үшеуі.
Сол ананың ел болып жүр атында
Мамыш - Көкіш екі қалмақ баласы
Бір соғыста алып келген
Бөрібай батыр олжасы.
Олжағылып Көкішті алған
Тауасар,
Мамыш қалмақ Бікен апам
олжасы,
Жаубөріден – Құлдар – Үрімжі - Ақтайлақ
Түбі шикі Үрімжінің
Айтылады қақпайлап.
Жаугерлікте қолға түскен қалмақты
Құлдар бауыр қылады екен жақтайлап.
Қара деген еліміз бар 5 ана,
Жанғыз шешем тапқан екен 5 бала.
Тоқсұлудан туған екен жетеуі
Екі - екіден алтау тапқан үш ана.
Сонымен онсегіз ұл туыпты,
Өсіп өніп ата жөнін қуыпты,
Қара десе еске алып кейінгі ел
Айтылады бес енеден туыпты.
Қаржау – Бөрте - Қоныстас
Бұлда Асан баласы
Бөртеде бар шын болса.
Кіші жүздің таласы
Өтен – Шыт - Бұқарбайы осы жақта.
Жат екенін білдірген,
Қаржаудан ақ жаласы
Таралады Қаржаудан.
Үмбет – Көкен - Барлыбай,
Үмбеттен - бесеу,
Көкеннен - жетеу,
Жеті ата қалған Барлыбай
Сонымен үш ұлдан
Он тоғыз ата ұрпағы.
Сол Қаржаудан тараған.
Тарамаған Асаннан
Бекболат пен Тоқа бар.
Бекболаттан Қыриғонақ
Қай жақта екен Тоқалар?
Естіген ел бар мекен,
Аталарын сол елдің?
Мекені қай жер екен?
Қыриғонак - Тоқалар
Үсен - Қасен атанған
Бұлда Жалаңның баласы
Асанды айттым алдында,
Екеуінің ағасы,
Үшеуін тапқан Ақтолыс
Қасиетті анамыз.
Нағашымыз төре екен
Соның қызы шамасы.
Қыдырып кепті ауылға
Нағашымыз сол төре
Не киянат жасаса,
Тоқтау барма еркеге?
Қанжығасын ұрлайды
Балалықпен екеуі
Үлкендердің айтуы
Қарғыс тапты сол төре.
Үсенді ала күшік деп,
Ит ырысты бол дейді.
Қара күшік қатып сен,
«Тұқымсыз өспей өл» - депті.
Рас болып айтқаны,
Сол төренің келіпті.
Қасен ата қарғыстан,
Тұқымыз өспей өліпті.
Үсеннен туған екі ата,
Ақшора - Шаппа атаған.
Әулие бопты Ақшора
Жеті пірден бата алған,
Рас болса бұрынғы.
Үлкендердердің айтуы
Жеті өлікке жан беріп,
Жеті пірге кол беріп,
Ақшора баба атанған
Үш атаға тарапты.
Сол Ақшора баласы,
Жасы үлкен алдында
Шаппа екен ағасы
Қазірде бар алты ата,
Сол Шаппадан тараған.
Шоқа – Лақа - Олжабай,
Тәттібай мен Қойлыбай.
Үлкен Танат шамасы,
Есенаман - Бердіғұл.
Ақшора ата баласы
Екеуінің үлкені
Ордағұл екен ағасы.
Бердіғұлдан - Боқбасар
Тұқымыз боп өтіпті,
Таусар батыр атанған.
Бердіғұлдың баласы,
Ордағұлдан төрт бала.
Ақантай мен Майамер
Кебек - Тотай туыпты.
Алған екен екі әйел
Баймырза мен Самырза,
Есенаман баласы.
Самырзадан бес бала
Баймырза сегіз ата екен.
Акшораның ең көбі
Есенаман баласы.
Тонат екен Шаппаның,
Ең алғашқы баласы.
Тоғызақ - Талас үлкені,
Жырымбел мен Елікпай.
Екінші әйел баласы.
Шоқадан туған төрт бала,
Алжын - тамай кейіннен.
Жидебай - Мамбет данасы.
Үшінші ата «Лақа»
Ақбике ана атанған.
Үш бала туған бұдан да,
Ноғай – Сарт - Хален атанған.
Құл болды деп жүріппіз.
Тәттібай екен бабасы.
Бабалы мен Құлболды,
Тәттібайдың баласы.
Дертсал – Тілеу - Шыбынтай.
Олжабайдан тараған,
Ең кенжесі Шаппаның
Қойлыбайдан төрт ата.
Қара шаңырақ атанған.
Айтымбет – Нұраш - Келдаулет
Бегімбет пен төрт ата.
Қойлыбай елі тараған,
Көз көрмеген көп ата.
Өлең сөзбен құрадым,

Дүйсен МҰХАМЕД,
«Ақсу өңірі» газетінің бұрынғы
директор – бас редакторы,
Ақсу ауданының «Құрметті азаматы».

БЖЗК ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ ПЕНСИОННЫЙ ФОНД

(МЗЖ) Міндетті зейнетақы жарналарын кім, қалай төлеуге міндетті?

2024 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша зейнетақы активтерінің шамамен 96,5% мөлшері міндетті зейнетақы жарналарын (МЗЖ) уақытылы аудару есебінен қалыптасты.

БЖЗҚ-да МЗЖ есепке алынатын жеке зейнетақы шотын (ЖЗШ) ашу Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен МЗЖ немесе өсімпұлды аудару кезінде БЖЗҚ-ға МЗЖ төлеу жөніндегі агенттер ұсынатын жеке тұлғалардың тізімдері негізінде жүзеге асырылады. Осылайша, қызметкерге ЖЗШ ашу үшін БЖЗҚ-ға өз бетінше жүгінудің қажеті жоқ.

Әлеуметтік Кодексте БЖЗҚ-ға міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есепке жазу) және аударуды, олар бойынша өндіріп алу тәртібі мен мерзімдерін уәкілетті мемлекеттік орган әзірлеп, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетіндігі көзделген.

Агенттің МЗЖ аударуы

Әлеуметтік кодекстің нормаларына сәйкес, МЗЖ төлеу жөніндегі агент (агент) - Қазақстан Республикасындағы қызметін шетелдік заңды тұлғалардың тұрақты мекемесі, филиалдары, өкілдіктері арқылы жүзеге асыратын шетелдік заңды тұлғаны қоса алғанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен МЗЖ есептейтін, ұстап қалатын (есепке жазатын) және Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударатын жеке немесе заңды тұлға.

Бұл ретте агенттерге МЗЖ-ны БЖЗҚ-ға уақытылы есептеу, ұстап қалу (есепке жазу) және төлеуді төмендегі тұлғалардың табыстарынан жүзеге асыру міндеті жүктелген:

1). өзге де ақылы жұмысы бар (сайланған, тағайындалған немесе бекітілген), оның ішінде Қазақстан Республикасындағы халықаралық ұйымдардың өкілдіктерінде, Қазақстан Республикасында аккредиттелген шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерінде және консулдық мекемелерінде жұмыс істейтін жұмыскерлер, адамдар;

2). нысанасы жұмыстарды орындау (қызметтер көрсету) болып табылатын, салық агенттерімен жасалған азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша табыс алатын, оның ішінде Қазақстан Республикасындағы халықаралық ұйымдардың өкілдіктерінде, Қазақстан Республикасында аккредиттелген шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерінде және консулдық мекемелерінде жұмыс істейтін адамдар.

Агенттер МЗЖ-ны "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясына қолма - қол ақшасыз төлемдер арқылы аударады, ол өз кезегінде МЗЖ-ны жеке тұлғалардың бірыңғай тізіміне сәйкес БЖЗҚ-ға аударады. Аударым деректемелерін enpf.kz сайтындағы "Қызметтер" бөлімінен табуға болады.

МЗЖ-ны дербес төлеу

Әлеуметтік кодекстің нормаларына сәйкес БЖЗҚ-ға МЗЖ төлеуді мына тұлғалар дербес жүзеге асыра алады:

1). жеке кәсіпкерлер, оның ішінде шаруа және фермер қожалығының басшылары, олардың он сегіз жасқа толған мүшелері, сондай-ақ, өз пайдасына жеке практикамен айналысатын адамдар;

2). нысанасы жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) болып табылатын, салық агенттері болып табылмайтын жеке тұлғалармен жасасқан азаматтық - құқықтық сипаттағы шарттар бойынша кірістер алатын Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын жеке тұлғалар;

3). Қазақстан Республикасындағы халықаралық ұйымдардың өкілдіктерінде, Қазақстан Республикасында аккредиттелген шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерінде және консулдық мекемелерінде жұмыс істейтін Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын жеке тұлғалар.

Төлем жасаушылардың түріне қарай МЗЖ төлеудің егжей-тегжейлі тәртібі, мөлшерлемесі мен мерзімдері enpf.kz сайтындағы "Қызметтер" бөлімінде көрсетілген.

Атап кетейік, Әлеуметтік кодекске сәйкес агент уақытылы ұстамаған (есептемеген) және (немесе) аудармаған МЗЖ сомаларын, егер олар нақты төленген және қызметкер табыс алған болса, Мемлекеттік кіріс органдары өндіріп алады немесе агент МЗЖ салымшыларының пайдасына әрбір кешіктірілген күн (Мемлекеттік корпорацияға төлем күнін қосқанда) үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесінің 1,25 еселенген мөлшерінде есептелген өсімпұлмен бірге аударуы тиіс.

БЖЗҚ-ға міндетті зейнетақы жарналарын төлеуден төмендегі адамдар босатылады:

1). Әлеуметтік кодекстің 207-бабының 1-тармағына сәйкес зейнет жасына толған адамдар;

2). егер мүгедектік мерзімсіз уақытқа белгіленсе, бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар босатылады. БЖЗҚ-ға МЗЖ төлеу осы тармақшада көрсетілген адамдардың өтініші бойынша жүзеге асырылады;

3). әскери қызметшілер (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің қызметкерлері, сондай-ақ, арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдар;

4). еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін алушылар.

Барлық сауалдарыңызға жауап алып, ақпараттың дұрыстығын БЖЗҚ бөлімшелерінде де, қашықтықтан да тексере аласыз:

enpf.kz сайты, БЖЗҚ/ЕНПФ ұялы қосымшасы арқылы, көп арналы тегін байланыс арқылы, байланыс орталығының 1418 нөміріне қоңырау шалу, сондай-ақ, +7 777 000 1418 нөмірі бойынша "WhatsApp" арқылы БЖЗҚ-ның "Одноклассники", "Telegram", "Facebook", "ВКонтакте", "Twitter" және Instagram сияқты танымал платформалардағы әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында алуға болады.

●***БІЛГІМ КЕЛГЕН БЕС СҰРАҚ?***

БЖЗҚ туралы өзекті сауалдар

1. Зейнетақы жинағымның сомасын қалай тексерсем болады?

Жинақ сомасын БЖЗҚ сайтындағы немесе ұялы қосымшасындағы Жеке кабинетіңізден тексеруге болады. Егер, Сіз БЖЗҚ-дағы Жеке кабинетке ешқашан кірмеген болсаңыз, онда БЖЗҚ сайты арқылы ЭЦҚ кілтінің көмегімен авторланып, Жеке кабинетіңіз үшін өзіңізге сәйкес келетін құпиясөз орнатуға кеңес береміз. Ол арқылы болашақта ұялы қосымшаға оңай және жедел кіріп, жарналардың жүйелілігі мен толықтығын, инвестициялық кірістің есептелуін және жинағыңыздың жалпы сомасын қадағалап отыруға болады. Өз шотыңыздан үзінді көшірмені egov.kz электрондық үкімет порталындағы Жеке кабинетте, сондай-ақ, БЖЗҚ-ның кез келген бөлімшесінде тексеруге болады.

2. Зейнетақы жинақтары сомасының өзгеру себебі неде?

Қорға түскен зейнетақы жарналары жеке зейнетақы шоттарында сақталып қана қоймай, сонымен қатар инвестицияланып, салымшыларға табыс әкеледі. Зейнетақы жинақтарын экономиканың түрлі салаларындағы, әртүрлі валюталардағы сан-алуан қаржы құралдарына инвестициялауды Ұлттық Банк және инвестициялық портфельді басқарушылар (ИПБ) жүзеге асырады. Алайда, қаржы нарықтарындағы жағдай экономикалық, саяси және басқа факторлардың әсерінен өзгеруі мүмкін. Олар бағалы қағаздар (салымдар және басқа операциялар) бойынша сыйақы, қаржы құралдарын нарықтық және валюталық қайта бағалау, сыртқы басқарудағы активтер түріндегі кірістерге және т.б. әсер етеді. Сондықтан жекелеген кезеңдерде инвестициялық кіріс оң да, теріс те болуы әбден мүмкін, ал бұл зейнетақы жинақтарының жалпы сомасына әсер етеді. Бұл ретте, кейбір құралдар бойынша кіріс басқа құралдар бойынша уақытша шығындарды жабатын инвестициялық портфельді әртараптандыру зейнетақы жинақтарының ұзақ мерзімді келешекте сақталуын және орнықты табыстылығын қамтамасыз етеді. Естеріңізге сала кетейік, зейнетақы жинақтары - бұл ұзақ мерзімді инвестициялар және инвестициялық кірістің мөлшерін кем дегенде бір жыл ішінде талдау қажет.

Бірақ қаржы нарықтарының тұрақсыздығы ұзақ мерзімді болып, төлем құқығын алған кезде нақты кірістілік инфляциядан төмен болса да, мемлекет алушыларға инфляция деңгейін ескере отырып, нақты енгізілген қаражат мөлшерінде ҚР Ұлттық Банкінің басқаруымен міндетті зейнетақы жарналарының (МЗЖ) және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының (МКЗЖ) сақталуына кепілдік береді. Басқарушы компаниялар жарналардың сақталуына меншікті капиталы есебінен жауап береді және нарықта әрекет ететін ИПБ-ның басқаруына берілген зейнетақы активтерінің орташа өлшенген кірістілігі негізінде есептелетін табыстылықтың ең төменгі деңгейін қамтамасыз етуге кепілдік береді.

3. ҚР азаматтары басқа елге тұрақты тұруға көшкен жағдайда, олардың зейнетақы жинақтары қайтарыла ма?

БЖЗҚ - да міндетті, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МЗЖ, МКЗЖ) және ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен зейнетақы жинақтары бар және Қазақстан аумағынан тысқары жерлерге тұрақты тұруға кеткен, Қазақстан заңнамасына сай қажетті құжаттарды өткізген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін алу құқығын пайдалана алады.

Құжаттарды алған кезде БЖЗҚ Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының ақпараттық жүйелерінен жүгінген шетелдікте немесе азаматтығы жоқ адамда Қазақстан азаматының жеке басын куәландыратын құжаттарының не шетелдіктің Қазақстанда тұруға ықтиярхатының не уәкілетті қазақстандық орган берген азаматтығы жоқ адамның куәлігінің болуы және олардың жарамдылығы туралы мәліметтерді сұратады. Егер бұл құжаттар (өтініш білдірген шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның елден тыс жерге тұрақты тұруға кетуіне не шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның Қазақстанда тұрақты тұруға рұқсатының күшін жоюына не Қазақстан азаматтығынан айырылуына/шығуына байланысты) жарамсыз болса, БЖЗҚ зейнетақы төлемін жүзеге асырады.

БЖЗҚ-ға құжаттарды тапсырудың 3 тәсілі бар:

1. Сіз БЖЗҚ кеңсесіне шетелдік паспортпен және банктік шот туралы мәліметтермен жеке жүгіне аласыз.

2. Тұрақты тұруға кететін өкіл (сенім білдірілген тұлға) БЖЗҚ кеңсесіне құжаттар топтамасымен жеке өзі жүгіне алады.

3. Қажетті құжаттарды БЖЗҚ облыстық (өңірлік) филиалдарының бірінің пошталық мекенжайына жіберуге болады.

БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін алу үшін жіберілетін құжаттарды Қордың "Төлемдерге құжаттарды алдын ала тексеру" электрондық қызметін пайдалана отырып алдын ала тексеруге болады.

Зейнетақы жинақтарын төлеу тек алушының банктік шотына, оның ішінде зейнетақы төлемдерін алушы әрекетке қабілетсіз/әрекет қабілеті шектеулі кәмелетке толған тұлға болған жағдайда ғана жүзеге асырылатындығына назар аударамыз. Зейнетақы жинақтарын заңды өкілдің (қорғаншының/қамқоршысының), сондай-ақ, сенім білдірілген тұлғаның банктегі шотына төлеуге жол берілмейді. Осылайша, басқа елде тұрақты тұруға өтініш берген адам өзінің зейнетақы жинақтарын жақын туыстарына немесе басқа адамдарға бере алмайды.

Егер ҚР ратификациялаған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы №521 Қаулысының 14-тармағы, 2-параграфы, 2-тарауы), Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға зейнетақы төлемдері БЖЗҚ-ға белгіленген құжаттар қабылданған немесе түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде бір рет біржола жүзеге асырылады. Мәлімет үшін хабарлаймыз, БЖЗҚ сайтында құжаттарды БЖЗҚ-ға беру тәсіліне қарай қажетті құжаттардың тізбесі, оларды ресімдеуге қойылатын талаптар, сондай-ақ, өтініш бланкілері мен оларды толтыру үлгілері, сенімхат үлгісі орналастырылған.

4. Ең төменгі жеткіліктілік шегі қалай есептелетінін түсіндіріңізші? Ағымдағы жылы олардың мөлшері қандай?

Ең төменгі жеткіліктілік шектерін есептеу ҚР Үкіметінің 30.06.2023 №521 Қаулысымен бекітілген айқындау әдістемесіне сәйкес жүргізіледі. Осы Әдістемеге сәйкес ЕТЖ есептеу кезінде ең төменгі жалақы мөлшері, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің ең төменгі мөлшері, зейнетақының ең төменгі мөлшері, ең төменгі күнкөріс деңгейі сияқты әлеуметтік көрсеткіштер, сондай - ақ бірқатар өзге көрсеткіштер-зейнетақы активтері кірістілігінің жылдық пайыздық мөлшерлемесі, БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін индекстеу мөлшерлемесі, міндетті зейнетақы жарналарының болжамды жиілігі, зейнетақы жарналарын жүзеге асыру жасы және басқалар ескеріледі. Бұл ретте Әдістемеде пайдаланылатын көрсеткіштер шектердің мөлшеріне әртүрлі әсер етеді. Ал, кешенді түрде салымшының әр кездегі жасында талап етілетін зейнетақы жинақтарының қажетті сомасын есептеуге мүмкіндік береді.

Осылайша, бекітілген әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді және зейнетақы жинақтарының жылдық кірістілік мөлшерлемесі бойынша болжамды деректерді ескере отырып жүргізілген есептеулер нәтижесінде 2024 жылға арналған ЕТЖ шегі 2023 жылғы деңгейде сақталды. Әр жасқа арналған ЕТЖ шегі туралы ақпарат enpf.kz сайтында орналастырылған.

5. Міндетті зейнетақы жарналары бойынша қате есептелген қаражатты қалай қайтаруға болады?

Қате есептелген соманы қайтару үшін салық агенті (жұмыс беруші) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясына қате аударылған міндетті зейнетақы жарналарын қайтару туралы өтініш беруі керек. Осы өтінішке салымшының (алушының) қате есептелген сомаларды оның жеке зейнетақы шотынан есептен шығаруға келіскені туралы нотариалды куәландырылған өтініші де қоса беріледі.

Мәди БАЙДҮЙСЕН,
«БЖЗҚ» АҚ Жетісу облыстық филиалының операциялық бөлімінің Жансүгіров ауылындағы қызмет көрсету орталығының маманы.

101 ХАБАРЛАЙДЫ!

АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

ӨРТ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАҢЫЗДАР!

Жағуға болмайды! Ақсу ауданы тұрғындарының назарына! Шабындық жерлерді, көшені және аула ішін қоқыстан тазалағанда көпшілігі оны жағып жібереді. Сол себептен өрт қауіпсіздік нормалары мен ережелерін бұзып жақын орналасқан құрылыстар мен үйлерге қауіп туғызады. Сондықтан қоқысты жинап, арнайы жерге шығарып тастауыныз қажет. Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодекстің «Атмосфераның ауаны сақтау жөніндегі және өндірістік тұрмыстық қалдықтарды жағу және жинау кезіндегі өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтамау туралы» 336 бабына сәйкес өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзған тұлғалар әкімшілік жауапқа айыппұл ретінде тартылады.

ӨРТТІҢ ШЫҒУЫНА ЖОЛ БЕРМЕУ МАҚСАТЫНДА ӨРТ ҚАУІПСІЗДІК ҚАҒИДАЛАРЫН САҚТАҢЫЗДАР!

- Электр өткізгіштердің, ажыратқыштардың және тоқ көздерінің дұрыс жұмыс істеуін қадағалаңыз;
- Электр аспаптарын, плиталарды жарамды күйде қолданып, перделер мен жиһаздан алшақ, жанбайтын тіреулерде орналастырыңыз;
- Электр аспаптарын бір нүктеге қосуға жол бермеңіз, бұл электр желісінің шамадан тыс қуаттығына әкеп соқтырады;
- Қолдан жасалған қыздырғыш электр аспаптарын, қуаттың артып кетуін және қысқа тұйықталуды болдырмау үшін калибрленген ергішендірмелерді және басқа да қолдан жасалған аппартаттарды қолданбаңыз;
- Үйді жылыту үшін газ плиталарын қолданбаңыз;
- Үйден шығарда барлық газ және электр қондырғыларының өшірілгеніне көз жеткізіңіз;
- Жылыту маусымы басталар алдында пештерді жөндеуден өткізіп, мұржаларды күл - қоқыстан айында кемінде бір рет тазартып тұрыңыз;
- Қатты отын пайдаланатын пеш есігінің астындағы жаңғыш материалдан жасалған еденді өлшемі 50х70 см. кем болмайтын есік алды қаңылтырмен қорғаңыз;
- Пешке тамызғы ретінде тез жанғыш сұйықтықтарды қолдануға жол бермеңіз;
- Пештерді жағуды үйден шығар алдында кемінде 2 сағат бұрын тоқтатыңыз;
- Сіріңке мен жаңдырғыш құралдарды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз;
- Балаларды қараусыз жалғыз қалдырмаңыз;
- Төсек орнында темекі шекпеңіз, темекі тұқылдарын балкондарын мен лоджиялардан лақтырмаңыз;
- Дайындалып жатқан тамақтың плитада бақылаусыз қалуына жол бермеңіз.

Өрт болған жағдайда «101» телефонын соғыңыз, құтқару қызметі телефоны «112».

Дала өрттерінің алдын алайық!

Жаз мезгілінде дала өрттерінің болуы қазіргі жағдайда белең алуда. Ескеретін жәйт, көбінесе құрғақ шөптің жануына отты абайсыз қолдану, сөндірілмеген темекі тұқылы, балалардың отпен ойнауы себеп болып табылады. Осыған орай, Ақсу ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі Өрттің алдын алу мақсатында табиғатта болған кезде жанып жатқан сіріңке мен темекі тұқылын тастамау, балалардың сіріңкемен және отпен ойнауына жол бермеу, аң аулауда бықсыған материалдардан жасалған оқ тығынын пайдаланбау, от жағуға және құрылыстардың жанында қоқыстарды жақпауларыңызды ескертеді. Алауды тек топырақ қабатына дейін тазартылған алаңға жағыңыз. Өрт болған жерден шығып, отты сумен сөндіріңіз немесе ошақтың жануы толық тоқтағанға дейін топырақ лақтырыңыз. Шыны ыдысты және сынған шыныны қалдырмаңыз. Басталған өртті сумен, ұзындығы 2 метрге дейінгі жапырақты ағаштардың бұтақтарымен сөндіріңіз немесе топырақ лақтырыңыз.

Ескерту! Дала өрттерін сөндіру кезінде:
- Жалынды қаптармен, басқа да қолда бар құралдармен өшіріңіз;
- Егер техника болса, оны пайдалануға тырысыңыз, өрт учаскесін жыртыңыз немесе қорғаныс жыртуды жүргізіңіз;
- Ең алдымен оттың таралуын тоқтату керек, одан кейін ең қарқынды жану орындарындағы отты сөндіру керек. Бұл ретте су ағысын жалынға емес, жанған жерге бағыттау керек.

Өрт болған жағдайда Өртке қарсы қызметке 101 және 112 нөмірі бойынша хабарласыңыз!

Өрт қауіпті кезеңде сақ болыңыздар!

Адами факторлар табиғи өрттердің негізгі себептері болып табылады. Адамдар даладағы өткен жылдан қалған шөптерді жиі өртейді, қатты жел оттың ұшқындарын қалыптастырып, өрт орын алады.

Сонымен қатар, еліміздің аумағында күннің аптап ысуына байланысты дала өрттерінің орын алады. Көп жағдайларда дала өрттері адамдардың абайсыздығынан пайда болады.

Көкке шыққан азаматтардың жаққан оттарын өшірмей кеткендіктерінен немесе көлік жүргізушілерінің жол жиегіне өшірмей тастай салған темекі тұқылынан, ашық алаңқайда қоқысты немесе құрғақ шөптерді жағуы және т.б. салдардан пайда болады.

Сол себепті, осы кезеңде көкке шыққан азаматтардың далалы аймақта өте сақ болуы және өрт қауіпсіздігі қағидаларының шараларын сақтап, өте мұқият болуы қажет.

Ғимараттар мен құрылыстардың, сондай-ақ, тұрғын үйлердің және басқа ғимараттардың аумағы тез жаңғыш қалдықтардан, жапырақ қалдықтарынан, құрғақ шөптерден және т.б. қоқыстардан тазалануы керек.

Ашық өрт жағуға, қалдықтарды өртеуге тыйым салынады. Әрбір тұрғын үйлердің жанына су бөшкелерін және өрт сөндіргіштерді орналастыруға болады.

Жазғы мезгілде ата-аналар балаларға ерекше назар аударуы тиіс. Ата-аналар балаларға сіріңкемен ойнауға болмайтынын түсіндіру керек. Өзіңіздің істеріңізбен балаларды өрт қауіпсіздік ережелеріне үйретіңіз!

Құрметті аудан тұрғындары!
- Шөптер мен сабандарды жақпаңыздар.
- Бақылаусыз қоқыстарды өртемеңіздер және алау жақпаңыздар.
- Балаларға сіріңкемен ойнауға, шөптерді өртеуге рұқсат бермеңіздер.
- Оттың бір құрылыстан басқасына өтіп кетпеуі үшін, шаруашылық аулаларының, гараж кооперативтерінің аумақтарын құрғақ шөптерден және қоқыстардан тазартыңыздар.
- Жанған сіріңке мен темекі тұқылдарын лақтырмаңыздар.
- Күннің астында бөтелке немесе шыны сынықтарын қалдырмаңыздар.
- Құрғақ және желді ауа-райында алау жақпаңыздар, оларды сөндірусіз қалдырмаңыздар. Егерде Сіз басталған өртті байқасаңыз, мысалы, кішкене өртенген шөп, оны өздігіңізден өшіруге тырысыңыз. Кейде жай ғана жалынды таптап тастау да жеткілікті (шындығында, шөптің бықсып жатпағандығына көз жеткізіп, күте тұру керек, әйтпесе от қайта жануы мүмкін).

Егерде от қатты жанса, оны өз күшіңізбен сөндіре алмасаңыз, шамаңыз келгенше онымен айналысатындарға тезірек хабар беруге тырысыңыз. 101 және 112 телефондарына қоңырау шалып, байқаған жану ошағын және оған қалай бару керектігін хабарлаңыз.

БАЛА және ӨРТ

Өмірінде өртті бір рет көрген адам оның қандай апат екенін біледі. Өрт жолындағының бәрін жалмап, тіпті ең қымбатты – адам өмірін де аямайды. Біздің күнделікті тіршілікте: «Сіріңкемен ойнама», «Отпен ойнау қауіпті», «Өрт – тілсіз жау» және т.б. ұрандарға құлағымыз үйреніп кеткен. Көп жағдайларда балаларды көз қызықтырар белгілері бар сіріңке, темекі қорабтары қызықтыратыны естен шығып жатады.

Балаларда үлкендерге тән психологиялық қорғаныс реакциясы толық дамымаған. Көпшілігі өрт кезінде аман қалу үшін не істеу керектігін біле бермейді. Осы себептерден өрт кезінде көп жағдайларда төсек астына, шкаф ішіне, көрпе астына немесе бөлмедегі қуыстарға тығылып, өрттен қашады. Есік ашық болса да шығуға тырыспайды. Оларды қою түтін жайлаған бөлмелерден табу өрт сөндірушілерге қиындыққа соғып жатады.

Ауданымызда балаларға оттан абай болуды үйрету жұмыстары жүргізілуде. Мектептерде, балабақшаларда өрт қауіпсіздігі шараларын оқыту жетілдендірілуде, бұқаралық ақпарат құралдары қамтылуда. Атап айтсақ, Ақсу ауданында балалармен өрт қауіпсіздігі бойынша сабақтар өткізіліп тұрады, балалардың отпен ойнауын және өрт кезінде балалардың қаза болуын болдырмау үшін.

Соған қарамастан, бұл алдағы балалардың кінәсінен болған өрт санын кеміту үшін атқарылатын жұмыстардың бір бөлігі. Әрбір ересек адам олар үшін жауапты екенін естен шығармауы ең маңызды мәселе. Естеріңізде болсын, балалардың отпен ойнауына қарсы күрес, өртке қарсы күрес қана емес, ол ең алдымен балалырымыздың бақытты да, шаттыққа толы өмірі үшін күрес.

Құрметті ата-аналар, ЕСТЕ САҚТАҢЫЗДАР, баланың өмірі СІЗДЕРДІҢ қолдарыңызда және ол БАҒАЛАНБАЙДЫ!

ГАЗДЫ ТҰРМЫСТА ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК

Абонент пәтер ішіндегі газ жабдығының тиісті техникалық жағдайын қамтамасыз етуге міндетті.

Құрметті газ тұтынушылар! Өз денсаулығыңыз бен жақындарыңыздың қауіпсіздігі туралы ойлаңыздар – газ жабдығына уақытылы қызмет көрсету мен жөндеуді қамтамасыз етіңіздер!

Газды тұрмыста қолданатын халық міндетті:
- Газ аспаптарының, түтіндіктер мен желдеткіштердің қалыпты жұмыс істеуіне бақылау жасауға, түтіндікке газ жану өнімдерін бұратын газ аспаптарын қосқанға дейін және жұмыс істеуі кезінде түтін тартылуын тексеруге. Түтіндіктің «қалтасын» мерзімді тазалап отыруға.
- Газды пайдаланып болған соң, газ аспаптарында және олардың алдындағы крандарды жабуға.
- Газ жабдығы жарамсыз болғанда «Горгаз-сервис» ЖШС кәсіпорнының қызметкерлерін шақыртуға.
- Пәтер ішінде газ иісі пайда болған кезде газ аспаптарын қолдануды дереу тоқтатуға, аспаптарға жалғанған және аспаптардағы крандарды жабуға, үй-жайды желдету үшін терезелер мен желкөздерді ашуға, 104 телефоны бойынша апаттық қызметті шақыртуға (газдалған үй-жайдан тыс). От жақпауға, темекі тартпауға, электр жарығы мен электр құралдарды қоспауға және қосулы болса, сөндірмеуге, электр қоңырауларды пайдаланбауға.
- Газ құбырлары мен газ жабдықтарын тексеру және жөндеу үшін тәуліктің кез-келген уақытында пәтерге газ шаруашылығы кәсіпорнының қызметкерлерін олар қызметтік куәліктерін көрсеткенде кіргізуге.

Халыққа тиым салынады:

Үйлерді (пәтерлер, бау-бақшадағы шағын үйді) газдандыруды өз бетінше жүргізуге, газ аспаптарының, баллон мен бекіту арматураларының орнын ауыстыруға, алмастыруға және жөндеуге Кез-келген газ жүйесін құрастыру тек мамандандырылған ұйыммен жүргізілуі тиіс.
- Сәйкесінше ұйымдардың келісімінсіз, газ аспаптары орнатылған орынжайды қайта жоспарлауды жүзеге асыруға.
- Газ аспаптары орнатылған орынжайларды ұйықтау мен демалу үшін қолдануға.
- Газ шығуын анықтау үшін ашық отты пайдалануға (газ шығуды анықтау сабын эмульсиясымен немесе арнайы аспаппен жүргізіледі).
- Түтін мен желдету жүйелерінің құрылысын өзгертуге.
- Екі қабаттан көп қабаттары бар тұрғын ғимараттарының пәтерлерінде баллондарды орналастыруға тыйым салынады.
- Желдету арналарын бітеп тастауға, түтіндіктерді тазалауға арналған «қалталар» мен люктерді бітеп немесе сылап тастауға.

Газды тұрмыста қолдану Ережелерін бұзған тұлғалар қолданыстағы заңнамаға сәйкес әкімшілік және қылмыстық жауаптылыққа тартылады.

Азамат ҚАДЫРМОЛДАНОВ,
Ақсу ауданының төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері,
азаматтық қорғау лейтенанты.

ПАРАҚОРЛЫҚ – әлеуметтік дерт

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы субъектілер қызметін реттейтін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асыратын ішкі үйлесімді нормативтік-құқықтық актілер жүйесінен тұрады. Бірінші деңгейде: бүкіләлемдік стандарттарды анықтайтын халықаралық актілер - БҰҰ-ң сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясы, БҰҰ-ң сыбайлас жемқорлыққа және парақорлыққа қарсы күрес туралы декларациясы, сыбайлас жемқорлық үшін азаматтық - құқықтық жауапкершілік туралы Европалық Кеңес Конвенциясы. Екінші деңгейде: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы ұлттық заңнама қатарын ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасы, «ҚР Мемлекеттік қызметі туралы» Заңы, Қылмыстық Кодекс, ҚР ӘҚБтК құрайды.

Парақорлық – мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді. Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күресу мемлекеттік саясаттағы негізгі басымдықтың бірі екенін атап өткен болатын. Оның пікірінше, заң үстемдігін орнатып, нағыз құқықтық мемлекет құру үшін, ең алдымен, жемқорлықтың тамырына балта шабу керек.

Заң талаптарын мүлтіксіз орындау- сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың басты шарты. Бақылаудағы нысандарды тексеру халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында талаптарға сәйкестігіне тексерулер жүргізу кестесіне сәйкес және жоспардан тыс жүргізіледі. Биыл жыл басынан барлығы жеке және лауазымды тұлғаларға 40 әкімшілік іс қозғалып, 4 799 600 теңге көлемінде 40 айыппұл салынды. Айыппұлдар 100% өндірілді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты-қоғамда сыбайлас жемқорлықты жою болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатына қол жеткізу - қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбестік ахуалын қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарларын жою, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өзара іс-қимылын нығайту, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық ынтымақтастықты дамыту, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру міндеттерін шешу арқылы іске асырылады.

Мемлекетте жемқорлықтың белең алуы көлеңкелі экономиканың пайда болып, экономикалық өсу қарқынының тежелуіне алып келеді. Жемқорлыққа бару ең алдымен адами фактор, яғни, әр азаматтың таным-түсінігіне, рухани кемелділігі мен ой-өрісі, сана-сезіміне тікелей байланысты болғандықтан, ауқымы жылдан - жылға ұлғайып, қоғаммен бірге өркендеп, етек жайып, етене сіңісіп келе жатқан бұл дерттің тереңнен құлаш жаюына жол бермеуіміз керек және одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдануымыз қажет.

А.ЕЛУБАЕВА,
аудандық санитариялық - эпидемиологиялық бақылау басқармасының заңгері.

ЖЕМҚОРЛЫҚ – қоғамның дамуына тежеу

Жемқорлық - мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі болып отыр. Оған осы бастан тоқтау қоймаса мемлекетте тұрақты өсіп-өркендеу болмайды. Сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықтық түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор. Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі таралмауы үшін оған бөгет болудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде түбегейлі қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы және адамгершілік міндеті деп білу керек. Біз қазір жаңаша өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де баршылық. Ал, шешімі күрделі әлеуметтік мәселелер де бар. Қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол - сыбайлас жемқорлық.

Елімізде осы мәселеге байланысты арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан түрлі жұмыстар да баршылық, дегенмен бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ. Ендеше, жас буынға жемқорлықтың теріс салдары туралы ақпаратты дұрыс жеткізу-олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің қалыптасуына, өз құқықтары мен міндеттерін терең ұғынып жете түсінуіне және орындауына көмектесудің алғы шарттарының бірі болып саналады.

Қоғаммен бірге өркендеп, етек жайып, етене сіңісіп келе жатқан бұл кеселдің тереңнен құлаш жаймауына өз үлесімізді қосу және оған тосқауыл болу - біздің басты міндетіміз.

Д.ҚАЛИБЕКОВ,
Ақсу ауданаралық әділет басқармасы басшысының м.а.

ПАРАҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС – азаматтық борышымыз

Жемқорлық біраз жылдан бері ұлттық қауіпсіздікке қауіп қатер төндіріп тұрған негізгі мәселелердің біріне айналуда. Осы жағымсыз әрекеттердің салдарынан елді дамыту, оны бәсекеге қабылетті мемлекеттердің қатарына қосуда қиындықтар туғызуы әбден мүмкін. Жемқорлықтың экономикаға тигізетін әсерінен көлеңкелі экономика ұлғаяды. Бұл өз кезегінде бюджеттің әлсіреуіне әкеледі. Бұдан мемлекет экономиканы басқарудағы қаржы тетіктерінен айырылады және әлеуметтік мәселелер мен басқа да мемлекет дамуы үшін аса қажет шешімдердің орындалуы қиындайды.

Сыбайлас жемқорлықтың елдің экономикалық - әлеуметтік дамуына келтіретін зиянына келетін болсақ, онда оны экономикалық қауіпсіздікке қауіп төндіретін басты қателердің біріне жатқызуға болады.

Жемқорлықтың нәтижесінде мемлекеттің әділ әлеуметтік саясат жүргізу қауқары мен халықтың аз қорғалған тобын қолдау мүмкіндіктері айтарлықтай әлсірейді. Кейбір мүдделі билік органдары өкілдерінің араласуының нәтижесінде түсетін салық қоры азайып, осының салдарынан әлеуметтік қорғау жүйесінің дамуы тежеліп қана қоймай әлеуметтік наразылықтың өсуіне әкеледі, бұл өз кезегінде кей жағдайдың тұрақсыздануы мен ашық қақтығыстарға жеткізеді.

Халықтың басым бөлігі кедейленіп, мүліктік теңсіздік жылдам ұлғаяды. Дамуымызға тежеу болып отырған сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту-әрқайсымыздың азаматтық борышымыз болып табылады.

Мұхтар МҰСАНОВ,
аудандық қазынашылық басқармасының басшысы.

Көпшілік орындарда өзін ұстау әдебі мен мәдениеті

Әдептілік - адам бойындағы жағымды қасиет. Бұл жайында ұлы ғұлама Әбу Насыр Әль-Фараби «Әдептілік - әрбір жеке тұлғаның рухани байлығы, қазынасы» деп бағалаған.

«Әдеп» - қоғамдағы адамдардың мінез-құлқына қойылатын этикалық талаптар. Олай дейтініміз, адамның сөйлеу мәнері, іс-қимылы, жүріс-тұрысы, өзін ұстай білуі оның мәдениетті, әдепті екендігін байқатады. Адамның бойынан әдептілік қасиет көрініп түрса, ол парасатты, адамгершілігі мол екендігін көрсетеді.

Әдептілік - адам бойына үйдегі тәрбиемен, өзін қоршаған ортаның қарым-қатынасымен берілетін қасиет. Ең алдымен әдептілік сәлемнен басталады.

Сәлемдесу - ізеттіліктің белгісі. Ал ізеттіліктен туатын қағидаәдептілік. Көпшілік орынға келгенде сәлеметсіздеме немесе ассалаумағалейкум деп жалпылама сәлемдескен жөн. Құшақтасып, бет сүйісіп сәлемдесу ер азаматтар үшін ерсі қылық. Ер адам алдымен қол созбаса, әйел адам ер кісіге қол беріп сәлемдесу де әдепке жат.

Ізеттілік пен сыпайылық, әдептілік, әдемілік бәрін адам отбасындағы тәрбиеден алады.

Адамның басшысы - ақылы, жетекшісі - талап, қорғаны - сабыр, жолдасы - кәсіп, қорғайтын қорғаушысы - мінез, бәрін тәртіпке реттейтін-әдептілік. Біздің халқымыз әр кезде де, нақыл сөзді «қазынам», өнегені «өрісім» деп таныған.

Көпшілік орында сағыз шайнау, қарқылдап дауыс шығарып күлу, қоқыстарды көрінген жерге тастай салу, жасы үлкендерге, мүмкіндігі шектеулі жандарға, балалы немесе жүкті аналарға орын ұсынбау, мобильді телефонмен дауыстап сөйлесу және тағы басқа қылықтар адамның әдепсіздігін көрсетеді. Кез – келген ортада эмоциясын тежей білу немесе шыдамды болу арқылы әдептілікке қол жеткізуге болады. (Қарсы келген үлкен кісіге жол беріп өткізіп жіберу, өтіп бар жатып тайып кеткен кісіне сүйеу болу, біреудің аяғын басып кетсе сыпайы түрде кешірім сұрау, ал егер өзінің аяғын басып кетсе, ашуға бой алдырмау және т.б.).

Көшеде жүріп-тұрудың өз тәртібі бар. Аяқ киімнің тазалығы, шашының таралғандығы сырт көзге әдептілік айнасы іспетті. Келе жатып танысыңызды кездестіріп қалсаңыз, онымен көшенің қақ ортасында тұра қалып сөйлеспеңіз. Танысын кездестіргенде әйел кісі жымиып танығанын білдіргені дұрыс. Ал ер кісі ұзақтан арсаландап, қолын созып, амандасуға асықпағаны дұрыс. Қазіргі әлемді шарлаған коронавирус пандемиясы кезінде қол алыспай сәлемдесу өзінің ғана емес өзгенің де денсаулығына зиянын тигізбеудің кепілі. Қоғамдық орындарда міндетті түрде бетпердемен жүру аты жаман кеселдің алдын алуға қосқан әрбіріміздің азаматтық үлесіміз.

Ары - бері өтіп жатқан жүргіншілерге кедергі жасамас үшін кездестірген танысыңызбен көшенің бір шетіне шығып, амандық - саулық сұрасқан орынды. Әйел кісі ер азаматтың оң жағында жүреді. Өзгелерге кедергі жасап, жолды жауып, өзгелердің өтуіне мүмкіндік бермей жүру ерсі көрінеді. Бағдаршамнан өтерде міндетті түрде «жасыл көздің» жануын күтіңіз. Көшенің арғы бетіне кез - келген жерден жолды қиып өту өз өміріңіз үшін қауіпті. Жаяу жүргіншілерге арналған жолақты жол (зебра) белдеуінен өткен дұрыс. Гүлзар бақты, көгалды жерді баспауды, көшедегі жарық шамдары сындырмауды, саябақтардағы орындықтарға аяқ киіммен шықпауды, түкірмеуді және т.б. жағымсыз іс-әрекеттерге бармауды отбасында үнемі айтып отыру ұрпақ тәрбиелеп отырған атаананың міндеті.

Қоғамдық көлікке кіргенде мүгедектерді, балаларды, егде адамдарды, әйелдерді алдымен өткізеді. Егер бір есіктен кіріп шығатын болса, әуелі адамдардың шығуына мүмкіндік береді. Қоғамдық көлікте қатты сөйлеудің, тамақ жеудің ыңғайы жоқ. Түшкіргенде және жөтелгенде қол орамалды пайдаланып, ауызыңызды жауып отырыңыз. Вагон ішінде өзінің үсті - басын тәртіпке келтірмейді, тырнағын тазаламайды, құлағы мен тісін шұқыламайды, бет бояу немесе шаш жөндеу де жөнсіз. Газет оқығыңыз келсе, оны бүктеп оқыңыз. Көршінің оқып отырған газетіне, журналына үңілу, жолаушыларға қадала қарау әдепсіздік. Жолаушыларға барлап қарамайды. Қатты күлу де орынсыз. Вагон ішінде үй іші мен қызметтегі істер жайында сөйлеспейді, өзгелердің әңгімесіне құлақ салмайды.

Жұмыстағы мінез - құлық этикасы бұл әріптестер, бәсекелестер арасындағы шынайы және тура қарым-қатынас. Жұмысқа отбасындағы келеңсіздіктер кедергі болмауы тиіс. Қызметтік ортада айтылған ақпараттар мен қызметтік құпия сол айтылған төртбұрыштан тысқа шықпауы қажет. Жұмыс орнында қызметтестермен және бағынысты қызметкерлермен руластыққа, жершілдік пен жікшілдікке бой алдырмастан, олардың жұмыс тәжірибесі мен атқарған қызметіне қарай бағалау орынды. Бағынысты қызметкердің кемшілігін көпшліктің көзінше емес, жеке өзіне айтып, кемшілігін түзеуіне мүмкіндік жасаған орынды.

Мекеме басшысы неғұрлым жас болса, жасамыс қызметкерлер мен әйелдерге сәлем береді. Бөлмеге кіргенде, басшы бірінші амандасады, қызметкерлер орындарынан тұрмай-ақ амандасады. Басшы өз кабинетіне жұмыспен келген әйел қызметкерді тұрып қарсы алмайды. Әңгіме ұзаққа созылар болса, орын ұсынады.

Келушінің қызметкерлерді өз жұмысынан алаңдатпауы үшін есікті қақпай кіргені дұрыс. Басшының кабинетіне алдына хатшы болмаса ғана қағып кіруге болады. Басшы қызметкерлеріне есік қағып кіруді ескерткен болса, бұл ережені сақтаған дұрыс.

Қызметкерімен немесе келушімен сөйлесіп отырған басшы: іске қатысы жоқ қағаздарды ақтарып кетуден; қайта - қайта телефонменен сөйлесуден; саусақтарымен үстелді тықылдатудан аулақ болғаны жөн.

Мемлекеттік қызметшінің әр түрлі кәсіби сұрақтарды шешудегі адалдығы мен әділдігі, қайырымдылығы мен байсалдылығы, әріптестермен өзара қарым қатынаста да, жұмыс барысы немесе жеке мәселемен келген сырт адамдармен қатынаста да маңызды рөл атқарады.

Мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады. Сенімге селкеу түсірмеу әрбір мемлекеттік қызметшінің қызметтік және азаматтық міндеті.

Ерғазы ҚОШАНБЕКОВ,
Жетісу облыстық Қоғамдық кеңесінің төрағасы және Әдеп жөніндегі кеңес мүшесі.

ІЛИЯС - ЖЫР ҚҰЛАГЕРІ



Ілияс Жансүгіров - қазақ әдебиетінің барлық жанрларында қалам тартып, елеулі туындылар берген әмбебап дарын. Әсіресе, ол өзінің аса қуатты суреткерлік талантын поэзия жанрында көрсетіп, күллі қазақ әдебиетінің мақтанышына айналған туындылар берді. Оның шығармалары - қазақ әдебиетін ұдайы көркемдіктің шырқау шыңына бастай беретін мәңгілік үлгі өнеге. Ол өмірдің сырын біліп, айналасын танып қана қойған жоқ, өзгеге де тануға көмектесіп, қазақ халқының санасын оятып, көкірек көзін ашуға да зор үлес қосқан.

Сондықтан да ақын мұрасын аялау, халқымыздың сөз

байлығын жинаудағы оның алатын орнын ғылыми еңбектерде ескеріп отыру- әрбір әдебиетшінің, мәдениетті ұрпақтың азаматтық парызы, ғалымдық борышы болса, оның қазақ тарихында алатын айрықша орнын, атқарған орасан зор еңбектерін білу, дәріптеу әрбір қазақ баласының міндетті.

19 маусым күні Қызылағаш ауылдық модельді кітапхана кітапханашыларының ұйымдастыруымен кітапханамыздың тұрақты оқырмандарымен, қазақ ақыны, драматург, прозик Ілияс Жансүгіровтың 130 жылдық мерейтойына орай "Ілияс - жыр құлагері" атты поэзия кеші өтті.

Шараға аудандық кітапханасының директоры Дүйсекова Эльмира, аудандық кітапханасының орынбасары Сүлейменова Шолпан, Жастар ісі жөніндегі әдіскер-нұсқаушы Қайсар Бағзор, зейнеткер Сапирова Сәуле және де кітапханамыздың тұрақты оқырмандары қатысты.

Шара барысында Ілияс Жансүгіровтің өлеңдерін мәнерлеп оқып, қызықты ойындар ойнатылды. Шара соңында оқырмандар өнерлерін ортаға салды. Шараға 35 оқырман қатысты.

С.ХАСАНОВА,
Қызылағаш ауылдық модельді кітапхана кітапханашысы.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ АТҚАРУ ҚОҒАМ МЕН МЕМЛЕКЕТ ТАРАПЫНАН ЕРЕКШЕ СЕНІМ БІЛДІРУ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ҚЫЗМЕТТІК ӘДЕБІНЕ ЖОҒАРЫ ТАЛАПТАР ҚОЯДЫ.
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРІНІҢ ӘДЕП КОДЕКСІНЕН.

Әдеп Кодексіндегі мемлекеттік қызметшінің талаптары

Бүгінде мемлекеттік қызметшілердің әдебі мен мінез - құлық мәселелеріне үлкен мән беріледі. Мемлекеттік қызметші имиджінің тұтастығы жоғары кәсібилік пен жеке құзыреттердің, моральдық - адамгершілік қасиеттердің және әдептілік мінез-құлықтың көрінуіне негізделген.

«Мемлекеттік қызметшінің әдебі және мінез-құлық нормалары» нұсқаулығында мемлекеттік қызметшілердің жұмыс уақытында және жұмыстан тыс уақытта негізгі мінез-құлық қағидалары қарастырылған, жағдаяттық мысалдар негізінде мемлекеттік қызметшілер үшін қысқаша нұсқау ұсынылған және мемлекеттік қызметшілердің практикасында бейәдеп мінез-құлық фактілерінің ең көп тараған түрлері келтірілген. Бұдан басқа, осы жұмыста мемлекеттік қызметшілердің парасаттылық мәдениетін қалыптастырудың негізгі аспектілері берілген.

Мемлекеттік қызмет қашанда мінсіз болуы тиіс. Себебі, елдің ертеңі соларға байланысты. Бір сөзбен айтқанда, олар билік пен қарапайым халық арасын жалғайтын алтын көпірге айналуы керек.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметшілерге қызметтік әдепті сақтау жөнінде қойылатын негізгі талаптар көзделеді. Бұл ретте, әдептік мінез - құлық шеңбері мемлекеттік қызметшілердің Әдеп Кодексінде бекітіліп, оның сақталуын бақылауды әдеп жөніндегі уәкіл жүзеге асырады.

Мемлекеттік қызметшілердің сырт келбеті олардың қызметтік міндеттерін орындау кезінде мемлекеттік аппараттың беделін нығайтуға ықпал етуге, іскерлікпен, ұстамдылықпен және ұқыптылықпен ерекшеленетін жалпы қабылданған іскерлік талаптарына сай болуға тиіс.

Бекзат ЕРМҰХАНБЕТОВ,
аудан әкімі аппаратының басшысы,
әдеп жөніндегі уәкілі.

ӘКЕШІМ – БӘЙТЕРЕГІМ

«Әке» деген сөзді айтқанда өзіне пана болар, қиындыққа қалдырмас, арманыңа қол созсаң ақ батасын беріп ақ жол тілейтін адамың екенін бала жүрегі сезердей. «Әкең барда орындалар арманың»,- дегендей өмірдегі керегіңді алдымен бір Алла, екінші әкең берері анық.

Ендеше бар баланың бақытына бір Алладан кейінгі панасы «Әкелер» аман болса екен деймін.

Қаракөз ауылдық кітапханасы Әкелер күніне орай көп балалы әке Бабиков Асқар Алтыбайұлымен «Әкешім – бәйтерегім» атты өнеге сағат өткізді. Қазақ «әке – асқар тау, ана – баурайындағы бұлақ, бала – жағасындағы құрақ» деген бірауыз сөзге бүкіл тәрбиенің бастауын сыйғыза білген. Асқар тауының тәрбиесін көріп, асыл қасиеттерін бойына сіңіріп өскен ұрпақ жаман болмайды, – деп сенген. Өмірде әкесін жақсы көрмейтін бала жоқ шығар, өйткені бала үшін әкенің орны бөлек қой. Менің өмірдегі қымбат, ең қымбат адамым ол

- Сіз менің сүйікті әкешім. Сіз менің кішкентайдан ақылшым, қамқоршым болдыңыз. Мен сізден көп тәрбие алдым. Сіздің бақытты аман - сау болуыңызды тілеймін,-деп Алтыбай Кәусар Асқарқызы әкесіне жүрекжарды тілегін айтты.

Оқырмандар әкелеріне арнап өлеңдер шумағын мәнерлеп оқыды,әкесін мерекемен құттықтады.

Б.АБЕЕВА,
Қаракөз ауылдық кітапханасының кітапханашысы, БПҰ мүшесі.

Кітаппен өткен жаз қызық

Жарқын жаз мезгілі – кітапхана жұмысындағы ерекше кезең. Осы кезеңде балалардың бойындағы оқуға деген ниеттерін қолдау өте маңызды болып табылады. Балалар кітапханасы жазда оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалануға бағыттай отырып, кітап оқуға, түрлі бағыттағы іс-шараларға тарту арқылы демалыстарын тиімді қолайлы өткізуге ықпал етеді. Арамызда кітапты көзімен емес, санасымен оқитын, көңіліне тоқитын оқырмандардың көп болғандығын қалаймыз.

Балалардың жыл бойы сабақ барысындағы тоқсан арасындағы берілетін демалыстарға қарағанда жаз айындағы демалыстары ерекше қызықты өтіп естерінде қалады. Өйткені, жаз мезгіліндегі бұл уақыт балалардың негізгі сабақтан, үйреншікті тіршілік қарекетінен босап, өзінің қызығушылығымен айналысуына мүмкіндік береді. Оқырмандардың кітап оқу дағдыларын шыңдай, отырып оқырман мәдениетін қалыптастыру мақсатында «Жарқын жаз кітаппен бірге» атты жоба аясында Қ.Сәтбаев атындағы орта мектеп - гимназиясының жанынан құрылған «Балдәурен» жазғы тынығу лагерінің

І - кезеңінде тәрбиешілік еткен А.Баймұханбетова, Ж.Махмұтова, Д.Тұрдахунова апайлардың атсалысуымен

балалардың қатысуымен әртүрлі мазмұндағы «Бақытты ұрпақ - нұрлы жаз», ойын сағаты, «Табиғат тазалығы кімнен басталады?» атты шаралар арқылы демалыста балаларды кітапқа деген қызығушылықтарын арттыру бағытында іс-шаралар өткізілді. Сондай-ақ, әкелерді құрметтеу және бағалау үшін аталып өтетін мереке күні қарсаңында балалар өлең жолдарын оқып, сұрақтарға жауап берді. Балалар Н.Саматқызы, Н.Тыныбек отбасының тірегі, қамқоршысы, әкелеріне құттықтау тілектерін жеткізді.

Оқу жылы аяқталғаннан кейін балалар көптен күткен демалыстарын жоспарлап отырғаны белгілі. Демалыстың әр күнін пайдалы өткізуге тырысқан жөн. Ала жаздай кітап бетін ашпай кетуге болмайтынын, әсіресе, көркем әдебиет оқуға таптырмайтын уақыт екенін ескерсеңіздер екен.

Жақсы оқушы жазғы демалысқа шықтым екен деп, кітап бетін ашпай жүрген балаларға ерекше көңіл - күй сыйлап, еліміздің ертеңі болар жас ұрпақты жазғы демалыстарын тиімді пайдаланып, рухани азық болар қызықты кітаптарды оқуға шақырамыз! Әлемдегі барша бала бақытты, келешегі жарқын болсын!

Ақсу аудандық балалар кітапханасы «Ақын Сара» атындағы жастар мәдениет үйінде орналасқан. Кітапханаға жиі келіңіздер! Бірге ізденіп, бірге оқиық, бірге еңбек етейік.

Б.ӘБІДХАМИТҚЫЗЫ,
аудандық балалар кітапханасының меңгерушісі.

ҰРПАҚ ҰМЫТПАСЫН ДЕСЕК...

«Atamnyn Amanaty» қоғамдық бірлестігі жастарды рухани-адамгершілік, әскери-патриоттық тәрбиелеуге бағытталған жобаларды жүзеге асыруды жалғастыруда. Биыл бұл шаралар Кеңес Одағының Батыры, Халық Қаһарманының, армия генералы С.Нұрмағамбетовтың 100 жылдығын және Халық Қаһарманы Р.Қошқарбаевтың 100 жылдығын мерекелеу аясында өтуде.

«Қазақстандықтардың Екінші дүниежүзілік соғыс майдандарындағы ерлігі» тақырыбындағы «Батыр баба тарих» викторинасы 2024 жылдың қаңтар-сәуір айлары аралығында өтті. Жарысқа 30 команда қатысты. Зияткерлік ойынның финалына «Көлік және коммуникациялар жоғары колледжі», «Астана халықаралық университетінің» педагогикалық колледжі», З.Г.Мырзағұлова атындағы жоғары «Даналық» медициналық колледжі, «М.Жұмабаев атындағы халықаралық колледж», «Шипагер» медициналық колледжі, «Сервис және туризм колледжі» командалары шықты.

Викторинаның финалы 2024 жылдың 26 сәуірінде өтіп, онда колледж студенттері өз командаларына белсенді қолдау көрсетті. Зияткерлік ойынның жеңімпаздары кубоктармен, құрмет грамоталарымен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

«Atamnyn Amanaty» ұйымының атына мұндай викторинаны өткізу қажеттілігі туралы жастардан да, колледж оқытушыларынан да көптеген оң пікірлер мен ұсыныстар келіп түсті.

Сонымен қатар, 2024 жылдың 22 мамырында Астана қаласындағы Достық үйінде «Аталар аманатына адалмыз» атты дөңгелек үстел өткізілді. Оған аты аңызға айналған батырлардың ұрпақтары – Лира Нұрмағамбетова мен Дәурен Қошқарбаев, белгілі ғалымдар мен Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің өкілдері қатысты.

Орта арнаулы оқу орындары мен «Атамның аманаты» қоғамдық ұйымы арасында жастарды патриоттыққа рухта тәрбиелеу бойынша қол қойылған меморандумға сәйкес, 2022-2024 оқу жылында белсенді қызмет атқарған колледждер Кеңес Одағының Батыры – қазақстандықтардың ерліктері туралы баяндамалар дайындады.

Бұл шара ұрпақ сабақтастығының символына айналып, жастардың бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды нығайта түскеніне сенімдіміз.

Астанадағы Триатлон паркте өткен 5 және 10 шақырымдық жарыс Кеңес Одағының Батыры, Халық Қаһарманы, тұңғыш қорғаныс министрі, армия генералы Сағадат Нұрмағамбетов пен Халық Қақарманы Рахымжан Қошқарбаевтың жүз жылдық мерейтойы аясындағы бір айтулы шара болды.

Жарыс «Atamnyn Amanaty» ҚБ мен Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің ұйытқы болуымен ұйымдастырылды.

Оған Қарулы Күштердің, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің, Ұлттық ұланның мыңға жуық әскери қызметшілері мен төрт жүзден астам кәсіби желаяқтар мен спорт әуесқойлары қатысты.

Марафонға қатысушыларды «Қарулы Күштер ардагерлері» РҚБ төрағасының орынбасары, отставкадағы генерал-майор Марат Нағұманов құттықтады:

– Спорттық шараларды атақты жауынгерлерді еске алу жақсы дәстүрге айналды. Өткен жылы тура осы жерде екі мәрте Кеңес Одағының Батыры, авиация генерал-майоры Талғат Бегелдиновке арналған жарыс өткен еді. Бүгінгі жарыс аты аңызға айналған батырлар Сағадат Нұрмағамбетов пен Рақымжан Қошқарбаевтың жүз жылдығына орай ұйымдастырылып отыр. Осы аламанға қатысу – олардың ғасырлар бойы жасай беретін ерліктеріне деген тағзым мен құрмет.

Сондай-ақ, 2024 жылдың 31 мамырында біздің бірлестігіміз Қазақстан Республикасы Құрлық әскерлерінің Ақмола гарнизонында орналасқан 68655 әскери бөлімінде елордалық студенттерге арналған «Ашық есік күнін» ұйымдастырды. Онда болашақ Отан қорғаушылар сарбаздардың тұрмыс жағдайын өз көздерімен көрді, салтанатты әскери ант қабылдауға куә болып, қару-жарақ пен әскери техника түрлерімен танысты.

Бұл іс-шара жастар арасында әскери қызмет мәртебесін көтеруге, патриоттық сезімдерін дамытуға ықпал етті деп ойлаймыз.

«ATAMNYN AMANATY» ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ.

ОНЛАЙН БАҚЫЛАУ - КАССА МАШИНАСЫ

Ақсу ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 19-бабына сәйкес өз құзыреті шегінде келесіні хабарлайды.

БКМ есепке қою және тіркеуден шешу.

Салық органы бақылау-касса машиналарын есепке қою кезінде, фискалдық деректер операторының мәліметтерін алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде, бақылау-касса машинасының тіркеу нөмірін беруді және тіркеуші органның лауазымды адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында бақылау - касса машинасының тіркеу карточкасын қалыптастыруды жүргізеді.

Бақылау-касса машинасының тіркеу карточкасында көрсетілген мәліметтерді өзгертуді салық төлеуші өзгерістер туындаған кезден бастап бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырады. Салық органы, бақылау-касса машинасының есепке қойылған жері бойынша, фискалдық деректер операторының мәліметтерін алған күннен бастап, бір жұмыс күні ішінде бақылау-касса машинасының тіркеу карточкасын ауыстыруды.

Салық органы деректерді тіркеу және беру функциясы бар бақылау-касса машинасын есептен шығаруды, фискалдық деректер операторының мәліметтерін алған күннен бастап, бір жұмыс күні ішінде жүргізеді. Деректерді тіркеу және беру функциясы бар бақылау-касса машиналарын салық органында есепке қою, тіркеу деректеріне өзгерістер енгізу, есептен шығару фискалдық деректер операторының мәліметтері бойынша жүзеге асырылады

Кассалық аппаратты кім қолдануы керек.

Қазақстан Республикасының аумағында ақшалай есеп айырысулар (қолма-қол ақша және (немесе) төлем карточкаларын пайдалана отырып есеп айырысулар) модельдері мемлекеттік тізілімге енгізілген, деректерді тіркеу және беру функциясы бар бақылау-касса машиналары міндетті түрде қолданыла отырып жүргізіледі.

Жеке тұлғалардың, жеке сот орындаушылар, адвокаттар мен медиаторлардың, уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен нысан бойынша билеттерді бере отырып, қалалық тасымалдау бойынша халыққа қызмет көрсететін қоғамдық көліктердің, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің, қызметі ортақ пайдаланылатын телекоммуникация желілері жоқ жерлердегі салық төлеушілердің, екінші деңгейдегі банктердің, діни бірлестіктер, жалпыға ортақ телекоммуникация желісі жоқ жерлерде жүзеге асырылатын қолма-қол есеп айырысуды қоспағанда, ұлттық пошта операторы, арнаулы мобильді қосымша арқылы жүргізілетін ақшалай есеп айырысуларына онлайн бақылау-касса машинасын қолданылмайды.

Қызметі ортақ пайдаланылатын телекоммуникация желілері жоқ жерлердегі салық төлеушілер ақшалай есеп айырысуларды жүзеге асыру кезінде модельдері мемлекеттік тізілімге енгізілген, деректер беру функциясы жоқ бақылау - касса машиналарын қолданады.

Сауда операциялары немесе қолма-қол ақша арқылы қызметтер көрсету кезінде ақшалай есеп айырысуларды жүзеге асыратын сауда автоматтары мен көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу терминалдары деректерді тіркеу және беру функциясы бар бақылау-касса машиналарымен жарақтандыруға жатады.

Фискалдық түбіртек қандай мәліметтерді қамтуы керек.

Бақылау - касса машинасының чегі салық төлеушінің атауын, салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірін, бақылау-касса машинасының зауыттық нөмірін, бақылау-касса машинасының салық органындағы тіркеу нөмірін, чектің реттік нөмірін, тауарларды сатып алу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету жасалған күн мен уақытты, тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің бағасын және сатып алу сомасын, фискалдық белгіні, деректерді тіркеу және беру функциясы бар бақылау-касса машиналарының бақылау чегінің төлнұсқалығын тексеру үшін фискалдық деректер операторының атауын және фискалдық деректер операторы интернет-ресурсының деректемелерін қамтуға тиіс.

Валюта айырбастау, металл сынықтарын, шыны ыдысты қабылдау пунктерінде, ломбардтарда қолданылатын бақылау-касса машиналарының чегі сату сомасы және сатып алу сомасы туралы ақпаратты қосымша қамтуға тиіс.

2022 жылдан бастап мемлекеттік тізілімге енгізілген онлайн бақылау-касса машиналарын пайдаланатын салық төлеушілер сатып алушының ЖСН енгізу функциясын қосу арқылы бақылау-касса машиналарын қайта бағдарламалауы қажет.

Деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-касса машинасының чегі тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алушының (клиенттің), алушының талап етуі бойынша сатып алушының (клиенттің), алушының сәйкестендіру нөмірін де қамтуға тиіс.

Осылайша, тауарды сату (қызмет көрсету) кезінде сатушы бақылау-касса машинасының чегін беруге және сатып алушының өтініші бойынша бақылау-касса машинасының чегінде сатып алушының, алушының ЖСН көрсетуге міндетті.

Сатып алушының өтініші бойынша фискалдық түбіртек қазақ тілінде берілуі тиіс.

«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 4-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Мемлекеттік тіл - мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі. Заңның 10-бабына сәйкес, ҚР мемлекеттік органдары жүйесінде, ұйымдарында, меншік нысанына қарамастан, статистикалық есеп, қаржы және техникалық құжаттама жүргізу мемлекеттік тілде және орыс тілінде қамтамасыз етіледі.

Мемлекеттік тізілімге, техникалық талаптарға сәйкес келетін, бақылау-касса машиналары енгізіледі. Яғни, мемлекеттік тілді ауыстыру техникалық талаптармен қарастырылған.

АҚСУ АУДАНЫНЫҢ КІРІСТЕР БАСҚАРМАСЫ.

● МАМАН КЕҢЕСІ

А вирустық гепатиті



А вирустық гепатиті – вирус көзі науқас адам болып табылатын жіті инфекциялық ауру. Гепатиттің қоздырғышы – вирустардың ішек тобына жататын вирус.

Вирус организмге ішек инфекцияларына тән: су, тағамдық және тұрмыстық-қарымқатынас жолдарымен түседі.

Бұл ретте берілу факторлары: лас қолдар, сондай-ақ вирус жұқтырған барлық заттар (азықтүлік, көкөністер, жемістер, жидектер, аскөк) болып табылады.

Жұқтыру шаруашылық - нәжіс ағындарымен ластанған су айдындарында шомылу кезінде болуы мүмкін. Сарғаюсыз, аурудың белгісі аз және субклиникалық нұсқалары бар адамдарда негізгі эпидемиологиялық маңызы бар. Вирус бауырды зақымдайды, вирус бөлшектері асқазан-ішек жолдарының сілемейлі қабығы арқылы сіңіріледі және қан айналымының жалпы жүйесіне түседі.

Вирус сау адамның организміне түскеннен кейін жасырын өтеді, инкубация деп аталатын жасырын кезең А гепатиті кезінде 14 күннен 35 күнге дейін созылады. Содан кейін аурудың белгілері пайда болады: дене қызуы көтеріледі, бас ауырады, тәбет төмендейді, әлсіздік, жүректің айнуы, құсу байқалады. Көптеген ауырған адамдарда катаралдық құбылыс, тамақтың қызаруы байқалады. Зәр қараяды, сыраның түсіне ұқсайды, керісінше нәжіс ағарады.

А гепатитінің вирусы сарғаю пайда болғаннан бұрын науқастың нәжісімен бөліне бастайды, яғни сарғаю кезеңінің алдында пайда болады. Аурудың осы кезеңінде ауырған адамдар айналасындағылар үшін барынша қауіпті болып табылады. Сарғаю кезеңінің пайда болуымен (көздің ағының және тері жабындарының боялуы) вирустың бөлінуі күрт азаяды және жұқтыру күрт төмендейді. Ауырып сауыққаннан кейін тұрақты, өмірлік иммунитет пайда болады. Профилактикалық шараларды сақтау кезінде аурудың алдын алуға болады.

А гепатитінің алдын алу шаралары:

- тамақ ішер алдында, дәретханаға барғаннан кейін, жұмыстан, серуеннен қайтып оралған кезде қолды жуу;
- ашық су айдындарынан қайнамаған суды ішпеу және оныменен жемістер мен көкөністерді жуу;
- ағынды сулар түсуі мүмкін су айдындарында шомылмау;
- адамдар болатын үй-жайларда: үйде, жұмыста, қоғамдық тамақтану объектілерінде, сауда, коммуналдық, өнеркәсіптік үй-жайларда тазалықты сақтау;
- экзотикалық өнімдерді, әсіресе шикі устрицаны, мидия, моллюскаларды тұтынбау.

А вирустық гепатитінің алдын алу үшін арнайы профилактика – вакцинациялау. Вакцинациялауға:

1). екі жастағы балалар;

2). А вирустық гепатиті ошақтарында байланыста болған күннен бастап алғашқы екі аптаны қоса алғанда, он төрт жасқа дейінгі байланыста болған адамдар;

3). 14 жасқа дейінгі балалар, В және С созылмалы вирустық гепатиттерімен ауыратын ремиссия кезеңіндегі адамдар жатады.

Дезинфекция түрлері

Дезинфекция - вирус, саңырауқұлақ немесе бактерия адаммен байланысқа түскенге дейін (теріге немесе тыныс алу жолдары арқылы ағзаға енеді) патогендерді жоюға бағытталған арнайы іс-шаралар кешені (механикалық, физикалық және химиялық қасиеттер). Қарапайым тілмен айтқанда, бұл адамдар үшін патогенді микробтарды жою процесі. Дезинфекция олардың вегетативті және споралық формалары толық жойылғанға дейін жүргізіледі.

Дезинфекцияның негізгі мақсаты - патогендік және шартты патогенді микроорганизмдердің (споралық формаларды қоспағанда) объектілерінде залалсыздандыру арқылы инфекцияның, жұқпалы аурулардың таралуының алдын алу және тіршілік ету үшін қауіпсіз тіршілік ету ортасын құру және қолдау.

Қауіпті аурулардың қоздырғыштары жиналып, таралуға бейім. Микробтарды жою арқылы бұл процеске кедергі жасау - бұл дезинфекцияның міндеттері болып табылады.

Дезинфекция түрлері. Жоғарыда аталған мақсаттарға қол жеткізу бірнеше жолмен жүзеге асырылуы мүмкін: профилактикалық, қорытынды және ошақты дезинфекциялау арқылы.

Профилактикалық дезинфекция деп үй-жайлар ішінде (аурухана палаталарында, мектеп сыныптарында, кәсіпорындар цехтарында, ұйымдар кеңселерінде) инфекциялардың таралуын болдырмауға бағытталған шаралар кешені. Профилактикалық дезинфекция жұқпа көзі болмаған жағдайда жасалады.

Егер инфекцияның эпицентрі анықталса, инфекцияны оқшаулауды және бейтараптандыруды көздейтін ошақты емдеу жүргізіледі.

Патогендік организмдердің жиналуын жойғаннан кейін бөлмеде аурудың қоздырғыштары қалуы мүмкін, олар бөлменің қайта инфекциясын тудыруы мүмкін, сондықтан жол бермеу үшін қорытынды дезинфекция жасалады.

Профилактикалық және қорытынды дезинфекцияны дұрыс жүргізу өте маңызды, өйткені мұндай емдеу түрлері бөлменің бактериялармен ластану ықтималдығын азайтуға мүмкіндік береді.

Өңдеу дәрежелері. Өңдеудің барлық түрлері әртүрлі дәрежеде жүзеге асырылуы мүмкін. Дәрежелерді жіктеу үшін бірнеше деңгейлер енгізілген:

* жоғары - бұл деңгей споралық формаларды қоспағанда, барлық қоздырғыштарды жоюды қамтиды;
* орташа - бұл жағдайда туберкулез бактериялары, сондай-ақ вирустар, саңырауқұлақтар және бактериялардың вегетативті формалары жойылады;
* төмен - бактериялардың негізгі бөлігін, сондай-ақ жеке вирустар мен саңырауқұлақтарды жойылады.

Дезинфекциялау құралдары

Патогендерден емдеу әртүрлі тәсілдермен жүзеге асырылуы мүмкін, бірақ олардың барлығы жалпы талаптарға сай болуы керек:

* қауіпсіздік - құрал адам денсаулығына зиян келтірместен тек микроорганизмдерге әсер етуі керек;
* жоғары тиімділік – микроорганизмдердің жойылуы мүмкіндігінше қысқа мерзімде болуы керек;
* өңделетін беттің материалдарына қатысты инерттілік;
* органикалық және бейорганикалық ластануды жою мүмкіндігі;
* ерітіндідегі өнімнің концентрациясын бақылау және өзгерту мүмкіндігі;
* әр түрлі жағдайларда қолданған кезде жоғары тұрақтылық.

Осы құралдармен бетті өңдеу сапасы көптеген факторларға байланысты:

* өнімнің өңделетін бетке әсер ету ұзақтығы (экспозиция);
* өңделетін беттің тән ерекшеліктері (өңделетін объектінің конструкциясы, дайындау материалдары, ластану дәрежесі және локализациясы);
* бетті алдын ала тазарту деңгейі;
* өңдеуге арналған өнімнің физика-химиялық қасиеттері (концентрация, температура, суда еру және микро, қышқылдық және басқа параметрлерге әсер ету қабілеті);
* микроорганизмдердің дезинфекциялау құралдарына қарсы тұру қабілеті;
* өңделетін бетке дезинфектантарды қолдану тәсілдері (аэрозольді, ірі тамшылы немесе басқалары);
* құралды пайдалану мерзімі.

Арнайы білім мен дағдыларсыз дезинфекциялау үшін затты дұрыс таңдау және қолдану мүмкін емес екені анық.

Дезинфекция, дезинсекция және дератизация қызмет түрін көрсететін жеке және заңды тұлғалар лицензия болған жағдайда ғана осы жұмыстарды жүзеге асыра алады.

Балалар арасында жіті ішек инфекцияларының алдын алу шаралары

Жаз мезгілі қоршаған ортада жіті ішек инфекциялары (ЖІИ) қоздырғыштарын сақтау және көбейту үшін қолайлы уақыт болып саналады, осыған байланысты жаз мезгілі болашақта балалардың денсаулығына ауыр зардаптар әкелуі мүмкін, яғни ЖІИ және тағамнан уланудың көбейуімен сипатталады.

Халықтың санитариялық - эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы қатер тұрғысынан балаларды сауықтыру объектілері, мектепке дейінгі ұйымдар, жабық үлгідегі балалар ұйымдары эпидемиологиялық маңыздылығы жоғары объектілерге жатады.

Балалардың арасында ЖІИ және тағамнан уланудың алдын алу мақсатында балалардың жазғы сауықтыру ұйымдарында, мектепке дейінгі ұйымдарда тамақтануды ұйымдастыру жөніндегі қызметтерді жеткізушілер мыналарды қамтамасыз етуі тиіс:

- тамақ өнімдерін және азық- түлік шикізатын қабылдауды жүзеге асыру кезінде сапасын растайтын құжаттар болуы тиіс;
- тағамдарды сақтау ережелерін және тез бұзылатын өнімдердің жарамдылық мерзімін қадағалау;
- өнімді толық пайдаланғанға дейін өнімнің осы түрінің жарамдылық мерзімін көрсете отырып, әрбір ыдыс орнының таңбалау белгісін сақтау;
- шикі және дайын өнімдерді бөлек өңдеуді, сақтауды бақылау;
- технологиялық картаға сәйкес дайын тағамдарға аспаздық өңдеуді жүргізу;
- жеке және өндірістік гигиена ережелерін сақтау;
- қоғамдық тамақтану қызметкерлерінің медициналық тексеруден уақтылы және толық өтуі, жұмысқа рұқсат қағазының болуы.

Ата-аналар өздері және балаларға ЖІИ қорғану үшін қарапайым ережелерді есте сақтауы қажет:

- су мен сүтті тек қайнаған түрінде ішу,
- көкөністер мен жемістерді ыстық сумен жуу,
- тамақ өнімдерін шыбындардан қорғау,
- азық-түлік сақтау ережелері мен мерзімдерін сақтау,
- тамақтанар алдында қолды міндетті түрде жуу,
- тырнақты тістемеу.

Аурудың алдан алудағы ең жақсы әрі қарапайым тәсіл - ол баланы үйрету, тәрбиелеу, дағдыландыру. Жоғарыда аталған қарапайым ережелерді сақтау Сіздің және балаларыңыздың денсаулығын сақтауға көмектеседі!

Б.ТЕМІРХАНОВ,
аудандық СЭББ басшысы.

Арнайы мерекелік бет

Журналистпін - жалпы жұрттың досымын,
Қадірлеймін құдіретін осының.
Тұрсынзада ЕСІМЖАНОВ.

МЕН ЖУРНАЛИСТПІН!

Мен Журналистпін!
Бұл менің төл мерекем.
Мен әрқашан халық деп,
ел деп өтем.
Өлеңімді өмірге
өрнек етем,
Жазғаныммен биіктеп,
өрлеп өтем.
Өйткені, мен халықтың
баласымын,
Алла маған қаламды
берген екен.

Мен жазушымын!
Бұл менің қуанышым.
Жыр жазамын Отаным,
ұям үшін.
Мен білемін өлеңнің
бұла күшін,
Сен өнердің ең биік
шынарысың.
Газетім құтты болсын
төл мерекең,
Ақпараттың ең жақсы
құралысың.

Мен тілшімін!
Жақсылық жаршысымын.
Жамандықтың тілгілер
қамшысымын.
Ақсудай арынды өзен
тамшысымын,
Ілияс, Саралардың
сарқытымын.
Жақсылардың көтерем
абыройын,
Жамандардың көтерем
қан қысымын.

Мен ақынмын!
Ойда жоқ басқа сезім.
Әйтпесе мен арындап
ақпас едім.
Өмірден өз орнымды
таппас едім,
Еліме арқау болсын
қасқа сөзім.
Мереке құтты болсын
әріптестер,
Мерекең құтты болсын
Баспасөзім.

Ербол СЫМХАНОВ.
жауапты хатшы,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі, ақын.

ШЕШЕМНІҢ ҚАРА ҚАЗАНЫ

Шешемнің қара қазаны,
Ырысы құты баяғы.
Пісірген қара қазанға,
Болатын дәмді тамағы.

Қазаны оттан түспейтін,
Қазансыз тамақ піспейтін.
Ол шақтың балалары да,
Донер жеп, Роллтон
ішпейтін!

Шешеміз біздің ақжарқын,
Ошақта оты лаулайтын.
Газ жағып газбен
тамақты,
Пісіру деген болмайтын!

Пісірген отқа тамақтың,
Дәмі де тәтті болатын!
Тойған соң қара қазаннан,
Ішіңе ел - жұрт қонатын!

Атқарған талай қонақты,
Қадірлейік қазан - ошақты.
Болмасын жұртта
қалғандай,
Қазанның құны қомақты!

Естелік емес жай ғана,
Түсетін от, су, майғада,
Бас қоса қалса бауырлар,
Жарап тұр әлі пайдаға!

Кеше де, бүгін, ай ары,
Қонаққа төрім жоғары.
Шешемнің қара қазаны,
Әулеттің құты баяғы!

Қасиетті қара қазанның,
Ырысы - құты шынайы.
Жыйылып туған ошаққа,
Бауырлар жүрейік ұдайы!

Ашылмас басқа жерлерде,
Әңгіме - сырлар шынайы!
Бата қып құран оқытып,
Беріп тұрайық Құдайы!

Жүргенде көшіп асығып,
Қалса да бәрі шашылып!
Жоғалтсам қара қазанды,
Болмас ед маған,
жақсылық!

Дәм татқан қара қазаннан,
Ағайын, көрші, сан адам
Қалдырған бізге мұра қып,
Айналдым қайран Анамнан!

Қазанды қосып өлеңге,
Тарихы жатқан тереңде!
Пісіріп сірне берейін,
Бауырларым үйге келгенде!

Б.БОЛАТХАНҰЛЫ.

БАСПАСӨЗІМ СЫРЛАСЫМ

Ақсу ауданы баспасөзінің қара шаңырағы "Ақсу өңірі" газетіне - 90 жыл! І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің профессоры Тұрсын Сыдықов «Баспасөз – оның ішінде поэзия – адамның рухани тәні» деген терең мағыналы, көркемдігі келіскен өлеңдерімен, мазмұнды да әсерлі мақала, шығармаларымен аудан тұрғындарын өзіне тарта білген, жаңалықты жария етіп, аудан халқына демеу болған газетіміздің шыққан биіктігі ерекше.

Арынды Ақсу суындай нәрлі, жаралы жүрекке дәру, мұңлық көңілге ұшқын тастап, ер көңілге қажырлы қайрат бітірген, қара судан шырын ағызып, сары майдан қылшық айырған, қара сөзге жойқын күш дарытқан дуалы жырымен, еңбегімен ел есінде ақсұңқар құстай түлеген қалпында сақталатын талай басшы, тілшілер бар. Олардың қайсысы болса да баспасөзіміздің мазмұнды да мәнді, оқырманның сүйіспеншілігіне бөленуіне еңбек етті, етіп те жүр.

Қазақстан Журналистер одағы мүшелері Тілеухан Есеболатов, (марқұм) Хасен Көптілеуов, Дүйсен Мұқаметшарұлы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшелігіне өткен Берлібек Аманбаевтардың еңбегі ерекше. Бүгінгі жастарға үлгі.

Қазіргі таңдағы газеттің қызметкерлері директор – бас редакторы Қасымбекова Ләззат Қалмұхамбетқызына, жауапты хатшы Ербол Сымхановқа, тілші - бағдарламашы Жанар Аубакироваға, есепші Гүлжазира Ермұратқызына, көлік жүргізушісі Бауыржан Арғынұлына айтар алғысымыз шексіз.

Ылайым жанұялық өмірлері мағыналы, ғұмырлары ұзақ, еңбектерінің жемісін көрсін дей отырып, жылдар бойғы сырласым, досым "Ақсу өңірі" газетіне арнауымды ұсынып отырмын.

Арынды өзен Ақсуым сарқыраған,
Жұлдызы аспанымда жарқыраған.
Халқымның ең сүйікті басылымы,
Екпіні тау суындай арқыраған.
Жансүгіров газетімнің өз мекені,
Қашанда ел мұраты көздегені.
Халқымның қамын ойлап, қалам тербеп,
Кезеді ой мен қырды сөз жетегі.
Газетім жетістікті тізбеледі,
Көл бетін шағаладай жүзген дейді.
Даламды, ауылдарды кезіп жүріп,
Жақсылықты жылт еткен іздеп еді.
Ұрандатқан Бөрібайдай батыры,
Әлемге аян Ілиястай ақыны.
Ақсудан ұшқан білімпаз аққу құсым,
Майгүл Тілеутайқызы мың кісіге татиды.
Біледі ел қызылшалы Ақсу жұртын,
Ту көтерген тілшілер дүркін – дүркін.
Төрт түлікті әрқашан арқау еткен,
Осылайша жалғасқан әрбір күн – түн.
Ақсудың қант зауыты қуанышы,
Жұмылған ел – жұртымның бұла күші.
Жарқырап газетімнің беттерінде,
Жалындап үлгі болып тұрады ісі.
Толғанбасқа әсте тыным бермейді,
Дана болып ойлантады, тербейді.
"Ақсу өңірі" шежіре ғой шертілген,
Оның сөзі, өзі мәңгі өлмейді.
Сырласымсың, досымсың сен газетім,
Жақсылықты жазу менің міндетім.
Жылдан жылға биіктеуде, өрлеуде,
Сенің жақұт, аса жарқын келбетің.
Көп ұлтты елміз. Ажырамас іргеміз,
Еңбекпенен қатарласып жүргенбіз.
Жаңалықтың жаршысы сен газетім,
Біз Сіздермен әрқашанда біргеміз.
Туған күнің құтты болсын сырласым,
Арнауымды ел – жұртым да тыңдасын.
Хабаршысын жарқыраған жаңаның,
Ұрпақтарым мақтанышпен жырласын.

Закира НҰРЫШҚЫЗЫ,
зейнеткер - ұстаз.

"АҚСУ ӨҢІРІ" ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫМА ЖОЛ АШҚАН

«Ақсу өңірі» газеті – аудан өмірінің тарихи шежіресі. Ел өмірінің, халық тұрмысының жылнамасына айналған басылым бетіне біздің де тырнақалды, қанатқақты балғын дүниелеріміз шығып еді...

Әлі есімде. Бесінші сынып оқушысы едім. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ берген мұғалімім Күнішева Ұлтай Шаймерденқызы мені өзі жетекшілік ететін үйірмеге тартып, әдебиет табалдырығын аттатып еді. Ұмытпасам, бұған дейін бастауыш сыныптың партасында отырған шағымда, дәлірек айтсам, екінші сыныптың көктемінде болса керек, алғашқы өлеңім осы газетке басылып еді. «Менің ауылым» деген. О, шіркін-ай, сол кездегі біздің қуанышымызды көрсеңіз! Газетке өлеңім ғана емес, суретім де шығып еді. Зейнеш әжеме көрші-көлең «балаң газетке шығыпты» десе, «үйге, келіндер!» деп дастархан жайып, қонақ күтті. Ең алғашқы жарияланған сол өлеңнің той жасатқан құдіреті барын енді ғана біліп отырмын ғой...

Ұлтай апайым мені аудандық әдеби оқулар мен мүшәйраларға жиі-жиі қатыстыра бастады. Алтыншы сыныпта, аудандық Мұқағали оқуларына барып, жүлделі II орынды алдым. Қазылар алқасы құрамында белгілі ақын, қарт жорналшы Берлібек Аманбаев атам бар екен. Үзіліс кезінде мұғалімім мені жетектеп алып, ақсақалға таныстырды. Ол кісі батасын берді. «Мөлдір бастаулар» деген жыр жинағын қолтаңбасымен сыйлады. Байқаудан соң, аудандық газеттің редакциясына барып, шығармашылық ұжымға сәлем бердік. Міне, сол күннен бастап мен өзімді аудандық газеттің бір мүшесі сияқты сезіндім. Арасаннан ауданға содан бері нешелеген хат жолдадым. Тағатсыздана, сарыла аудандық газетті күткен күндер қаншама! Аудандық газетке менің өлеңдерім, әңгімелерім, ой-толғауларым шығып еді. 9 сыныпта-ақ «Қоғамдық тілші» атаныппын. Бүгінгі күннің биігінен қарап отырсам, «Ақсу өңірі» газеті – менің қиялыма қанат бітірген, қаламымды ұштаған үлкен әдебиетке барар жолымның табалдырығы болыпты.

Мектеп бітірер жылы республикалық «Ұлан» газеті ұйымдастырған әдеби бәйгенің жеңімпазы атанып, Алматыға бардым. Еліміздің түкпір-түкпірінен өзім қатарлы жас өрендер жиналыпты. Бәріміз де жеңіс тұғырынан көрінген жеңімпаз жас тілшіміз. Әсем шаһардағы атақты КазГУ-ге барып, журналистика факультетін аралап, қызығып едік. Осы қалашықтың студенті болсақ екен деп жүректегі арман-сезімді ояттық. Оқудың мән-жайын анықтаған соң, шығармашылық емтихан қарсаңында ауылдағы мұғалім әпкем Сақыпжамал Тоқтарбайқызы екеуіміз аудан орталығына бардық. Басты мақсат – Дүйсен ағамның батасын алу. Дүйсен ағам деп отырғаным – бүткіл аудан жұрты жақсы білетін қаламы жүрдек, сөзі мығым Дүйсен аға Мұқаметшарұлы еді. Үлкен өмірге жолдама алған баланың бетін қақпай, армандаған оқуына еркін түсуі үшін «кепілдеме хат» жазып, оған әдемілеп, иректетіп әрі созып қолын қойып, батасын берді. «Елдосжан балам, үлкен қаламгер бол!» деп өзінің алтын қаламсабын сыйлады. Бұл қаламды ағама өзінің жақын досы, елімізге белгілі үлкен ғалым жерлесіміз Қалқаман аға Жұмағұлов сыйлаған екен. Егер, осы күні әдебиет я журналистика, ғылым саласында кәдеге жарап жатсақ, осы – Дүйсен ағаның ақ пейілмен жазып берген «кепілдемесінің» пайдасы дер едім. Бас редактор ағамның жазып берген сол титімдей ғана ұсыныс хатында менің болашақ тағдырым өрілген екен. Сол хаттың көшірмесі, аға сыйлаған қалам әлі күнге дейін ыстық бір дүние. Өзімнің жеке архивімдегі құнды жәдігер.

Әдебиет жолында менің тұсауымды кесіп, ең алғашқы жүрекжарды балаң туындыларымды жариялап, жазуға деген құлшынысымды оятқан, әрқашан қолдап, қуаттаған «Ақсу өңірі» газетімнің 90 жылдық мерейтойы құтты болсын! Мерзімді басылым тарихындағы айырықша қолтаңбасы қалған ағалардың сара жолы – біз секілді қолына қалам ұстаған жастарға өнеге, тағылым мектебі.

«Ақсу өңірі» газеті дегенде, көз алдыма сол жаймашуақ балдәуренім елестейді. Журналист ағалардың «Жарайсың!» деген жылы сөзі ойға оралады. Осы газет арқылы Жемісбек Толымбеков, Болатхан Боранбаев (марқұм) Дубек Мұсанов, Серікбек Серпербаев, Мұхаметәлі Қазбанбетов, сынды ағалардың алдын көрдік. Ел тарихы, жер тарихы туралы толғамдарын оқып, қызығып едік. Енді, міне, сол ағалардай біз де ел тарихы туралы жазуға, туған жердің тұлғаларын танытуға қалам тарта бастадық. Бұл бағытта Дүйсен ағаның, Тілеухан Есеболатов пен Берлібек Аманбаевтың үмітті сезімін ұмыту мүмкін емес... Ұрпақтар арасындағы сабақтастықтың алтын діңгегіне айналған тоқсан жылдық жылнаманың ғұмыры ұзақ, оқырманы көп болсын! Ата басылым алдындағы шәкірттік сөзіміз – осы.

Елдос ТОҚТАРБАЙ,
жазушы.

СӨЗ ӨНЕРІН МЕҢГЕРУ – ЖУРНАЛИСТЕР ҮШІН БАСТЫ МІНДЕТ

Қазақ тілінің сөздік құрамындағы сөздердің жұмсалу аясы да әр алуан. Тіл мәдениетіне жетік болу үшін, қазақ тілінің сөз байлығын жақсы білу жеткіліксіз, ол сөздерді жұмсай білу де керек. Сөзді жұмсай білу үшін, олардың мағыналарын, мәндестік ерекшеліктерін, әдеби, әдеби еместік қасиетін, еркін және тұрақты тіркестер құрамына ену мүмкіншіліктерін жақсы білу қажет. Айқын ойдың көріктілеу бояуы да сөз дәлдігімен өлшенеді. Сондықтан да бұлдыр ойдан туған сөзде де алыстағы сағым сияқты бұлыңғыр болады. Ондайдан аулақ болу үшін редакциялау кезінде сөз саптауға баса көңіл аударып, жазылғандарды бірнеше рет түзетіп, әрбір сөйлемді, сөз тіркестерін мұқият өңдеу қажет.

"АҚСУ ӨҢІРІ"
Меншік иесі - ЖШС
"Ақсу өңірі" газеті"
Құрылтайшы, директор -
бас редакторы
ҚАСЫМБЕКОВА
ЛӘЗЗАТ
ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылы 16 қараша айында есепке қойылды. Куәлік №15701-Г

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды. Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Ақсу ауданы,
Жансүгіров ауылы,
Желтоқсан көшесі, №5 "В",
аудандық әкімшілік үйінде

Тапсырыс 488
Осы шығарылымның таралымы 2502

Директор - бас редактор - 2-12-90,
жауапты хатшы - 2-12-90.

Электрондық пошта: aksuoniri@mail.ru
Газеттің ресми сайты aksuoniri.kz

Индекс: 65750
Офсеттік басылым көлемі 2б.т.

Газет Сарқан қаласы, Тәуелсіздік, 108, ЖШС - "Ербол - Али" баспаханасында басылады.